


# Кәкімбек САЛЫҚОВ



СЫРҒАЛЫ  
СОҢЕЖМЕР



M. Lebedev -

Кәкімбек  
САЛЫҚОВ



М. Салықов

“ЖАЛЫН БАСПАСЫ”

АЛМАТЫ

2001

84.5K.23

ББК 84 Каз 7-5

С 18

## Кәкімбек Салыков

С 18      Сырғалы сонеттер: Сонеттер.— Алматы; “Жалын баспасы” 2001 жыл. — 272 бет.

Қазак халқының көрнекті ақыны Кәкімбек Салыковтың «Сырғалы сонеттер» атты бұл жинағында сонеттер мен сонеттен тізілген ғұлтәждері еніп отыр. Поэзияның жүлдізды жанрларының бірі сонет табиғатына терен бойлаған ақынның оқырманға тартар олжасы үлкен. Сонет біздін өзге ақындарымыздың шығармашылығында бұрынды-сонды аздал болса да кездескенмен, ақынның «Сонеттен тізген ғұлтәждері» — қазак поэзиясындағы тұнғыш тумалардың бірі. Жинактың бас-аяғы шымыр, композициялық күрүлымы ұтымды. Орамды оймен астаскан мөлдір сезім мен сұлу сыр жанының ізгілік нұрын сеуіп, тұнық бастаудың зәмзәмін сіміргендей әсер аласын. Ұлттық өлең әлемінің бағы үшін тынға тартқан, намысшыл шабыттан тұған дүниелер оқырман қауымның көніл шоктарын көріктей қызыдырған, жайната түсеген сенімдеміз.

35480

С 4702250202 - 3  
408(05)2001 3 - 2001

ББК 84 Каз 7-5

ISBN 5-610-01518-9 © “Жалын баспасы” К. Салыков

ж. библиотека

ЛУКАНС



## СОНЕТ

Аскарала көргендей тағы шынды,  
Бір жетуге шындағым намысымды.  
Шекспирлер, Дантелей сүйіп өткен,  
Тың сөреге сілтедім шабысымды.

Петрапка күмбезін салып кеткен,  
Күміс сарай сәулеті анық неткен.  
Сонет — сұлу қыз екен Пушкин сүйген,  
Жан сәулесі санама жарық сепкен.

Камоэнстің жазғаны көпке жетіп,  
Оқыған жан тапқанда дертке тетік,  
Сымбатты жыр көкірекке төгеді нұр.

Гүлтәж тіздім калмастай өзгелерден,  
Жүрек жылып жыр туды көз кенелген,  
Казактың да игерген өнері бұл.

1976

## ҚҰЙРЫҚТЫ СОНЕТ

Төгілте берші, ак жанбыр,  
Күн ашық, тал тұс ұрланбай.  
Көктемде жинап сайдан гүл,  
Сәулеме тосып тұрғандай.

Жұлдыздай жанған еріндер,  
Есімде... ұзак түйісті.  
Құмарым қанды менің де,  
Ынтығып ол да сүйісті.

Күн ойнап жанбыр жауғаны,  
Жақсылық бізге ауғаны,  
Еткені тәнірім жалыныш.  
Ақ жанбыр, өрле ұзакқа,  
Мен түстім ғажап тұзакқа  
Басылар ма екен сағыныш.

Асыл нұр, тынба, дем бердін,  
Сүйіссін ұзак жер мен күн,  
Сұлулық шексіз өрілсін.  
Ақ жанбыр, саған табындым,  
Жаяу бер, төгіп ағынды үн,  
Ішінен сәулем көрінсін.

8.02.1978

## **АҚСАҚ СОНЕТ**

Тілімнен шырын кетпеді-ау,  
Тілінді сенін алармын.  
Тілімдеп жүрек өткені-ау,  
Тілдесіп рахат табармын.

Тілазар етпес ақылын,  
Тілегім осы өзіне.  
Тілді тіл табар ақырын,  
Тілдестір көзді көзіне.

Тамаша мезет табармын,  
Талмаурап күйіп-жанармын,  
Түйінім осы сөзіме.

1979

## **ЖАРТЫЛАЙ СОНЕТ**

Осы ауылда жараптадым, тұлетті анам,  
Кәрі, жасы арнады тілек маған.  
Бүгін ауыл кабағын қырау шалса,  
Оқ тигендей жүректен жүдеп калам.

Күш аламын, қайтадан тыңаямын,  
Жылы шырай қозғаймын жыр алаңын,  
Сәл оналса тұрмысы ауылымнын.

1979

## **БАСЫ ЖОҚ СОНЕТ**

Шошынсам көрген түстен де,  
Іздедім жедел керек қып.  
Көзіме көзін түскенде,  
Толқыдым жүрек өрекпіл.

Көбейсе сыйлас мезеттер,  
Қинамас уақыт тез өткен,  
Сол дерлік өмір ғажабын.

Жұзіннен көрсем нұрлы тан,  
Тірліктің мен де ұмытам,  
Қым-куат мың, мың азабын.

1979

## **ҚОС СОНЕТ**

### **1**

Ақын, кенші — жас талап қос кадамы,  
Өзі қалап салды ғой жарыстарға.  
Болдым білем біреудің тоспағаны,  
Тобы бөлек апарды алыстарға.

Биік төрді тәуекел тапса дағы,  
Тағдыр кейде жолыма бүлік салды.  
Бакыт құсы канатын ашса дағы,  
Тасадағы дүшпаным құрық салды.

О, туған жер! Сыр осы есімдегі,  
Сағынып ен үміт наз елендетіп.  
Шын көрінсін тұлпардың көслігені,  
Шенді тастап, өтейін өлендетіп.

Шер шеменді ішіме құйып келдім,  
Өлең, жырды келеді үйіп бергім.

Ауыр дерттен жүргім емделмеген,  
 Арасында кону мен көшулердін.  
 Арал құрғап қаңсыған шөлдерменен,  
 Көп киіктің адаскан көшін көрдім.

Құшағына кірейін кілен жырдын,  
 Қүрен күздің көнілшек аркасында.  
 «Оқ жетпестің» түбіне түнеп жүрмін,  
 «Абылайдың аланының» дәл касында.

Жұпар аяу көкірегім қанып ішті,  
 Сірге құяр жаныма аса қанық.  
 Бала күндей басайын сағынышты,  
 Ак қауданды құшактап жата қалып.

Осы болсын ұлынды сыйлағаның,  
 Берсін аруақ тағдырдың қимағанын.

1994

## ӘН ТУҒАНДА

Әсем әуен оралар шын тілекке,  
Сызылады сұлу саз үлбіреп те.  
Сол бір кезде ес кетіп, елжіретіп,  
Ләzzат құйып тұрады үн жүрекке.

Жадырамас аққудың әнсіз жаны,  
Ән оятып жетпей ме таң шуағы.  
Әуен туса көкейде тоты сайрап,  
Көк тұманнын көніл тез аршылады.

Нұрлы толқын ырғағы сенім беріп,  
Құн бой жазып, кетеді жерім қеніп.  
Ән сәбидей інгалап құшак жайса,  
Жан, жануар тындаиды мейірленіп.

Ән туғаны — өскені гүл көнілге,  
Мен сол үшін келіппін бұл өмірге.

1978

## ПРОФЕССОР МЕН СТУДЕНТ

Жастай ғашық ауылдастын қызынан,  
Профессор тыңдал отыр қызық ән.  
Аумай туған ак дидарын көргенде,  
Карт толқыды суып қалған қызып қан.

Шер тарқады сағыныш бол тығылған,  
Шалда ес жок елтіп көзі жұмылған.  
Қыз тік шырқап «Сырғактыға» салғанда,  
Жетті сәлем өле ғашық ғұмырдан.

Жалын лаулап шарпып өтсе өрт бойды,  
Қатал үстаз студентке «төрт» қойды...  
Әріптерестер у-шу болды елендеп.

— Беу, аксакал, бұздын десе шындыкты,  
Қапаланған қарттан әрен ұн шықты:  
«Шешесінен бір шырқауы төмен», — деп.

/ 1979

## ЖАЙЛАУ ТҮНІ

Маң тыныштық. Сан ойға түсіреді.  
Көп күрсінем. Жұлдыздар түсінеді.  
Айдың бетін шымылдық-бұлт басқанда,  
Койшы күрен тыптырып кісінеді.

Маңырауы отардың тамтырады,  
Көзін жұмды кешкі оттар шамшырағы.  
Анда-санда қояды қасқыр ұлып,  
Бір сарынмен тұнгі өзен сарқырады.

Акку үні үзілмей іңірдегі,  
Бірдеме айтты ғашықтар тіліндегі  
Көзге дыбыс қызық-аяу ілінгені.

Ғарыш-кеме биіктे жарқырады,  
Түйнектелді тірліктің бар сұрағы.  
Сенін ғана хабарың білінбеді.

1975

\* \* \*

Дала қандай! Жазғы нөсер құйғанда,  
Сел тасыды толқып ойдан, қырдан да.  
Құдай берді, тасаттығын ауылым,  
Алды үлесін ансап күткен нұрдан да.

Жылы жаңбыр балалардай тәбелеп,  
Жүгіріп жүр бел, белеске себелеп.  
Шөлі қанды қансып тұрған алқаптын,  
От-найзагай көшкен бұлтты жебелеп.

Алмас қылыш жаркыл какса аспанда,  
Қайырым келді өліге аят, астан да.  
Құйып, құйып тына қалды табигат,  
Кемпіркосак бар жиһазын ашканда.

Жүйрік жаңбыр қырдан асып үлгерді,  
Жер жамылды үлде менен бұлденді.

1977

\* \* \*

Шын сұлулар ақынды дәріптесін,  
Бұдан артық тумайды анық шешім.  
Сәби жандар періште шын сүйеді,  
Жаттағандай жас бала әліппесін.

Ақын аңғал, ақпейіл, жалтармайды,  
Жаз өтсе де әкелмес қантар қайғы.  
Ару үшін ақынның бір керегі  
Қашан құлап тұскенше қартаймайды.

Ақын гүл ғой сұлудан нәр алатын,  
Рахат, шәрбат, шырыннан жаралатын.  
Ақын — қыран кияда жүріп келіп,  
Сүйген жерге кайтадан оралатын.

Оралыппын еліме, оралыппын,  
Сені көріп киядан оналыппын.

1993

## **БІР СҮЮ**

Сүйісден ернім менің кеппейді,  
Ғашық мезет құстай ұшып жет дейді.  
Жер, жаһанның бар қызығы мен білген,  
Бір сүюдін ләззатына жетпейді.

Аппақ беттен алғашқы рет сүймесем,  
Серіктесіп сен қасымда жүрмес ен.  
Өпкен сайын қөктем шағын оралып,  
Қандай ғажап алдында сен гүлдесен.

Сен сүйгенде шырак жанды жүрекке,  
Қанат бітті қиял-ғайып тілекке.  
Бір сүймесен, жетпес едім айқарған,  
Айлы түнде жол ашқан қос білекке.

Дәм, тұз бітіп, таусылғанда көрер күн,  
Бір-ак рет үнсіз сүйіп сөнермін.

*07.07.2000*

*Жаңарқа*

\* \* \*

Мұным менін тенізден терен екен,  
Тұбі қайда, бер жағын өлең етем.  
Қоштасулар титыққа жетіп еді,  
Кездесулер куаныш бере мекен?

Әр жүректің өзінше қайғысы бар,  
Тындай берсөң тынымсыз, жан қысылар.  
Аяқ екеу, кол екеу, жанар екеу,  
Жүрек неге жапанда қалды сынар.

Көзге алыстан көріндің көркемденіп,  
Бір басылмас, құдай-ау, неткен желік.  
Қыс қыраулы алысқа әкетсе де,  
Гүл ұсынар тағы бір көктем келіп.

Жинап жатыр алыстан көлдер құсын,  
Сен де менің жанымды емдермісің.

1977

—

\* \* \*

«Өзін женген өзгені де женеді»—  
Деген сөздің мәні қандай кең еді!  
Көп бейнеттің шаттығы да бар екен,  
Артқан жүгім алғы көште келеді.

Тынық айдын жатыр шалғай өріде,  
Желген киік, жортқан толқын — бәрі де.  
Қос өнердің қос кемелдей әлегін,  
Туған елім салды гой өз өніне.

Пек музаны сағыныштар әперді,  
Шахта жакқа мәрттік мінез әкелді.  
Өлең келсе ақ сүтімен анамның,  
Кен жорығы тірілтіпті әкемді.

Кемел құнде кемерімнен аспаймын,  
Бір іс бітсе, келесісін бастаймын.

1982

## ГҮЛ МҰНЫ

Жакындаپ қалса алыстағы жарық таң,  
Жетеді маған ғарыштағы дыбысы.  
Естілді гүлдің жер бетінде зарықкан,  
Талмаураған жабықкан талма тынысы.

Білесін бе көнілі нeden қаяулы,  
Селк етсем әлде сүйсінгені ме.  
Естілді гүлдің мұңайып қарап аяулы  
Үнілеп, ауыр күрсінгені де.

Қызыға бермей ел ішінде көргенге,  
Септессемші қамықкан жанға шерменде,  
Гүл сырын айтпай үнсіз ғана үксамышы.

Қасынан ақын алабұртып өткенде,  
Шыдай алмай сағыныштан кеткен бе,  
Жанарайнан жарқ етті маржан шық тамшы.

1976

Северо-Казахстанская  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск

## СОНЕТКЕ МАДАҚ

Әр ақынның еркі бар қалай жазса,  
Тіке тартса, созбалап, жанай басса.  
Төлегендей Жібекке өліп, өшсе,  
Әлде Абайдай балқыса қалам қаска.

Қысқа сөз бер нұсқа сөз таза келсін,  
Мұнайтсын да жұбантсын таза жеңсін.  
Мен сонетке құштармын ағайындар,  
Сұлу ырғак жанымда маза берсін.

Шабыт сүймес кез келген қағиданы,  
Осы емес пе әр гүлден нәр жиғаны.  
Сезімге орап бар сырын ашық айтқан,  
Шағын жырда жанымның ак иманы.

Шынымды айтсам, таққаным ізгі тұмар,  
Аз сөйлетер сонеттің тізгіні бар.

1976

## ДОСЫҢА ДОСТЫҚ ПАРЫЗЫН

Болмыстың сыры түсінгенге ерекше,  
Бұлғактайды бүйірған саған бұлт бардай.  
Оқыс сынға салады жонда терекше,  
Дауыл желден сонда сені құткармай.

Дәл осылай қалды ма қолың тимей де,  
Қиналған досың қалайша сені түсінер?  
Аһ ұрып сонда күйзеліп жаңы құймей ме,  
Не демекші бізге еріп жүрген кісілер.

Не бітер дейсің құр тілмен бекер жарылқап,  
Алдамшы жалған амалға заман үйретсе.  
Қуанышта сенсіз де жүрер шарықтап,  
Сүйеп кайтшы, досынды қайғы қүйретсе.

Досың да сені өйтпесе жойып назардан,  
Бір соғып өтпес оралған күнде базардан.

1982

\* \* \*

Өлең туса өмірдің танбасы боп,  
Шаттық пен мұн аралас арнасы көп.  
Сонеттерім менің де мәнгі алауым,  
Жанып тұrap жүректің жалғасы боп.

Жайшылықта көзге оқшау ілінбеймін,  
Өлеңімде маҳабbat гүлін деймін.  
Жүйткіп өткен алдыман жазқиіктін,  
Қос жанары жарқ етсе дірілдеймін.

Кетер сонда кен дала төнкеріліп,  
Қала берер лаулаған өртке кіріп,  
Күндерім көп сыр бермей күрсінетін.

Бар дейсің бе у мен бал мен ішпеген,  
Туса деймін сол жайлы келісті өлең.  
Өзім толқып, өзгелер сүйсінетін.

1980

\* \* \*

Оралғандай жастық шак әлек келді,  
Тентек жүрек құлшынды, тәбеттенді.  
Әже болып қалсан да өлі жассын,  
Таза сактар құпия ғадеттерді.

Ләzzат күткен халімді зая қылмай,  
Ақ тамақты дер едім тая былай.  
Көзі барға жөн сілтер соқырдаймын,  
Сен үялшак көрінсөн баяғыдай.

Себебім жок түсірер сезімге кір,  
Бір ғаламат отты ұшқын көзінде жүр.  
Қызғалдақтай құлпырса нұрын бүгін.

Жұрт көзінше бола алмай салқынырак,  
Құмартуым көрінсе артығырак.  
Жазғырмашы, жазықты сұлұлығын.

1981

\* \* \*

Қар түсіпті ұяға камыстағы,  
Қайтқан құстың дауыл мен жарысты әні.  
Мен де келем ілесіп аккулармен,  
Құдер үзген жұлдыздай алыстағы.

Жан жүрегім ерекше елжірейді,  
Қосылуды мен құштар жел тілейді.  
Не боларын білейін қайдан ғана,  
Қоштасудың әуені желбірейді.

Көл көрінді жарқырап, ғажаптанып,  
Бұзылды өнім айдынға қарап қалып.  
Алай-дүлей толқындар тербетілді,  
Көп күрсініп мен тұрмын қабак талып.

Не десен де, қалқам-ау, келісейін,  
Сағыныштың зардабын мен ішейін.

1977

## КҮЙ ӘСЕРІ

Жалғанда жан азығы күй дегенін,  
Ой козғар сүйгенің мен сүймегенін.  
Ішінен қалын орман әрен шығып,  
Жол тапқан жолаушыдай түрленемін.

Ұмтылmas күз-кияға күйшіге еріп,  
Жанымды мұнайтады сыршыл желік.  
Бір тындал «Сылқылдағын» Тәттімбеттін,  
Сырымды тістен шықлас білші келіп.

Қызығам төкпе күйлер намысына,  
Шертпе күй мұн байлаған қағысына,  
Әр үннен жусан исі бұркырайды.

Құландар жортып өткен сағым далам,  
Алдымға күй боп келсе ағындаған,  
Құлшынып құлын жүрек шұркырайды.

1978

## ҚОС ЖАНАРЫҢ – ҚОС ЖҰЛДЫЗ

Әрде киік елестеп еркін кетем,  
Шынынменен көрінбей кеттің бе сен.  
Мөлдір сағым, жас қиял, алыс арман,  
Шырт үйқыда көрген тұс секілді екен.

Аспанында махаббат жалғыз жұлдыз,  
Тұнде жайнап тағы да жандың құндіз.  
«Жезкиік» бол жарқ етсен жер бетінде,  
«Бір көрдім»,— деп қуанып қалдым үнсіз.

Киік болсан, қауласын жолына нұр,  
Өз тергенім — жыр гүлі қолымда жүр.  
Құба белден жарқ етіп бір қараған,  
Қос жанарың — қос жұлдыз жолымда жүр.

Кездесерміз сөнбесе құштарлығың,  
Көрсетпесін тағдырым іш тарлығын.

1976

## **ҚҰПИЯ**

Жүргенім көп тосып жолынды,  
Жанашыр жан болып барасын.  
Жүрегім қалыпты колында,  
Аскынтып алмашы жарасын.

Іздеумен шын құштар тұрағын,  
Сен жүрген қияға ұмтылар.  
Тапқандай аңсаған жұмағын,  
Шыр бітіп қайтадан, құлпырар.

Жарылқа, жақыннат, саяна,  
Балапан құсындар аяла,  
Сыйлай біл сүйкімді кезінде.

Желбіреп толқытты сезім-гүл,  
Мен пәкпін, не дейін, өзің біл,  
Көндірді тағдырым төзімге.

1989

## ҚҰРДАСЫМА

Құрдас едік таласар жілікке де,  
Шын сайыстық кейде күш біріксе де.  
Шөп шапқанда сонымда қалып қойсан,  
Шалдар сені деуші еді «шірік-неме».

Қайда қалған сол ғажап іріктеме,  
Таңданбайын наркынды біліп неге.  
Окуға — олақ, шаруға — салак едін,  
Енді доссын әрабқа, тұрікке де.

Сүймеуші едін ауыр жүк арқалауды,  
Заты әйелді құмарттың «калқалауды»  
Оза тарттың, сұлулық жебеді ме?!

Еш өкпен жок қос ғасыр дәуірге үзім,  
Жакты пысық алғаның ауыл қызын,  
Қосағынмен жетіпсін кемеліне.

1981

## ҚОС АҚҚУ

Қарай қалдым ерте оянып танды ашқан,  
Қызығына көлде екі қосактың.  
Ак мойындар ак білектей алмасқан,  
Айдын көлге ажар берді кос акку.

Қанқыл-санқыл бірге канат қағысып,  
Төс тақасты, көз тақасты пәк құстар.  
Тына қалды жылжи алмай табысып,  
Көп сүйісті айдындағы ак құстар.

Су себелеп тату-тәтті сипасқан,  
Салты жақсы адамдарша сыйласқан,  
Жүздерінде рахат, ләzzат шалқу бар.

Көрдім ғажап жас ғашықтар күтімін,  
Түзетумен бір-бірінің бітімін.  
Жарылқады жанымызды аккулар.

*1981*

## **АҢСАТАДЫ**

Сені айтпасам, жыр токтап, құриды әнім,  
Есімдесің лебін — от, нұрын — жалын.  
Сағындырып кетеді осы күнде,  
Ынтық көзбен бір қарап жыミғанын.

Сенсіз жерде алшактап атар таным,  
Саарқаны құмістеп жатар сағым.  
Аңсатады талай жыл көрмесем де,  
Бала күнде талмаурап тақалғаның.

Жүргімді талқандап ойран қылмақ,  
Жан көрмедім өзіндей болған қымбат,  
Кездеспеді бір сұлу сен есімді.

Көрдім бірақ, өзіннен аумайтұғын,  
Құмар етіп ерекше баурайтұғын,  
Жаны нәзік ғажайып елесінді.

1993

## **САҒЫНЫШПЫН**

Сызы кеткен сияқты мұз-көнілдін,  
Жұзін жайнап түсімде жұз көріндін.  
Байқап қалдым алдыман жарқ ететін,  
Белгілерін баяғы іздеріннін.

Құстар әні түрленіп бара жатыр,  
Егін орып, құзденіп дала жатыр.  
Өзінді ансан ізденіп, үнсіз жүрмін,  
Шын сағынсан, бір көріп кара да түр.

Еріп келші сәулелі таң нұрымен,  
Дүбіріннен жезкий мәңгіріп ем.  
Кос жанарың жаудырап бір өтпесен,  
Қала берем бұйырған тағдырыммен.

Күндерім жоқ ат басын бүрмай қалған,  
Сағынышпын жер, көкке сыймай қалған.

1994

## **БІР КӨРУДІҢ ҚЫЗЫҒЫ**

Тым ұзактау жат елді араладым,  
Бөтен елде өзгеге қарамадым.  
Сағыныштан жаралған мөлдір екен,  
Жүргімді сені ойлад жараладым.

Қайыспадым сүм заман ағысына,  
Алшак жұру көп тиді намысыма.  
Қанат жайып қалықтап ұшып жеттім,  
Құштар құстай көлдегі камысыма.

Сен дегенде жалықпас бейнеткешпін,  
Әлдекалай айтқан жоқ кел деп те ешкім.  
Басқа адамды, жez киік, өзің дағы,  
Өріс тапқан төріне өрлетпессін.

Мені көріп қызық-ау түсінгенін,  
Ұнап кетті бір катты құрсінгенін.

1994

## АҚЫН САРАФА

Көр болдын бір жаманды «ием» деумен,  
Шымылдық бетке шіркеу күйер кеуден.  
Біржан Сал салған жерден санлау тапты,  
Аткан оқ — айтқан сөзі тиер жерден.

Айтыстың атой салған қамалына,  
Тамаша сүйсінеміз талабына.  
Женіске сен ортақсын Сал бабаммен,  
Женіліс түгел тиді заманына.

Данамен бақ сынасқан дара болдын,  
Қазакка аты әйгілі Сара болдын.  
Ұрпакка жетті өн мен сөзің тегіс.

Сал Біржан қай асауға салмас құрық,  
Көкше мен Жетісуды жалғастырып,  
Актүйғын, жарқ еткенің өзі женіс.

1980

\* \* \*

Қара шашың төгілсе таралынбай,  
Жұзін жанды құштарлық аралындей.  
Қара талға сүйкеніп тұра қалған,  
Жан маздаттың Марқакөл маралындай.

Мың сикырың женгендей бүгін мені,  
Алған демін жүректі тілімдеді.  
Қарашибың қап-қара қалшылдады,  
Мұнын айтып махабbat тіліндегі.

Азайғандай сағыныш қабындаған,  
Сыйға тартты арайлы таңын далам,  
Тағдыр жакты шырағын жақсы үміттің.

Шашың сырғып селк етсем қалт еткенге,  
Есім кетті қос анар жарқ еткенде.  
Дәт шыдамай көзімді тас жұмыппын.

1976

## МУЗАФА

Сүйініш, күйініштің ретін білген,  
Тұлекпіз соғыс жылдар жетілдірген.  
Жан анам әрі кемтар, әрі жалғыз,  
Жаутанқөз бала құнде есім кірген.

Отын, шөп тасуши едік тамам жерден,  
Жаужүрек болдым іске шамам келген.  
Жауказын қекірекке мұн құйылса,  
Сыбырлап бала-шабыт қалам берген.

Өлең-дос өмір сыры өзім көрген,  
Әжемнің әлдиң ғой сөзім терген.  
У мен бал, от пен судын арасында,  
Жыр олжа ашы, тұшы сезім берген.

Қайғы, шер ізі қалса ренімде,  
Мұн толқып жатыр менін жүрегімде.

1976

## **БАЛА КҮНДЕ**

Бала күнде балдырған еркем еді,  
Еркелетті, өзі де еркеледі.  
Тұсініспей кеттік пе кездеспедім,  
Ол айдында шалқыған желкен еді.

Қызың кылғыны ел жеті көмкереді,  
Біреу қате, ал біреу жөн көреді.  
Жөн көрсе де мың мәрте төңкерсе де,  
Пай, пай, шіркін! Жан жетпес көркем еді!

Бұғін андалап келемін кей мінімді,  
Тұсінбеппін кең жалған пейілінді.  
Сағынбауы ол мені мүмкін емес,  
Өзі оқытты ғашықшыл кей ілімді.

Тал шыбықтай перзенті табиғаттың,  
Сен үйретіп құштарлық дәмін таттым.

1976

## АҚАН СЕРІГЕ

### 1

Ақын алғыр қыран тұғырдағы,  
Сүм тағдыр қанша сокса жығылмады.  
Құлагер, Қараторғай, Актоқтының,  
Мұн, назы болды мәнгі ғұмыр бағы.

Кайғыға қалың елді салмас бекер,  
Жүйрікке кай ант атқан жармасты екен?!  
Шан көрсем, әлі күнге дәмеленем,  
Құлагер мәреге озып бармас па екен...

Айтпайды аксақалдар арыз бекер,  
Сыры көп ел жаттаған аныз етер.  
Жарыска Құлагерді коскан күнін.

Жұлдеге алғыс айтса мархабатпен,  
Шешті Ақан жұрт алдында салтанатпен.  
Берілген күн мен құлдың бостандығын.

### 2

Дананың зұлымдықка дүшпандығы,  
Ол — занғар асуларға ұшқандығы.  
Заманға нәлет айтқан сияқтанды,  
Мерт болған Құлагерді құшкан күні.

Кім сезбес әйтеуір бір өлеңінін,  
Ак тірлік, адап тірлік сенетінім.  
Өлімі Құлагердің нұскап берді,  
Залымның ту сыртынан келетінін.

Арманым биік болса жетем деген,  
Саласын Сырымбеттің мекендерген.  
Мың алғыс алсын бізден ата-бабам.

Жасымнан құлшындырса құлагерлік,  
Өзіне еліктірді мұрагерлік.  
Бір сырлы, сегіз қырлы Ақан ағам.

1976

## СӘКЕН МЕН МАҒЖАН

Мағжанды Сәкен аға ардактады,  
Белгілі сол үшін де зар қаққаны.  
Алдыртты Қызылжардан Алматыға,  
Шырмауық біліп халін қармактағы.

«Таба алмай біздің үйді шаршар»,— деді,  
Сәбитке: «Вокзалдан күт, қарсы ал»,— деді.  
Өзі де кыран міnez бауырласын,  
Көкірегі как жарылып ансаулы еді.

Кездесті талдаپ талай белесті де,  
Маздатты ұзак таңға кенесті де,  
Мағжан маза тапты біраз күндер,  
Көксеген жылыштықтың желі есті де.

Аз уақыт Мағжан алка топка тұсті,  
Ақыры екеуі де окка ұшты.

24.03.2001  
Алматы

## ДАҒДАРЫС

Бұлттар өтіп бара жатыр бүктелмей,  
Ақ жанбырдан ауылымға күт келгей.  
Сырымбет түр Ақан Сері секілді,  
Актоқтыны бір көрем деп күткендей.

Естілердей қыздар салған сылқым ән,  
Елге жетіп шырын дәмін жұтынам.  
Сен жоқсын ғой карсы алғандар ішінде,  
Сағыныштан қалай ғана құтылам.

Елендетіп өткен құннің құшағы,  
Еске түсті біз естіген құс әні.  
«Аулым қонған»,— деп шырқағым келгенде,  
Кайран жүрек саған қарай ұшады.

Дел-сал болдым ел шетіне жеттім де,  
Үнсіз қалдым, мен де тау бол кеттім бе?!

1976

## ҚОС АЛМА

Қос алма бір бұтаға жарасымды,  
Өзара білмейді екен таласуды.  
Жел қозғап сылан қакса егіз сұлу,  
Жай таппай тентек жүрек аласұрды.

Момакан, қызыл шырай, дөңгелек жұз,  
Тамаша сипаттауға сөз керексіз.  
Көкірек танып тұр ғой кереметті,  
Болды сөт тік қараяға көз керексіз.

Мән бермей танғы нәзік самалға да,  
Көз салмай алмалы бақ алаңға да,  
Үңілдім қос алмаға шабыттана.

Болды ма Алатауда жолым анық,  
Әкеттім бір алманы қолыма алып.  
Жүрге алақанға салып қана.

1976

## ЖЕР ҚУАТЫ

Достасқаным аскар тау сеніменен,  
Барынды алдым сыйлауға еліме кен.  
Жүргімде ашылса жыр кеніші,  
Үксап тудым күт мекен жеріме мен.

Мінезіме тигізсен ықпалынды,  
Ұлағатты істі сүйесің құптарымды.  
Көкірегімде күмбірлеп аккан өзен,  
Бастау тапты өзіннен күттү ағынды.

Жалын болсам, нұрға нұр жалғағаным,  
Жаңбыр болсам, бұлтыннан аумағаным.  
Бәрі өзіне перзенттік маҳаббатым.

Әлденемін ауылға бір келгенде,  
Айтарым сол өзімсіп сыр тергенге:  
Жер қуаты — тіршілік шапағаты.

1977

\* \* \*

Өз жүргім өз лұпілін санай ма,  
Елендептіп қойды қырда талайға.  
Жалғыз киік жарқырайды алыста,  
Өзің келіп қалармысың манайға.

Сұлу тәні сұңгіп алтын арайға,  
Тоқтай қалды. Сағынышпен қарай ма?  
Көшкен бұлттың көленкесі үркітіп,  
Көз ашқанша шан тастады манайға.

Әлде қалай өрт сезімдер басқарып,  
Мойыл көздер үшқынынан жасқанып.  
Тіл катуға жарамаппын мен дағы.

Ғадет қылып жоктан үрке шошуды,  
Заулап жүріп үйіріне косылды.  
О, жүргегім! Саябыр тап сен дағы.

1977

\* \* \*

Мән-жайымды естір болсан тәуір деп,  
Сай-саланы гүлге орады сәуір кеп.  
Еске түсті жан жайлауы безенген,  
Біздің көктем өткен сәтті дәуірлеп.

Жасыл желек, қозыбүйра көктесін,  
Жер құлпырды күн шапағат төккесін.  
Еділ, Жайық құстары да кездесіп,  
Айтып жатыр арыз, назы, өкпесін.

Тыңдай қалсам бір сезім жок ұқпаган,  
Сыйлас, тату бірін бірі құптаған.  
Асау тағдыр ұмытқандай әлегін.

Көніл бұзғыш мен қайтейін сөз көшін,  
Өзін жөндеп жалғап берші өзгесін.  
Көктемнен де көркемірек жан едін.

1977

\* \* \*

Балалық пен егделік жалғасқандай,  
Жыр оқысан, күн мен тұн алмасқандай.  
Қапаланба. Өзім де сұннамын,  
Ыстық жүрек бір шетін қар басқандай.

Ол мұздаткан бойымды сен жылыттың,  
Бағы ашылар көктемі келді үміттің.  
Ауыл қызын есіме алғанымда,  
Ренжіме. Келмейді елді үмытқым.

Есіме алсам өскен жер ата-анамды,  
Құрбының да қылышы аса мәнді,  
Сол үйреткен көзімді сәнділікке.

Уланбасам бал дәмін ұқпас едім,  
Соны біліп сескенбей мыкта, сенім!—  
Дерт пен дәру кетер бір мәнгілікке.

1977

\* \* \*

Құран сөзін жетті кезек татымдар,  
Ғибрат істі жалғап өтер хақым бар.  
Һay-Ата мен Һay-Ананы жырлаған,  
Пайғамбарлар — осы біздін ақындар.

Кейде аян, кейде еркін желеміз,  
Қайда жүрсек сұлулыққа сенеміз.  
Жер-жаһанның бар ақыны қосылып,  
Махаббаттың мұнын жырладап келеміз.

О, жүрегім! Айтшы саған не керек,  
Қалкушы едік биқтерде тәбелеп.  
Мын-мын қыздан алып қашып қойдың ба,  
Бір кара көз қак қасына шегелеп.

Содан бері өзгеге көз бүрмадым,  
Біздін үйдің Һay-Анасын жырладым.

1977

\* \* \*

Өмір өнделп шашымды күмістеді,  
Солай деуім, япымай, дұрыс па еді?!

Бұғанамыз бекімей соғыс жылдар,  
Болдық ауыл жүлдегер жұмыскері.

Тез көбейсе толқын шаш күмістері,  
Түнілтті деп ойлама тұрмыс мені.  
Жан балқытып шашымнан шықкан шығар  
Жанарымнан тамбаған күміс тегі.

Ата-анамның белгілі жас кеткені,  
Дидарларын аз ғұмыр басқа етпеді.  
Маган көшті егделік әспеттері.

Мұқалды деп жорыма тыныс кеміп,  
Дұрысталдым жұқарып күмістеліп.  
Құрышталдым кірпіктен жас кеткелі.

1977

## ШАБЫТТЫ ШАҚ

Бәйге атындаі дүбірге аласұрған,  
Карт серідей жөн табар сан асудан;  
Жүрек тулас көмекей бұлк етеді,  
Үзім сәуле қылт еткен карасыннан.

Мін тапқандай жәдігер санасынан,  
Ерге тиме ел-жүртқа жаңы ашыған;  
Мен жасқанбай сондайда жыр төгемін,  
Сен өткендей көктемгі қара судан.

Теніз кетсе ежелгі шарасынан,  
Ел айрылса ардақты данасынан,  
Шошып кетем алапат орнайтындар.

Шырт үйқыдан оянып өлеңдетем,  
Жүрт құлағын өп-сәтте елеңдетем,  
Сәт туғанда жазбауға болмайтындар.

1978

## **ЕДІЛГЕ**

Байтақ Еділ, қарсы алсан Ертісімдей,  
Мінезін жок түршігер мен тұсінбей.  
Толқып тұрмын бабалар ізін көріп,  
Жатқан жоқсын айдынға сен тұсірмей.

Сұнгіп кеттім. Құшағын қандай жылы,  
Суда ойнадым сын тағар қалмай міні.  
Ерке толқын шолпыдай сыңғырласа,  
Есіл жакпен сағынған жалғайды үні.

Күркे талды ақбоз үй деп қалдым ба,  
Талай елес жарысып көшті алдымда...  
Жағалауға ұмтылдым төтесімен.

Суда қимыл ұнатсам тезірегін,  
Жұйткіп келе жатқандай сезінемін.  
Ресейдің ен үлкен көшесімен.

*1978*

\* \* \*

Жүзінде нәзік төгілген ғажап сәуле бар,  
Тараған ішкі елжіреген сезімнен.  
Басыма тұскен махаббат деген өуре бар,  
Көзіме тұскен ең алғашкы кезіннен.

Іздеген сөзге сипатын, көркін сыймаған,  
Құмартады құштарлыққа тартады.  
Шапағат шарпып ақ көнілмен сыйлаған,  
Ниеттен таза, қайғы-шерім тарқады.

Жалаудай жүрек шакырып сені желбіреп,  
Зекетің кетсе, құрмалдық болса кен жүрек.  
Алаулап, шалқып албырап сен де жанасын.

Өзгеден көріп өзінді, сөулем, шын артық,  
Күнде айналсам, мың айналсам құмартып,  
Төрімде шықкан күнге айналып баrasын.

1978

\* \* \*

Жүрөгім өлең-өлке астанасы,  
Жок онын туған елден басқа бәсі.  
Атқан тан, батқан күнге бірдей ғашық,  
Өзгертпес құштарлығын жас шамасы.

От сезім тілін ақын алмасың не?  
Ақыл ма? Ол қуат-күш жалғасын де.  
Жалыны жарқыраған өртті жырың,  
Өзіннен бұрын өліп қалмасын де.

Тебірентсе жанға жылы сырың анық,  
Құлшынса оқыған жан нұры жанып,  
Заманның арыз, назын үкты десін.

Ел сүйер болса барлап байқарың мол,  
Шіркін-ай! Не де болса айтарым сол:  
Жазғаны шын жүректен шықты десін.

1978

\* \* \*

Шілде келіп қызарса шие пісіп,  
Нұры жанды мырза құн ие түсіп.  
Шие көзін балдырған елестеді,  
Шок тигендей көкірек күйе түсіп.

Құренітіп құн сәуле бетіндегі,  
Қызық екен жемістін жетілгені.  
Осындауда жүректің шыдатар ма,  
Қыз құнінді еске алып өтінгені.

Құрен жібек көйлегін секілденіп,  
Шұбатылған шие бау шетін көріп,  
Баяғыдай қыздырды құйын-желік.

Айқын піскен бал шырын бір уысын,  
Алаканнан түсірмей журу үшін,  
Жеуге қимай құмарттым сүйгім келіп.

1978

\* \* \*

Эн мен жырым тараса шартарапка,  
Нұрым жанды ақ ниет мархабатқа.  
Тұнғыш рет көрсем де табынамын,  
«Жезкиңті» шырқаған ай қабаққа.

Сен де әншісін, шындықты жасырам ба?  
Шырқамасан, үздігіп бас ұрам ба.  
Қыз күнінді ән салсан қайта көрем,  
Дидарында құштарлық тасығанда.

От сезімнен ұлғайса жан ынтасы,  
Барымтаның табылар қарымтасы.  
«Жезкиңті» өзінше желпіндіріп,  
Сен де алансыз жанынды жарылқашы.

Қонырауын жүректің қозғағаным,  
Бірге айтайын, оралса бозбала күн.

1979

\* \* \*

Шарлағым кеп құлшынсам шартарапты,  
Жырым жалғар елде бар салтанатты.  
Байконырдан шет елдік жігіт үшса,  
Ағасындай санадым әр сағатты.

Өншен дүлдүл, дубірлі жақсы легім,  
Кеніш-жүрек жасымай аштым кенін.  
Ауылымды айтып Айтматов роман жазса,  
Калын қазак білдірдім ақ тілегін.

Кеншілік пен акындық — қос канатым,  
Бой көрсетсе мәреге қосқан атым,  
Менін де бір болады тойым анық.

Солай ұғып маған да дос қарасын,  
Бекер ізден жүргем жоқ сөз сарасын:  
Сурет салам өмірден ойып алып.

1979

## КҮЗ

Аспанды ескі арбасы данғырлаткан,  
Күрен бұлт төнді өлкемде сарғылт тарткан.  
Өлендей тосын келген нөсерлетіп,  
Оятты сай-саланы калғып жатқан.

Бұлт өтті. Күн жарқ етті. Жан байытты.  
Ақ қайың сынын бұзбай сарғайыпты.  
Баурында жидек терген шок карагай,  
Жол тосқан күрбылдардай марқайыпты.

Бетіне шықкан жандай әлегі ішкі,  
Тамаша, шие шоғы әлемішті.  
Біреуін үзіп татсам ернің бе деп,  
Қуаныш шошытқандай зәрем ұшты.

Көк терек нарттай қызыл жапырағы,  
Көз тартып кия белден шакырады.

1979

\* \* \*

Баяуласа жұмыр жер айналысы,  
Күркір ең, көкірек, құмбір қағып.  
Бар ғаламның менімен байланысы,  
Бар екенін, достарым, білдім анық.

Жазғытұрым жайлауда гүл өспесе,  
Жабығар ең, құлазып қамығар ең.  
Жамандық пен жақсылық құреспесе,  
Өмір сұру дегенге жабығар ең.

Құтты жолға құлшынта арман-мұрат,  
Арманым жок біреуден алған сұрап,  
Әндепеймін әлдекім мактау үшін.

Болмаса да қос қөлік осал жүгім,  
Қарсы желде қарқын көп қосар бүтін.  
Жан анамның ақ сүтін актау үшін.

1979

## АРМАНҒА

Немеремнің естілді әйбәт әні,  
Көніл құсын бүлдіршін сыйратады.  
Сәл жыласа, кен дүніне тарылады,  
Сәл жымиса, әлемді жайнатады.

Қолымда өскен құмартып жабағыға,  
Нұр жаусын деп тілеймін қадамына.  
Ол канаттас үмітпен қарағаным,  
Келер ғасыр кең күлаш адамына.

Үміт-жұлдыз көкіректе туғаны үшін,  
Нәрестеге ерекше қуанышым,  
Төрі сәтті көрініп құтты мекен.

Шыр еткенді жыр етіп байқағаным,  
Ел айтқанды еріксіз қайталадым:  
«Өз баланнан немерен ыстық екен».

1980

## **ЖАСҚАНБА**

Ақ бөпенді бейбіт күннің кешінде,  
Әлділей бер кобалжымай еш ұнгे.  
Сен жарқыра жазғы дала көліндей,  
Бала каздай жас немерен төсінде.

Әлем шошып қауіп-катер сыйыстан,  
Мезеттер бар бұлт қабағы құрыскан.  
Құзар шыннан жерге үнілген қырандай,  
Корғап түрмyn сендерді жат дыбыстан.

Қырғын-апат болдырмауға соғысты,  
Жер бетінде ақ тілектер тоғысты.  
Құрық салар қару сермене асқанға.

Мұнсыз тербет бұлдіршінді, жасқанба,  
Тұнгі әуені төтті үйқынды ашқанда,  
Ұмынта бер жүлдышдарға аспанда.

1980

## НЕГІЗГІ ЖҰРТЫМ ДЕП БІЛЕМ

Білемін ескі ел салтын,  
Құптаған бүкіл Алашым:  
Үш жұртым бар ең жақын —  
Өз жұртым, кайным, нағашым.

Төртінші жұртым жасымда,  
Бірге оқыған достарым.  
Бесінші жұртым қасымда,  
Қызметтес білек қосқанын.

Алтыншы асыл жұрт болған  
Аға мен іні құт конған,  
Сыйластар, кимас көп кілен.

Сыры сол сәтті қадамның —  
Бәрін де жақсы адамның  
Негізгі жұртым деп білем.

1980

## ШОҚАНГА

“Дмитрий Ивановичке сәлемімді  
жолдай көріңіз...”

Шоқан Уалихановтың  
А. Н. Бекетовке хатынан.

Кең зерттеді ақырат пен болжалды,  
Ер Едіге, Манастарды колға алды.  
Жер шарына Қашгарияны паш етсе,  
Қазак үшін зор атаққа жол салды.

Сезім қандай шын сыйласкан сөзінде,  
Достоевскиймен дос бол өтті кезінде.  
Ол Семенов-Тян-Шаньскийді танданты,  
Карапайым жәй Семенов кезінде.

Көшпенді елдің Колумбы еді алғашкы,  
Данаалар мен «аққан жұлдыз» жалғасты.  
Тан каларлық ғажабы осы ғажаптын.

Менделеевке болса сәлем жолдаған,  
Жүрек қозғап көрсетіп түр ол маған.  
Тағы да бір дана досын қазактын.

1980

## БӘРІН ДЕ ЖАТТАП ҚАЛҒАН

Қолындағы қарашы жүзіктасқа,  
Қызығарсың амалсыз, қызықласқа.  
Менін бейнем көзіне ілікпесе,  
Көкірегіннен өзімді сыйып таста.

Суға келіп өзенге үнілгенде,  
Ескі таныс бозбала жүзін көр де,  
Мен болмасам толқынды толастаткан,  
— Баяғыда кимастық үзілген де.

Жазда ақ қайың ішінен іздер пенде,  
Шық тамшыдан байқарсың құз келгенде.  
Бала құндер елестер жалаңаяқ,  
Жол шетінде жұптасқан із көргенде.

Таңданбашы жарқ етсем аппақ қардан,  
Жүргің ғой бәрін де жаттаپ қалған.

1980

## САҒЫНЫШТЫҢ ЖАЛАУЫ

Сені көрсем жасымда шолып қырдан,  
Тұғандаймын сол сәтке болып құрбан  
Танғажайып керемет тағдыр деген,  
Бала күнде өзіне жолықтырған.

Жалғыз тұрып кен өлем сарайында,  
Сені көрем батар күн арайында.  
Қызарасың бетінен сүйгенімде,  
Біреу көріп қалардай манайымда.

Еске алумен есімді дұрыстаймын,  
Елеске де шыр бітіп тыныстаймын.  
Басылғаннан сағыныш деп ойлама,  
Ашынғаннан басымды тік ұстаймын.

Сұлу жүзің мені ансан жүдегендей,  
Шыдамаймын Ай көрсем түрегелмей.

1980

## ДОС ҮНІ

Жүргені қарайлап жолында,  
Құштарлық женіпті санасын.  
Жүрегі қалыпты колында,  
Асқынтып алмашы жарасын.

Іздеумен шын құштар тұрағын,  
Сен жүрген кияға ұмтылды.  
Тапқандай іздеген жұмағын,  
Шыр бітіп қайтадан құлпырды.

Жоғалткан бақытың оралса,  
Жарылқа, жакыннат саяна,  
Балапан құсындан аяла.

Жүрегі колынан жоғалса,  
Жазғырма жерді де, көкті де;  
Тірліктің кызығы өтті де.

1980

\* \* \*

Қызық-ау күндіз көрген менің түсім,  
Сезіп жұр тақап қалған елуді ішім.  
Елестеп айналамды орағытты  
Елу жаз, елу көктем, елу қысым.

Ақ шашым құйылғандай акқан нұрдан,  
Құрбаны мезеттер көп шаттандырған.  
Бұрқасын бұла міnez басылған жок,  
Тау кезіп, кен казуға баптандырған.

Болар деп осыменен жыр татымды,  
Сонетке көп коспадым сипатымды  
Елу ғой есік қағып сактандырған.

Кенші-акын егіз ғұмыр кешкендеймін,  
Ешқашан егделіктен сескенбеймін,  
Сактасын жалқаулықтан қакпан құрған.

1981

\* \* \*

Сары қымыз, бал қымыз татқанымыз  
Осы еді ғой бал-шекер аккан уыз.  
Шайқап-шайқап кесемді ойға кетем,  
Еске түсіп уыз жас аксары қыз.

Мандай шыпшып қызық-ау терлегенім,  
Аспанда ма, білмеймін, жерде ме едім.  
Алғанымды азсынып көрмесем де,  
Жок емес кой, дүние-ай, бермегенін.

Шаңыракқа карасам, аспан қандай,  
Күн кеседей, ақша бұлт дастархандай  
Жер мен көкке жанымды жалғады кім?

Албырттығын сүм жүрек байкасын ба,  
Тұскендеймін болмыспен айқасуға  
Шекіздігі-ай... адамнын арманынын.

1981

## ҚАРАГАНДЫҒА

Мың жаса, көмірлі өнір Қарағанды,  
Сүймеймін саған селкос қарағанды.  
От бергіш, қуат бергіш қасиетінмен,  
Әлемге атын ерте дараланды.

Кенші боп бас иетін пірім едін,  
Төрінде өріс тапты жырым менін.  
Жайық пен Евнейдің өлең оқып,  
Өзгеден сезінем ғой бұрын лебін.

Атынды аздау жазсам айыптымын,  
Туады бірақ талай лайыкты күн.  
Тағдырын Тәттімбеттің жыр етердей,  
Дайыным бар болған сон байыптымын.

Бір сұртпей мандай терін жүгірсем көп,  
Талпындым ел сырына үнілсем деп.

1981

## АЗ УАҚЫТ МЕНДІК БОЛ

Билейік, білек соз, жақында!  
Заулайық ырғала тербеліп.  
Көне біл ақынның ырқына,  
Шалқысын аз уақыт менгеріп.

Түйғындай тұтқыл мәрттікпен,  
Тік келдім сынықсып сырттамай.  
Колыннан сүйгізсөн тәртіппен,  
Жат сөзге кимақшы жұрт қалай?!

Ежелден нәзік жан зиятты,  
Сескенбе жазықты сиякты,  
Той күні берілген тендік мол.

Сәт туса тағдырдан тіленген,  
Рұқсат алдым гой иеннен,  
Аз уақыт би билеп мендік бол.

1981

•

## АРДАҚТЫ ШӘЙ

(Гүлбанға)

Үйленді ұлым, түрленді төрім жана,  
Ол мерекем емес кой менің ғана.  
Ауыл көшіп келгендей Мәскеу жаққа,  
Қазақшалап шәй құйды келінбала.

Қою қүрен, хош иіс бабындағы,  
Қаймак құйған үнді шәй ағындағы.  
Бұл өмірді анашым көрмеді-ау деп,  
Көніл шетін ауыр ой сағымдады.

Үнсіз ғана бал сусын сораптадым,  
Қуанышта мұн ізін жолатпадым  
Көбейсін деп кіл таза нұрлы уайым.

Ата-анамның көрмеген қуанышын,  
Өзім көріп ұлғайса жұбанышым.  
Ең ардакты, ең сыйлы болды шайым.

1981

# МАҒЖАН АҒА-ТАБИГАТТЫҢ ТУЛЕГІ

## 1

Ақындар табиғаттың тілі емес пе,  
Ақ ниет ақ сүт берген үні емес пе.  
Карасан Мағжан аға келбетіне,  
«Оқжетпес» ойлы кейпі түседі еске.

Жанартау — оты сөнбес қарқынды адам,  
Ақының кос қанаты қарпымлаған.  
Елім дем лұпілдеді ет — жүрегі,  
Өкініш, ката, назы, сарқылмаған.

Есесін қатал қүннің тағдыр берсін,  
Қайтадан Мағжан атты жанғырды есім.  
Жаралған сағыныштан қос жанары,  
Сан қылыш салады еске тағдыр көшін.

Айтты ғой Мұхтар аға батыл үндеп:  
«Абайдан кейінгі осы ақынын»,— деп.

## 2

Бұлқынған қайда десен бұлан ерлік,  
Бойына жастай сінді құлагерлік.  
Ансары болып өткен Ақан сері,  
Ініге із тастады бұлан ерлік.

Елі үшін шыбын жанын қылды сауға,  
Жазаға қаза пішер қалды дауға.  
Қамыққан һәм жабыққан кездерінде,  
Жүретін келіп қайтып Жалғызтауға.

Қайғысы Қаратудай тербелетін,  
Мұнлы жел, манғаз дала дем беретін.

Көркіне ақын аға жиған екен,  
Туған жер ең ғажайып кереметін.

Жан еді өзі — сұлу, сөзі — биік,  
Атты екен қандай жендет көзі қылп.

### 3

Көркем жыр, көрікті саз мәні сұлу,  
Жарқ етіп өткен жүлдyz сәні сұлу.  
Мағжанның ұлылығы қайда десен,  
Еркіншіл, елін сүйген жаны сұлу.

Басы — құт, аяғы — жұт өтсе жалған,  
Ел үшін текке кетпес шеккен арман.  
Аяттай әр өлеңі болса дағы,  
Саяктай қысым көрді-ау өртте қалған.

Қайтейін бос марапат алақайын,  
Білді ол ауыл шерін, қала жәйін.  
Қараши, мұнлы жанар, ойлы жүзін,  
Каншама көркем,— сонша қарапайым.

Мол еді шапағаты Күннен туған,  
Жан еді «Көк бөрідей» Гүннен туған.

### 4

Секілді табиғаттың балапаны,  
Нұр қүйды пәк жанына дала таңы.  
Есілдін бүйра талы — бүйра шашын,  
Сарарқа самалына таратады.

Ел мұны жатқан ойлы санасында,  
Жанары ұқсар терен кара суға.  
Мәңгі жас қарағайдай көрінеді,  
Көк терек, ак қайындар арасында.

Тым кештеу өлөн, жырын оқығаным,  
Көкіректе өкініштің оты қалың.  
Мағжанды, Сәкендерді білмей өстік,  
Тоғайдай тығып қойған тотыларын.

Білсек те тығып жаттап өлеңдерін,  
Өздері жабық жатты өрендерім.

## 5

Құштарлық құлшындырыған тілі қандай!  
Ашылды жан құпия бірі қалмай.  
У ішсе, бал татса да жасырмайды,  
Аузынан сөз шықпайды иі қанбай.

Шерлі ақын шын ғашық та, жаралы да,  
Сыр шертті көкірегі оуя саналыға.  
Әтіпті қызыл тілді кісендетпей,  
Салса да ажал торы камалына.

Дауылпаз өктем жырға кенеліппін,  
Лебіне ынтық, кайсар кен еріппін.  
Сан жылдар кайықшылап көл кешіппіз,  
Дарияда білмей жөнін кемеліктін.

Ол текті дүниеге сөлем гүлін,  
Есімін білсін, айқын өлем бүгін.

## 6

Тамаша сөз сарасын сүйгендігі,  
Сүйсінтер таза нәркес сыр берді үні.  
Өлең бе? Өуен бе?— деп танданасын,  
Сол шығар ел тынысын білгендігі.

Қу заман ақ сұнқарды қалай жықтын?!  
Қапыда кетті-ау солай талай мықтым.

Тас бауыр, тажал тағдыр мерт кылмаса,  
Шынына жетер еді-ау Абайлыктын.

Беу, дүние! Тындал елдің амалшысын,  
Жақсыны неге көрдін «жаман кісін».  
Халқымның досын жауы атандырып,  
Әкеттің болашактың хабаршысын.

Абайға болса жақын мұрагердей,  
Соккыда жан тапсырды Құлагердей.

## 7

Шын дүлдүл сал табиғат төл баласы.  
Өзгеден жанға батқан көп жарасы.  
Зерделі Мағжан, ойлы, көсем ақын,  
Болардай бүкіл қазак төр ағасы.

Тапканда өлеңінен Түрікшілдік,  
Не сырын о, жарандар, біліп жүрдік?!  
«Жасырмас жақсы тегін»,— демеп пе еді,  
Түбірін көксеу болмас бүлікшілдік.

Заманнын неге көнсін мазағына,  
Кинады кертартпалық азабы да.  
«Ұғамын тәңірі тілін»,— деп талпынса,  
Ансады азат өмір қазағыма.

Көмекті түбірі бір достан күтті,  
Ту етті туған елге бостандыкты.

## 8

Көнбеді ол содыр, зомбы шоқпарына,  
Белсенді қаскөй зұлмат жетті арына.  
Елді ойлап ерттеулі аттан түспей өтті,  
Жол ашып еркіншілік оттарына.

Айқаста келмесе де ақын бабы,  
Апайтөс албырт күйден тартынбады.  
Әмудей айрылса да Аралынан,  
Рухы қалды ұрпакка артындағы.

Қазакты емдеу үшін мақау дерттен,  
Қайтпады кайсар ұлан алған беттен.  
Өнерде Абайлышқа құлаш ұрса,  
Айбаты аумай өтті Махамбеттен.

Бәрі жөн десек жұлдыз, нағыз Айы,  
Мағжан — поэзия Абылайы.

## 9

Текті ақын табиғаттың лағыл әні,  
Айлакер атқыштардың табылды «аны».  
Тағдырдың қазак десе жаны қызған,  
Талантка өш болғаны не қылғаны?!

Жоламас өз молласы, өз айтына,  
Сын артты сырт бергенді азайтуға.  
Шұбар тіл кей жастарды кетті деді,  
«Сергейдің селендері» гөлөйттына.

Көтерер Мағжан сөзі пейілінді,  
Ашады сыршыл кенес зейінінді.  
Қаншама арпалысқа шакырса да,  
Соншама ол сезімтал мейірімді.

Сол еді нағыз ақын өткен күнданап,  
Мезетін махаббаттың тақтан қымбат.

Актангер табиғатка тартпай қоймас,  
Сұлуды көнілі сүйген естен жоймас.  
Қараши, жас қырандай келбетіне,  
Көргендей Көкшетауды көзін тоймас.

Бұлтында Қаркаралы таркамаған,  
Мәдидей мұны қалын арқалаған.  
Толқытпай қоймас ақын қапа, назы,  
Коркыттай кернеп бойын зар камаған.

Баурында туса дағы Жалғызтаудын,  
Ол досы барлық жайлау, бар қыстаудын.  
Жыр етті Памирді де, Альпіні де,  
Көрсөтті койнауын да Манғыстаудын.

Бұл күнде дербес елдің салты оналды,  
Паш етті туған жері Сартомарды.

Сырына қанды Ертіс, Іле, Орал,  
Сүйсінді Еділ, Жайық, Балқаш, Арап.  
Тұранды ұран қылса даналығы,  
Сол еді өлместікке тапкан қамал.

Өзбекті өз ағамыз балаған,  
Тұрғыменді кой коралас дос санаған.  
Қырғыз бен каракалпак — бауырым деп,  
Бәрін де бір жүрекке косқан адам.

Кім берді?— десеніздер арманға сеп,  
Шығандап шығыста бар жалғанды ілек.  
Бірлікке шақырумен бауырларды,  
Оятты дені таза арманды кек.

Пәк мінез даналықты құмартты үні,  
Шығыстың Мағжан-занғар құзарт шыны.

## 12

Табиғат үйреткендей от жағуды,  
Білмедім қызықканнан тоқталуды.  
Аралдың айқасына түсіп кетіп,  
Өзімде кешіп жүрмін от жалынды.

Тындашы сөз айғағын тіл кескенше,  
Не болдық дербес ел боп үндескенше.  
Оралмас шарасына Арал кайтып,  
Қазақ пен Орта Азия бірлескенше.

Осындей бәрі мысал дүниенің,  
Керегі болғаны ғой бір иенін.  
Рухынан Мағжан аға ұялғандай,  
Толассыз толқын ойды ірлемін.

Ол кайсар өткір тілмен тілер еді,  
Аралдың айқасында жүрер еді.

## 13

Табиғат шын сұнкарға майдан Алан,  
Пәк сезім одан артық қайда маған.  
Жырласам Мағжан аға өмір жайын,  
Тогайда бұлбұл қалмас сайрамаған.

Махаббат інкар туын жалғап өтті,  
Сөз балын көз жасымен арнау етті.  
Құштарлық қызыуна сезінемін,  
Ұстарлық алау етіп жанған отты.

Сыр төксе, екі ғашық сыйырласса,  
Кездессе, Ләззат алса, мұнын басса.  
«Сүйші, сүй, тағы да сүй!»— дегеніне,  
Қалайша сүйсінбессін нұрын шашса.

От сезім нәзік қылын шертіп кетті,  
Махаббат ашық сырын екпіндettі.

## 14

Сол еді-ау жаны зекет ғашық көрген,  
Бал татқан таза шәрбат, ашық шерден.  
Абзалы ақындықтың осы деймін,  
Шындықты шырылдатып ашып берген.

Сенбесен аспандағы шақыр Айды,  
Тіршілік тік қозғалар басыбайлы.  
«Сен сұлу бәрінен де»,— деген сөзі,  
Мырс етпес мын ақынды асырайды.

Еліктей жаны мырза, елікпелі,  
Жок оның бір мыскал сәт зеріккені.  
Осындаі періштені оққа ұшырып,  
Сүмдыш кой зар заманның желіккені.

Жырына жүрек жалғап емделемін,  
Тағдыры еске түссе сенделемін.

## 15

Сүйді ол, сүйсе, алансыз тәтті сүйді,  
«Сүйдім»,— деп бебеулетті ашы қүйді.  
Жан зекет туған елді сүйгені үшін,  
Аждаға ажал оғы қатты тиді.

Жат емес өмір сүйгіш сұранышы,  
Ұмытсын оны калай Тұран іші.  
Жалаңаш жанын тосып — кешір — десе,  
Қан жұтты жалғыз ауыз ұраны үшін.

Көшпелі дәуір емес ансағаны,  
Еңселі Мағжан — тілек басқа мәні.  
Көрінді көп арпалыс легінде,  
Казіргі күнге құлаш тастағаны.

Есімі елге талай жол ашады,  
Толғантты оны қазак болашағы.

## 16

Ақындар аскар шынмен таласады,  
Таласу тарлан ерге жарасады.  
Тауымды «жауым» деген нақұрыстар,  
Аладан құла туып адасады.

Сұм тағдыр Мағжанға да кеселденді,  
Кеселдер даулы данқой есерге ерді.  
«Бас алған шаш ал десе» кім тапты екен?  
Шошынбай иықтан бас кесерлерді.

Тебіренсек мұн-наласын біз ұғына,  
Сан алуан тапты тетік сызығына  
Заманның амалында шек болмады-ау,  
Жақсыны жығып берген бұзығына.

Арыстан жазатайым болғанда мерт,  
Алыстан кара жалын көрінді өрт.

Женсе ойын Абылайшыл ойран-елес,  
Ол кызу арпалысқа тойған емес.  
Тілесе туған елдің бостандығын,  
Орыстан безу онда болған емес.

Жатсынып жыр жазған жок жалпылама,  
Жан еді жолы — тайғақ, салты — дана.  
Тұлпардан тұғыр озған заман туып,  
Кисынсыз түсті талай талқыға да.

Ергендей өсек-аян жетегіне,  
Сын арнап кайтем көніл секеміне.  
Тапты ашып Еуропа терезесін,  
Биікке білді жетер төтені де.

Жұлдыздай құндіз акқан өте шыкты,  
Игерген, нағыз ақын Гетелікті.

Барласам саяси сөз тізілімін,  
Көрінер әр белесте ізі бүгін.  
«Базарша дүкен күр»,— деп айтканы бар,  
Назарла қыр казағы қызық үнін.

Жадына бала күннен жабысқан кек,  
Құтті ғой достан тірек, таныстан леп.  
Ту етті Кенесары кеменгерді,  
Паш етті Наурызбайды арыстан деп.

Мерт болса Құлагердей майдан-шұбар,  
Туған ел есіркемей қайдан шыдар.  
Оралса Мағжан аға құшағына,  
Алғысын Алланың да алған шығар.

Ағайын, қасымдағым, алыстағым,  
Оралды торға түскен данышпанын.

## 19

Кеменгегер ардактайды кен даласын,  
Кен дала ұмытпайды ел данасын.  
Алатаяу, Қаратаяулар Мағжан десе,  
Сүйсінер еске алғандай бел баласын.

Өскен жан ерке бұла құрық көрмей,  
Кетті ғой керісkenге ырық бермей.  
Шіркін-ай... катал тағдыр калт етпеді,  
Қазақтың арыстарын қырып бермей.

Өлімі ірі ақынның елге қайғы,  
Ел емес, бүкіл жұмыр жерге қайғы.  
«Мұрттыға» құрттың демей қайран казак,  
Азасын арыстардың желге жайды.

Сағынса ерке Есілдің құба талы,  
Жабырқап Еділ, Жайық жұбатады.

## 20

Танытып сара сөзге ілтипатын,  
Көрсеткен із қалдырыды білгір затын.  
Жараны кеше жауға білдірмесек,  
Мен бүгін түгендеймін нұр сипатын.

Ақ қайың самалынан татқан шырын,  
Көршілес ауылымыз айтсак шынын.  
Жұргенім Мағжан аға арманы екен,  
Ішінде Арал үшін жаншапқынын.

Тұғалы көрдік, білдік біз талайды,  
Серт емес сыр шұбалту нұсқа жайлы.  
Мағжанға еліктеуші толып жатыр,  
Ал Мағжан еш ақынға үқсамайды.

Ел мұны көкірегіне түйген сыры,  
Шын ақын — әділеттің сүйген күлі.

## 21

Бар болса мінезінде тебегендік,  
Сөкпе, дос, дауыл шекпе, сөнеді ерлік.  
Шындық сол: біздің елге келді бұғін,  
Баяғы Мағжан айтқан егемендік.

Төгілтсем айттар назды ойымдағы,  
Білінер жусан сіңген мойыл дәмі.  
Ұранын Мағжан аға ұлағаттау,  
Бір арман дербес елдің тойындағы.

Тым мактап кетті деме әні бірді,  
Мағжанмен поэзия сәні кірді.  
Елім деп еніреп жүріп окка ұшқан,  
Сыйлайық ары бірді, жаны бірді.

Жырында толқып жатқан дәуір назы,  
Мағжан — ақындықтың дауылпазы.

2001

\* \* \*

Көленкесіз күнгей көп жалғар сенім,  
Шанқай түсте төнірек жап-жас едін.  
Бесіндете шығыс жақ карауытты  
Көленкесі ұлғайып әр нәрсенін.

Байтак дала көрінсе ала пүшпак  
Танырқаймын ес білмес балаға ұқсан.  
Жазғы кеште мал қайтқан ауыл шеті,  
Саяның күткен кетеді анама ұқсан.

Құндізгідей ерекше жарқырамай,  
Беттегенде батыска алтын арай  
Қозы, бұзау ел шетін жамыратты.

«Батты»,— десе өлдекім біліп шала,  
Сыр бермеді жарықтық құліп қана,  
Ұзак кеште жарқырап жанып жатты.

1982

## ҚҰРМАНҒАЗЫҒА

Елдін зары тебірентсе төніректі,  
Көкірегінді шыдатпай жегі жепті.  
Кісен ашып тұрмеден қашып шықсан,  
Тіл күрмеулі домбыран енірепті.

Еркін күймен шақырып дауылдарға,  
Сыры терең ой салдың ауылдарға.  
Дүбірінді Күй-ата солай ұқтым,  
Басқа бүйрек жүргегім қабылдар ма?!

Мұхит асып сан елде төр төрлетіп,  
Қазағымның өрісін өркендетіп,  
Күйлердің жүр «Саарқа», «Серперлетіп».

Қай тенеуге тұлғанды тенесек те,  
Бара жатыр дабылың келешекке  
Тыңдаған жан көнілін көркемдетіп.

1981

## **АҚ КИІКТІ КӨРГЕНДЕ**

Заулап үшкыр ай далада ақ киік  
Ақ жалаудай ағындасты тау жакка.  
Зар каккан жоқ жазатайым оқ тиіп,  
Ыңза кернеп бара жатты аулакка.

Батса кімнін күйік салған залалы,  
Ұялғаннан шықпады ашық айқаска,  
Тура тартты болмай басқа амалы,  
Аппақ төсін тосып жалғыз жартаска.

Бұрылмайды жан жарасы асқынып,  
Кетті, кетті кос жанарын тас жұмып  
Бозала шаң қалды артында көшелі.

Аты әйгілі аймақтағы сұлу деп  
Бөтен сөзге еш жазықсыз бұру көп,  
Бакталастар сыйдырмаған деседі.

*1981*

\* \* \*

Әйелдің ел сыйлағыш естірегін,  
Солай деп үлкендерден естіп едім.  
Сұлудың бәрі ақылды демесем де,  
Ақымак деп сөкпедім еш біреуін.

Кездескіш болмасаң да ептірегін,  
Ауылдан астанаға жетті лебін.  
Қыранға оқыс оқтың тигеніндей  
От кызу өнменімнен өтті менін.

Көзіме көрінбестей алыстасын,  
Елеспен жаным қалай жарыспасын  
Бұралқы мұн басқанда сеп тіледім.

Демеспін бос киялмен ғұмыр өтті,  
Кей-кейде бояуы айқын суретті  
Алыстан көру жақсы деп білемін.

1982

\* \* \*

Сымбатсыз сән бола ма алтын сырға,  
Қымбатсын сен әшекей алтынсыз да.  
Жайылса шат құлкіннен жылы сәуле,  
Құлшыныс, каркын бітті каркынсызға.

Сонетім көніл ашса сыр білдіріп,  
Қызық-ау байқағаным бір құлдіріп:  
Жарқылы шашыраған гауһар тастай,  
Майысты гүлжелбезек мұрнын құліп.

Алаулап ақ дидарын манаураса,  
Ақ ниет әсем құлкін танауласа  
Қызак-ау жыр жолына іліккені.

От сезім сыймағандай бір арнаға,  
Құлкіне қарай қалсам құмарланға  
Төгілді жыр нөсері жүректегі.

1982

## АСЫҒЫСПЫН

Шапшандықпен сәтті іске барғаным көп,  
Біткені аз, қол тимей қалғаным көп.  
Асығыссын десен де мен өзінді,  
Беу, бәйбіше, асығыс алғамын жок.

Елден ерте карсы алсам көктемені,  
Егісімді баптаймын көктемелі.  
Жазғы пішен, құзғі орақ тақап қалды,  
Тірлік қыска, тілек көп, сөкпе мені.

Азаматтық жүгім мол күні бойы,  
Қалт еткізбес қалам да түні бойы  
Құрсауына түспе деп қапылыстың.

Бір өлеңді түзетіп үлгерем деп,  
Дамыл бермес көкейде дүрбелен көп  
Мәнгі үйқыдан басқаға асығыспын.

1982

## **ЖЫР БАСТАУЫ**

Көргенімді мен неге көркемдеймін,  
Бәз қалпында суреттеп берсем деймін.  
Жетімдіктің жеті қат сырын біліп,  
Мұн мен шердің ішінде өскендеймін.

Туған елдің кен шалқар даласында,  
Бірдей сүйем баласын, данасын да.  
Жұрт не десін, ал өзім жүргендеймін,  
Ақиқат пен аңыздың арасында.

Киіктеймін судан гүл жүзіп теріп,  
Сынарына бөліскең үзіп беріп,  
Сепшіл жанмын қасымда қарасынға.

Ата-анадан тым ерте жалғыз қалған,  
Тірнек едім, жебеді ғазиз арман,  
Жыр бастауы жанымның жарасында.

1982

\* \* \*

Махаббаттын мендеген өрті шалып,  
Менін де бар айықпас дертім анык.  
Құрманғазы қүйіндей құйындастып,  
Тәттімбетше сырласам шертіп, қағып.

Пәктік деген құлымын емелінің,  
Ғашықты айтып ақ ниет егілемін.  
Сүйдім деген бір сөзге жан садака,  
Одан артық, күдай-ая, не білемін.

Жара салған жаныма баяғыда,  
Дерт айналды шын өмірбаяныма.  
Сонын бәрін мәнерлеп сөзге үйіппін.

Сырым мейлі біреуге алыс мұлде,  
Әлде етжақын ежелден таныс кімге  
Жанарынан оқысын «Жезкиіктің».

04.03.2001

## ПРОМЕТЕЙГЕ

О, адамзат! Прометей де тәнірін,  
Ар-намыстың орындады ол өмірін.  
Адам үшін от үрласа құдайдан,  
Заманның да шекті жаза-зәбірін.

Құшырланды бұғау тілсе білегін,  
Мығым, берік бұзбай өтті ренін.  
Өлімін де женіс туы сезініп,  
Өміріме үран етіп жүремін.

Махамбеттер, Бауыржандар, Мағжандар,  
Өмірлері — ғажап, аныз, дастандар  
Молайтты олар от бергіштер легін.

Белгісіз солдат, шын құрметім көп саған,  
Прометейдің үшқыны ма деп қалам,  
Мөнгі алау боп жанып тұрса жүрегін.

1985

## ҚЫЗЫЛ ТАЛ

Қаладан келген топтың жетегінде,  
Көрсем де көрмеген боп өтемін бе?!

Қызыл тал еркеленіп өсіп тұрсын  
Ак кайын өскен бүйрарат етегінде.

Өзге тал сені алыстан гүл дей ме еken,  
Әлде олар тым қызыл деп күндей ме еken?!

Баурында бау өспеген карагайлар  
Өгей деп өсектей ме білмей бекер.

Ақынның сыры өзгеше ойындағы,  
Жыр козғап бейнен көзден жойылмады,  
Қараймын ан-таң күйім сенер-сенбей.

Табиғат болса сезім жаңалатқан,  
Көріндің өжесімен бара жатқан  
Жуырда тәй-тәй басқан немеремдей.

1982

## СӨКПЕШІ

Ауылым менін — ғарышка үшар аланым,  
Биік төрден жан-жағыма қарадым.  
Алыс жолда таныс болып тамсантып,  
Өзін ғана сөз тартуға жарадын.

Коныр күйлер күнірентіп жүр едім,  
Ескі дерттен ес жинадым, түледім.  
Айтар ма едім ен сұлу қыз алдын деп,  
Балғын нәзік баурамаса гүл өнін.

Жанын бір ғой, ортак бебек, жыр-сауға,  
Өзінді өзің тіл баар ма жырлауға  
Өзіне өзі болар ма адам өкпеші.

Риза болып бірге өткізген ғұмырға,  
Не жазсам да ортак сыр деп үғын да,  
Арнау жырлар аз жазды деп сөкпеші.

1982

## СЫРЫМБЕТ ЕЛЕСТЕРИ

Сұлулықпен жер бетінде табысқан,  
Аңсап келдім кербез тауды алыстан.  
Құрбы-құрдаң қарсы алғандай көрінді,  
Карағайы кайынымен жарыскан.

Жұпарлы жел, алтын арай нұрменен,  
Жан-жүрекке салды тынбас дүрбелен.  
Тауға тақап қалған кездे селк еттім,  
Сен жүгіре шығар ма деп іргеден.

Құбылыс көп жаным құштар не түрлі,  
Сен секілді талдары да қекілді  
Балбырап тұр жас махабbat мекені.

Акқулы көл, тындал әнші бұлакты,  
Сал Сырымбет мың құбылған сияқты,  
Бірде мен боп, бірде сен боп кетеді.

1982

\* \* \*

Зер салсам табиғаттың беленіне,  
Қайыкты кім телісін кемеліге.  
Айқындау көрсетуге ақылдыны,  
Ақымакты бірге ұстайды керегіне.

Үнілсем тамсануға бай кісі боп,  
Түсіндім күрсінерін кай кісі көп:  
Тынымсыз есті адамның жұғі орасан,  
Есердің үйқы бұзар қайғысы жок.

Күйкінің өзіне сай мұддесі де,  
Өмірін арнар үлде, бұлдесіне  
Алдында ансан молдау ас болғанын.

Ой қаулап зиялышың зердесіне,  
Жүрегі тулас жатыр кеудесінде  
Бұзам деп топастықтың тас қорғанын.

1983

## **ЖЕЗҚАЗҒАН**

Үлкен, кіші қарасам шахталарға,  
Жонда жүрген ұқсайды ат-құнанға.  
Алыптарын жемая атан дерсін,  
Кіріп кеткен өркеші көк тұманға.

Мыс балқытқан ініммен үндесіп ем,  
Каркыны нық қарыштап шын көсілген.  
Күннің шеті көрінді сөгілгендей,  
Қып-қызыл мыс жарқ етсе іргесінен.

Өкінбедім бәсім мен бәйгем кетіп,  
Келе жатыр Ертіс те Жәйремдегіп,  
«Жезкийтер» ойнап жүр шын басында.

Қаныш сөзі санама енді кірді,  
Ұрандаймын, ысрapsыз өндіруді  
Кен жетсе екен тағы да бір ғасырға.

1984

## ӨРШЕЛЕНУ

Жас үлғайып барады, үйқым кеміп,  
Өзіме өзім қараймын құлкім келіп.  
«Серттен тайды»,— дегенді естігенде,  
Естімеген болады сылқым желік.

Кербез дала, күміс бел, сағым қырдан,  
Бой көрсетсе жезкий сағындырган.  
Шабыт келіп сыйырлар өршеленіп,  
Бір көруге болардай жаным құрбан.

Қайран өлең, қыз шабыт өрім де сен,  
Сенсіз елге перзент боп көрінбес ем.  
Қашан келсен мәнгі жас ғашығымдай,  
Серттен таймай комағай өліп-өшем.

Қинай берші тәгілсін аскак өнім,  
Аскак өнмен косақтап карсы аламын.

1989

\* \* \*

Саған арнап кезектеп нөмірлекен,  
Өншең катер емес кой өмір деген.  
Рахаты да жоқ деме кейбір күнде  
Киындықтар күркелеп көрінбеген.

Алдап соғар десек те торлары бар,  
Алып шығар ансаған жолдағылар.  
Арамзаның тұнілтсе арсыз жүзі,  
Асылдардың жәрдемші қолдары бар.

Жел кеш жетсе самал боп есіп өткен,  
Барлық жұрттың дей көрме есі кеткен  
Әр пендениң бұйырған қорғаны бар.

Ақиқат кой жан сырын өрнектесем,  
Зейнет аздау қыруар бейнет көрсем  
Өз ісімнің олқылау болғаны бар.

1992

## **ӨҢ МЕН ТҮСІН АЛМАССЫН**

Бала күнде көктемнің көркем гүлін,  
Тосушы едік қаулар деп ертең, бұғін.  
Жаны лаулаг қасына жетті дерсің,  
Шырт үйқыда бейнемді көрсөн бұғін.

Елге оралсам сол ынтық тілегіммен,  
Өң мен түсім алмасып жүремін мен.  
Тұла бойын дірілдеп толқырмысын,  
Ұстай алсам ақ күміс білегіннен.

Жастық шаклен егде Күн алмасады,  
Алмаспаса, жүректі шан басады.  
Көргеніннің ұмытпа бір үзімін,  
Сондағана өң мен түс жалғасады.

Соның бәрін өнінде қайталасан,  
Қарсы алдында бұл досын басады алшан.

1992

\* \* \*

Мен аспаннан түскем жок, жер ұлымын,  
Құлагердей күтті анам кер құлынын.  
Татьянаның Абайша әнің шырқап,  
Жүрек тартқыш жылуын берді үнінін.

Ес білгелі ак ниет көнілменен,  
Құпия жок ағыла төгілмеген.  
Киял-құзы мұнартып жакындейдый,  
Қалам ізі жалғасса өмірменен.

Сүрінгенге жасамай қырын қабак,  
Жаралыға өзгеден бұрын карап  
Сағынғанды бөлеймін жан нұрына.

Жолым құтты кең жалған жолыктырған,  
Өлең-жүрек дамылсыз соғып тұрган  
Сансыз алғыс айтамын тағдырыма.

1992

\* \* \*

Ақынның бары да өлең, жоғы да өлең,  
Досқа сый, жауға жебе оғы да өлең.  
сүйсінсем сұлулыққа жер бетінде,  
Махаббат көш, керуен жолын көрем.

Ерке өскен тау төсінде гүлге жетем,  
Тап сондай сонетті де сүйген екем.  
Ол барша поэзия асыл төлі,  
Сак сыншым салды деме күйге бөтен.

Қыска сөз сәнді өрнегін сұрыптаймын,  
Жүрекке жалғастырам ғұрыпты өйгі.  
Көз тартса ғимараттар көк тірегіш,  
Күмбезін ескі сарай ұмытпаймын.

Үміткер қайда әкетті сезім-желік?  
Тұған ел, төресін айт өзін көріп.

1992

## СЕНИМ

Тәнірім сенсін туған жер, Отан-ана,  
Себін тиді елгезек ботана да.  
Айқасына Аралдың дара шықты,  
Өскен бала көк тұтін шошалада.

Жан-жағыма жан нұрын сепсем деймін,  
Соны үйретті өз басым шеккен кей мұн.  
Жақсылыққа басылмас ғашықтығым,  
Ақиқаттың құлы боп өтсем деймін.

Өзен болып оятсам тұйық көлді,  
Өмір-арна тасқын жыр құйып берді  
Мен мәреден өзгеден өтпен кейін.

Ерте туды мұн мен зар білген күнім,  
Алғысым мол, айтам деп түрленді үнім  
Қыздым білем, құлшына өктемдейін.

1992

\* \* \*

Көп болмас қайталасам ұксас сырды,  
Кен жалған кос жүректі ұштастырыды.  
Алатау етегінде алма ағашы,  
Алманы жаным құштар ұстап тұрды.

Қызарған екі беті дәңгелек жүз,  
Тамылжып, маужыраса сөз керексіз.  
Апорттың есінді алар дәмі қандай,  
Сағынып бір татуға дәңгелеппіз.

Қымсынбай тура қарап жарыққа да,  
Күзгі алма ажарланса аныктана,  
Қасында тұрдым үнсіз шабыттана.

Бақшада болды білем жолым анық,  
Алманы сүйіп, құштым қолға алып  
Шаттандым құмарым бір қанып қана.

1993

## АБАЙ ӘНІ

Ұмыт болып қалғандай түсін көрген,  
Тас та тозар даналар мұсінделген.  
Әсем ән мен өлмейді сөз сарасы,  
Махаббатты сипаттау үшін келген.

Дана үлгісін бәріміз елденеміз,  
Жаттап алып, жаңғыртып дем береміз.  
Токсан өлең бір күнде тындасақ та,  
«Айттым сәлем қаламқас»,— дей береміз.

«Саған құрбан»... болды жан-жүрегім де,  
Шырқай, шырқай жетілді тілегім де,  
Шыға келші жарқ етіп манайымнан.

Тоғжандай толықсып аңсағаным,  
Ала келші Саумалкөл таң самалын  
Сүйіп, құшып мен де бір салайын ән.

1994

\* \* \*

Откен күн еске түсті не себепті?!  
Сағыныш бойда дерпті еселецті.  
Мен сені көрмегелі көп болса да,  
Кыз бейнен көз алдынан кеше де өтті.

Сұм тағдыр алшак жолды несіп өтті,  
Жан едің ниетің пәк қасиетті.  
Құмартқан лала гүлдей бала күнде,  
Жанарын жүрек шетін тесіп өтті.

Коштасу өкелгені ыстық қайғы,  
Кейде Күн тұтылардай мызғытпайды.  
Әп, сәтте соның бәрі зым-зия боп,  
Кездесу жүрек шетін қытыктайды.

Көрмепті өкінтсен де көніл бөтен,  
Осының бәрі қызық өмір екен.

1994

## ҮКІЛІ БАБАМ

Ақындарда қызық көп ақын ұғар,  
Татымым бар ойлы сөз затын ұғар.  
«Сүймегенге киянат қылма»,— деген,  
Үкілі Ыбрай сүйікті нақылы бар.

Жастық шақтың ынтық зар шақырды үні,  
Шақырды үні көрерсің макұл мұны.  
Сүймегенге құрмалдық бола қалу,  
Ақымақ етіп көрсетер ақылдыны.

Әйел заты — жәдігер, дана халық,  
Бәйек болар жүрегі жана қалып.  
«Сүйдім»,— десе, жарқырап жан базары,  
Дүние жалған кеткендей жаңаланып.

Айдын көлге қонғанда акқу келіп,  
Толқып кетем «Гәккуді» айтқым келіп.

1996

\* \* \*

Жастық шактың алыстан шакырды үні,  
Сен көрмессін, әрине, макұл мұны.  
Сүймегенге құрмалдық бола қалу,  
Ақымақ етіп көрсөтер ақылдыны.

Әйел заты — жанашыл, дана халық,  
Тез өзгерер жүргі жана қалып.  
«Мен басқаны сүйемін»,— деген сөзі,  
Ақымаққа да кетеді сана салып.

Тандайымның өзінше татымы бар,  
Ақынмын ғой ойлы сөз затын ұғар.  
«Сүймегенге қиянат қылма»,— деген,  
Үкілі бабам тамаша нақылы бар.

Мейлі дерттен еш қашан оңалмаспын,  
Сүймегенге құрмалдық бола алмаспын.

1996

## ҚҰДІРЕТ ЕКЕН ҚОС ЖАНАР

Қала, дала ансаткан ел шетінде,  
Үміт үзбей іздедім жер бетінде.  
Бала күндер ләzzатын тосып едім,  
Лала ғұлдей ак құба келбетінде.

Суыт тоқтап қалардай қазір демім,  
Салқын сезім сыпайы әзірледім.  
Жұзге келген кемпірдей мыжырайтқан,  
Селк еткізді бетінде әжімдерін.

Сен сокқандай көктемде мұздар келіп,  
Сен сескенсен досыннан ызғар көріп;  
Екі көзің жарқ етті баяғыдай,  
Естен шықты әжімдер бұзған көрік.

От қызуды іштегі білдіретін,  
Үктым сонда кос жанар құдіретін.

1996

## ӨЗІМДІК СЫН

Шын ақындық — айтар сөз ірісінде,  
Үдесенші қарқынды жүрісінде.  
Арулардың ажарын көп айтасын,  
Оятса да кыз-шабыт тұн ішінде.

Соғыс шарпып қанықкан жаңын зарға,  
Лаула, өршелен, бойында жалын барда.  
От-жасынды қаһарың қайда сенін,  
Ой салардай мәттакы залымдарға.

Мұдірмессің көп іздеп сен деректі,  
Көрініс түр алдында ен керекті:  
Жас солдаттың сарғайған суретіне,  
Қарады да қарт ана кемсөң етті.

Қалып қойдық тасада, калтарыста,  
Өмір өтіп барады арпалыста.

1996

# САҒЫНЫШТЫ СОНЕТТЕР

(Әсет Бейсеуовке)

## 1

Әсепті өмір ерте еркелетті,  
Жайқалтты ән байланған бәйтеректі.  
Карамас алды-артына анғал еді,  
Сол бойы ерке, абзал ерте кетті.

Ырғағы жүр дария ағынында,  
Ақ бөкен алып кетті тағы құмға.  
«Адамдар, акқуларды атпандаршы»,  
Деген ән қалды құстар сарынында.

Аккулар ән тыңдаса үйіп қана,  
Шықкан Күн тұрды беттен сүйіп қана.  
«Дүниеде мен сүйетін бір адам бар»,—  
Деп еді-аяу, жанға ләzzәт үйіп қана.

Беу, тарлан! Алғы топтың ішіндесін,  
Ғасырлар сол тұғырдан түсірмесін.

## 2

Бойда ерке бұркыраса бұла күшін,  
Берді Алла шалқар шабыт қуанышын.  
Өзге емес өзің айттың:— Мен келдім,— деп  
«Дүниеге ең тамаша бір ән үшін».

Бір емес бес жұз әнді ел жаттайды,  
Мәнгі өлмес есімінді сол сақтайды.  
Макпал мен Бағдат айтқан сұлу сазын,  
Дүниеде сені жок деп ойлатпайды.

Періште жарқын жұлдыз, жарық Айсын,  
Сен жүдеп,  
ешқашанда жадамайсын.  
Әсет-ау, жер бетінде қазақ барда,  
Әндөтіп сан ғасырды аралайсын.

Бес жұз ән сен жаралдың толғағынан,  
Ел көрер сол тамаша орманынан.

### 3

Өмірде дос боп бірлік құрағанда,  
Ән мен жыр гүлзар құрған бір аланда.  
Өзінді сағынардай бұл жалғаннан,  
Аттанды кеше дүлдүл Нұр-ағаң да.

Белгілі биік тұлға баған көпке,  
Саяап кой маңдай терін саған төксе.  
Атынды ел алдында жарқыраткан,  
Арнаймыз мың-мың алғыс Заманбекке.

Сағыныш қам көнілді мұнайтады,  
Опығып іштей тынып үн қайтады.  
«Тыңдауға жана әнімді келіп кет»,— деп,  
Дәл сендей енді маған кім айтады.

Бағыштап әз бейнене жеткен күшім,  
Сонеттер болсын достық ескерткішім.

\* \* \*

Тарпан заман ұлы едім шалқандаған,  
Ғашық болды Балхаш та, Балқан маган.  
Бәрі қалды. Күн туды өзімді өзім,  
Өлең үшін аямай арқандаған.

Үмітім көп жок еді құдер деген,  
Қырғи едім көлден қу жібермеген.  
Бәрі қалды. Қасында бәйбішемнін,  
Өзімді өзім күн туды шідерлеген.

Айым туса бұлттардан асып қонып,  
Жасамадым жұлдызға ашық жорық.  
Құдашалар мұнайып қарап қалды,  
Мәриямға мен қайта ғашық болып.

«Жұбайына табынған әлегі ғой»,—  
Дей көрмендер, ол сұмдық әдемі ғой.

1997

\* \* \*

Мысқылың жолдас өрескел  
Кақ жолға есек шөккендей.  
Қыршыдың досты тел өскен,  
Каз-катар өскен жек көрмей.

Құлшынып бекер түрленіп,  
Құнығып катты кеміттін.  
Өсек-аяң жынға еріп,  
Естіген жанды жеріттін.

Ашуын ішпей мас қылып,  
Ақылдан көрдің тапшылық,  
Өлтіре соғып жақсыны.

Менсінбей адам баласын,  
Тайраландаپ баrasын  
Ісінің осы тап шыны.

1998

\* \* \*

Қызық көп ақын достың санасында,  
Не білдім, шетін ойлап табасын ба?  
Қос жанар құштарлығын бір көрген сон,  
Жаһанда болмайды екен адасуға.

Қол сілтеп көшкен киік қарауытып,  
Әндettі құстар көктे жалауытып.  
Күзгі аспан ак асфальтін тіке тартты,  
Күрлісі күс жолының жана бітіп.

Сонғы рет көремін деп қаректадым,  
Өйтпесе табар ма еді тағат жаным?!  
Алмайды асаяу жүрек емге тілді.

Таңданам ажарыңның анығына,  
Жарқ еткен найзағайдың жарығы да  
Көрсетті бұлт шетінде келбетінди.

1998

\* \* \*

Айтпа, құрбым, маған өлең арна деп,  
Өлеңсіз-ак жан жылуын жалғап өт.  
Жастық шақтың жалауындај желбіреп,  
Өзі өн ғой бойда алау жанған өрт.

Өзі өлең ғой кездесудің базары,  
Алшак жүріп айтқан сырың аз өлі.  
Еске салшы ерке күннің әуресін,  
Бір басылсын көп сағыныш азабы.

Алпыс бестен кетіп қалдым мен дағы,  
Тым жасарып тұрған жоксың сен дағы.  
Баяғыдай жылы, тәтті сөйлесші,  
Біздің үйге жәй қыдырып кел дағы.

Соның бәрін жыр-дастанға баларсын,  
Жаның түлеп, бір жасарып қаларсын.

1998

## ҚАРҚАРАЛЫ

Көкшетау жалғасындақ Қарқаралы,  
Кім барлық қасиетінді айта алады.  
Кияда жалғыз арша кол сілтесе,  
Біржан Сал әнмен жауап қайтарады.

Паш етсем Тәттімбеттей асылынды,  
Данамен болды бүкіл ғасыр үнді.  
Мағжанның нағыз туған інісіндей,  
Ерекше ел сүйеді Қасымынды.

Биікке жолаушыны ұмсындырып,  
Жарқ етті жайма шуақ бұлтын құліп.  
Атыннан мың айналған Мәди әнін,  
Шырқадық сай-саланы құлшындырып.

Ойлы тау, орман, тогай, жазық беткей,  
Көріндін қаз дауысты Қазыбектей.

1998

\* \* \*

Жолым болып еркін ойнап күлсем де,  
Ашының да дәмін татып ұлгердім.  
Тау бектерлеп, шыңға өрлең жұрсем де,  
Мұңға шыққан маған ғашық гүл тердім.

Аппақ гүлге шын құмартып бір көрген,  
Аштым бакыт көзі бітеу бұлағын.  
Қалың тұман, тас қаранды тұндерден,  
Сол гүл жайнап айырып тұрамын.

Көкірегіме ашы, тәтті ән артып,  
Өмір өңін кетті жылдам жаңартып.  
Байқап тұрсаң бара жатыр атқан тан,  
Алдындағы қарайғанды ағартып.

Гүлге елітіп өзім дағы ағардым,  
Ағардым да, шын түледім, жаңардым.

1999

## ҚИМАСТЫҚ

Бір сөзімді тірілткендей бір сөзім,  
Бір сезімді оятады бір сезім.  
Ак шашына сезіктене қалғанмен,  
Кыз кезіне карап тұрап бір көзім.

Аша білсек егделіктін көрмесін,  
Құштарлығың басылмасын көл-көсір.  
Кос аккудай құшактасқан айдында,  
Махаббаттың отты үшқыны сөнбесін.

Шынымды айтып актарылсам ағынан,  
Ак жүзіне жас күніндей табынам.  
Бір қызығы осы екен ғой өмірдін,  
Тап қасымда тұрсан дағы сағынам.

Өзіме өзім таққандай боп наз-айып,  
Мойып қалам, құлкін кетсе азайып.

/1999

## АППАҚ ГҮЛДІҢ ӘСЕРІ

Жолым болып еркін ойнап күлсем де  
Ашшының да дәмін татып үлгердім.  
Тау бектерлеп, шынға өрлең жұрсем де,  
Есілде өскен маған ғашық гүл тердім.

Аппак гүлге шын құмартып бір көрген,  
Аштым бақыт таза, нәркес бұлағын.  
Қалын тұман, тас қаранғы түндерден,  
Сол гүл жайнап, жолды айырып тұрамын.

Көкірегіме ашы, тәтті ән артып,  
Өмір өнін кетті жылдам жаңартып.  
Байқап тұрсаң бара жатыр жылдарым,  
Алдындағы көп нәрсені ағартып.

Аппак гүлдей өзім дағы ағардым,  
Жасарғам жок картаймастың жаңардым.

1999

## АҚҚУ ҚАЛА — АСТАНА

Есімін Ай, Әлемге тұракталып,  
Келіпсін Саарқаға жұмакты алып.  
Көзіме көрінесін жас Астана,  
Есілге конған акку сияктанып.

Орнаса айдыныма алтын маусым,  
Ақ қанат, ашық қабақ жарқылдайсын.  
Келбетін туған елді сүйсіндіріп,  
Құлпырып күннен күнге қаркындаисын.

Куансам айналама жар салғандай,  
Ғажапсын көрген адам тамсанғандай.  
Толқыдым ақ қайындар арасынан,  
Ауылдас кара көздер карсы алғандай.

Іргесі егемен ел беріктенсін,  
Казакка сұлу тұлған көрік берсін

*23.09.1998 жыл*

*Астана*

## **АЛАТАУҒА**

Алатауым, аскар тұлға ажарлы,  
Сенсін таулар патшасы.  
Ақ басына көптеу бүрып назарды,  
Көбейді акын ак шашы.

Баурайында бау-бақшаға құмармын,  
Алма берер бұлданбай.  
Ай қарайды арасынан бұлттардын,  
Ауыл қызы тұрғандай.

Апорт терген аруларын тамаша,  
Қаракат көздер жан-жағымнан караса  
Жақты бақша шырағын.  
Алма дидар сұлуға да тіл жетті,  
Маған сол қыз алма жеуді үйретті,  
Әлі ұмсынып тұрамын.

*10.03.2001*

*Алматы*

## ЖАСАНДЫ ГҮЛ

Жасанды гүл жанбырдан жасканады,  
Көз арбаудаң жок онын басқа мәні.  
Тәні жансыз болса да ол сұлуғой,  
Бір каратпай коймайды кас-қабагы.

Әне, сонда амалсыз селк етемін,  
Бойын жазып қалады ерке серің.  
Шошып кетем сезгенде өлі тәнін,  
Жаркыраткан жасанды көркі екенін.

Тез басылар от жүрек сыйыр еткен  
Той секілді тойланбай дубірі өткен.  
Ескі таныс секілді көрінеді,  
Кимай көзін кадаған суреттен.

Жүзінде нұр десек те бар ынталас,  
Жасанды гүл жанынды жарылқамас.

2001

\* \* \*

Акку құстай айдын көлде жетілген,  
Жан едің-ау акыл, есті кетірген.  
Еске түсіп есенгіреп отырмын,  
Құтты құндер сүйген екі бетіңнен.

Жылдар өтті. Көрмегелі көп болды,  
Міне бүгін ұштастырды сәт жолды.  
Жанарына түсіп кетті жанарым,  
Кеудемдегі жүрегім де жоқ болды.

Үндемейсін, үндемеймін, үндеме,  
Бір сыбырын естіртпейді Күн неге?!

Мен қызығып, қүйіп-жанып отырмын,  
Жетсем-ау деп бір сүйерлік жүлдеге.

Қайта оралып айдын көлдің ақкуы,  
Қинап кетті махаббаттың тәтті уы.

24.02.2001

## АҚ ТІЛЕК

Біреуге тірлік сұлу сән береді,  
Естінің ел қажеті — бар керегі.  
Ақындық туын тіксе ағындылар,  
Біреуге мәнгі өлмес ән береді.

Сұнғыла сөз сарасын тапсын қалам,  
Керегі жок басқаша тактың маған.  
«Жезкиң» жер бетінде жүйткіп жүрсін,  
Аспанда биіктесін «Ақ тырналар».

Нәр алам күй атасы Тәттімбеттен  
Қияда қанаттандым ақ міндепттен.  
Әнге орап сексен көлді қала берсін,  
«Геккудің» жалғасы боп «Акку жеткен».

Ән жырға орап жүрсем жүрегімді,  
Бер, тағдыр, осынау актық тілегімді!

03.04.2001

Алматы

## ТАҢҒЫ ШЫҚ

Ерте өткендей еркелеткен жолласы,  
Жасаурап тұр жел тербеткен шөп басы.  
Нарттай қызыл гүл желбезек бетінде,  
Мөлдір маржан — ол табиғат көз жасы.

Келеді ойға түрлі сезім басқа да,  
Шық түседі кейде тауда тасқа да.  
Бауыр басқан Бурабайдан өзгеше,  
Оқжетпестің сағынғаны басқа ма?!

Көп өксіктің белгісіндегі ұзак түн,  
Мұны айқын гүл бетінде сызаттың  
Ару перзент назын айтқан жасырмай.

Әуресіндегі кешегі өткен күндердің,  
Бір емес-ау таңғы шықты мың көрдім  
Соғыс жылғы анамның көз жасындаі.

06.03.2001

Алматы

\* \* \*

Жүргім махаббатың астанасы,  
Тірлікте артық емес басқа бәсі.  
Атқан таң, батқан күнгө бірдей ғашық,  
Ешқашан білінбейді жас шамасы.

От сезім тілін ақын алмасын не?  
Ақыл ма? Ол жігер, күш жалғасын де.  
Алпыста сыр білдірмей келемін ғой,  
Аяқтан жетпіс келіп шалмасын де.

Көрінсе шыктай мөлдір сезімталдық,  
Өленге орай берем өрімтал қып,  
Деместей егделіктен шықты есім.

Ежелден қалт еткенді байқарым мол,  
Шіркін-ай, не де болса айттарым сол:  
Жазғаны жүрегінен шықты десін.

2001

## ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАЛАУЫ

### 1

Бала күннен басталған қайран жастық,  
Өте шыкты тым келте сайрандастық.  
Ерке туған ерекше кара көзбен,  
Ерте үзілді бал дәурен байламдастық.

Жанарынан құштарлық ғұлін көрем.  
Өні қандай өзіміспін күлімдеген.  
Жас еліктің көп сырын жана сездім  
Қатар жүрген күндерде білінбеген.

Пәк жүргігі бір мен деп соғып тұрған  
Періште еді көршілік жолықтырған.  
Соғыс шарпып қалыпты сылқым елес.

Тағдыр бізге бұйыртып тосын жайды,  
Басқа біреу етсе де басыбайлы,  
Менен артық сүюі мүмкін емес.

### 2

Сәуле емес ол, сәуледен жинақтылау,  
Жан жарығын дермісің сыйлап тұр-aу.  
Акку күсқа ажары сай десем де,  
Танғажайып тұлғасы сымбаттылау.

Ойлы рені Айдан да тұнқаттылау,  
Айтқан сөзін жұлдыздар тыңдалап тұr-aу,  
Кос жанардың түбіне тұнған сезім  
Шырай берді өзгеден қымбаттылау.

Мейлі тенеу ұнамас өлде үнай ма?  
Ак Жұністен әдемі өлдекайды,  
Джульеттадан жұз есе көріктілеу.

Тым мактасам, шындық кой, кеш, ағайын,  
Демеймін ғой біреуден өш алайын,  
Жөн болады жасымнан телітті деу.

### 3

Жат қылыққа жан еді желікпеген.  
Мінезге бай, ғажайып көрік те ерен.  
Көгілдірі аққудың секілді еді,  
Қанша көрсөн екі көз зерікпеген.

Ол сүйді деп әлі де сеніп келем,  
Содан болар тілге де ерік берем.  
Еске түссе құлындай шұрқырайды,  
Біздін жүрек бүлк етпес берік деген.

Сұлулық-ай! Сұлулық құрытасын,  
Құлшындырып кетесің жыр ынтасын,  
Зар қакты ғой менен де шешендер де.

Досы түгіл дүшпаны кемітпеген,  
Сыр сипатын әлі де теріп келем,  
Құмарткан соң мактайсын десендер де.

### 4

Ол дегенде отты өлең қысқармаған,  
Бәрі ақиқат, не керек тұспал маған.  
Сипаттауға, ак құба, ботакөзді,  
Тұнғыш жырым туды ғой үшталмаған.

Сәлем алып келгендей құстар маған  
Көктемдерде көп аңсап құштарланам.  
Қапелімде жұп-жұка алаканы  
Күміс қасық сиякты ұсталмаған.

Жаз келер деп емеспін қысты алдаған,  
Ол таза жан, ол — өте ұстамды адам,  
Артық туған аяулы жер бетінде.

Қоян ішік сиякты тысталмаған,  
Жүрек жұка болса да күш қалмаған  
Сыр шегемін онаша желге тұнде.

## 5

Қапа шексе ағайын із салмаған,  
сын сағатта адамға мұзданбаған,  
Дүние-сайыс дамылсыз мәресінде  
Құрбысы озса, іш тартып қызғанбаған.

Тегі нәзік атқарап іс таңдаған,  
Ұқыпты жан алыстан біз барлаған.  
Кешірімі мол еді құрбысына,  
Ренжісе, өрекпіп сыйданбаған.

Тартпаса да ауылға өзге жұмыс,  
Тоспаса да келер деп өзге туыс,  
Ол жүрген жер сұлулық ордасындай.

Топ ішінде әзіл сөз құралысып.  
Калушы еді жүректен гүл алысып,  
оый терен салмакты корғасындай.

Бұрынғыдай тілдессе сырынды үғып,  
Самал себер еркелі жұғымдылық.  
Жылы сөйлер, сыйласар, ләzzаттасар,  
Кызыктырып, кызкалпы жылындырып.

Білгені мол, жарасқан білімділік.  
Сабыр сактар катенді үғып жүріп.  
Мардымсызға мырс етсе мыскыл емес.  
Ол — күйініш, ол — ішкі мығымдылық.

Келбетіне еткенде көз куаныш,  
Көнілге де табылар көп жұбаныш,  
Тәуір еткен сол еді-ау сәуір айын.

Мені ансағыш болды ма, болмады ма?  
Тым түгендеп бармаймын ол жағына,  
Сағынсан да салмайын сары уайым.

Аркау етіп алдаусыз пейілінді.  
Құндік жерден анғарар зейінінді.  
Не десе де лажсыз ықтиярсын  
Ынтастына ботадай мейірімді.

Жүрек шетін сынауық әуре тілмей,  
Тұруши еді елгезек тәубесінбей.  
Теруші едім жүзінен күміс күлкі,  
Тerezеден өткен күн сәулесіндей.

Сол кездегі акжолтай ниеттері  
Әлі күнге жүреді сүйеп мені.  
Калай ғана тебіренбей баяндайын.

Бала-ғашық базарын сезінемін.  
Одан қайтып бұл күнде безінемін  
Мейлі салқын, мейлі ыстық баяндайын.

## 8

Шынымды айтсам сөзіме құт орнаған.  
Жыр жүрекке жетпесе ұтар ма адам.  
Аулым көзге түскенде лебін сезем,  
Сарапканы сол ма екен жұпарлаган.

Елжіреуі қызық-ау бұл жүректің,  
Сенгіш, нанғыш өзім де үлбірекпін.  
Жолыма гүл әдейлеп екті ме екен,  
Көгаршын көз ак науат үлбіреп түр.

Балғын терек жаудырап көз салады,  
Қыз қарағай жұтынып көп қарады,  
Қызыл шие қалар ма сөз түсінбей.

Қыз үйіне баар жол — кара бұрым,  
Осы,— дейді, — агатай, бала күнін,  
Мұражайда сактаулы белгісіндей.

## 9

Ізет етсе сәлемге сәлем беріп.  
Көрген емес бояма мәнерленіп.  
Қызгалдактай құлпырса ак дидары,  
Еңсен өсер тар деген әлем кеніп.

Сонда күдік азаяр пәлен көлік,  
Сауығарсын шәрбеттан жан емделіп.  
Өз-өзіннен сүйінші сұрар едін.  
Күдік артқан күн бойы зәрен қеміп.

Жан бүршігі жүректін дүрсілімен,  
Ашылғандай ерте-кеш күрсінуден  
Жаттап калдым ак жұзі ашық кезін.

Бал-бұл жанып жия алмай есі-дертін,  
Құшак жайған құлшынып емін-еркін  
Көріп едім жан зекет ғашық кезін.

## 10

Көрмей жұру көп күндер ұзак қайғы,  
Дәмесінтіп, ұмыснтып тұзактайды.  
Алыс жерден ансатып, жақын келсе,  
Тік қарауға дәтінді шыдатпайды.

Сұлу қызға болмай ма әркім ғашық.  
Ес білгелі көрмеп ем салқындастып.  
Ән тындастып, домбыра кезек шертіп,  
Мезет кайда тояттар мауқын басып.

Еске түсіп сол мезет тебірентіп,  
Баяғыдай жан баурап, емірентіп,  
Шаныракты бір жұлдыз жұз аттайды.

Оған сонда зер салмау қауіп екен,  
Сұмбіледей толассыз жауып өтем,  
Кей мұнымды осындағы наз актайды.

## 11

Беу, жүрегім! Бейтарап салқынданба,  
Қалды ұшқын баяғы қарқыннан да.  
Шерсіз ақын бұлт қонбас тау емес пе,  
Не болар ем сағыныш сарқылғанда.

Еске түссе есімі емделемін,  
Кейде Мәжнұн көрінер мен дегенін.  
Жазғаныма сипаты ұқсамаса,  
Періштенің барына сенбекенін.

Жалғызтаудан ақырын өрлеп қана,  
Алатауға жетіппін төрлеп қана  
«Жезкикті» ел-жұртқа жалаулатып.

Жас күнімде бір көріп қалғанымда,  
Жырға өріс аз емес алғаным да  
Әнге қосып отырам манауратып.

## 12

Дәл сөйлемей не болар жұмбактаған,  
Ол ғаламат, ол-өте қымбатты адам.  
Еске түссе боламын алай-дүлей,  
Бәйтеректей дауылда бүлғактаған.

Мезеттерде жүрекке зіл қаптаған,  
Қыз-шабытты костайды тыңдал қалам.  
Арнасы кен мен де бір өзенмін ғой.  
Жыр келмесе, құлазып құрғап қалам.

Тамшы-сезім кеудемді тескілейді,  
Токта, - десем, көз жұмып естімейді,  
Шенберлейді, ұстайды шенгелінде.

Шабыт селін көнілім қайтармайды,  
Төгіледі айтар наз, айтар қайғы  
Жан құпия сағыныш женғенінде.

Қайда екенсің ауылдас Қыз Жібегім?  
 Өзегімді өкініш үзді менің.  
 Төлегенің болсам да, амал қанша,  
 Бекежанмен серттеспей қызды кегім.

Жалын шарпып қанатын өтті қыран,  
 Жынғыл бойлап жылғалап кетті бір ан.  
 Бұл заманда дуэль жок, айқаспасам,  
 Емес шығар батырлық жоқтығынан.

Жаркылынан өлеңшіл өнерімнің,  
 Өз бейненді анықтап көре білгін  
 Бала құнде ажарың табындырған.

Айдалада адасып қалғаным жок,  
 Таңғажайып әлі де арманым көп  
 Жыр парнаска беттеген сағым қырдан.

Сен дегенде білмеймін жалтаруды.  
 Ал өзгеше өзеуреп айтам кімді?!  
 Қой десем де сағыныш есейгенде,  
 Ұя салған кеудеме қайта кірді.

Кешкі ауылдың жұргендей іргесінде,  
 Құштар шакта кім баар тіл кесуге.  
 Өлең деген ак жалын ұшып жатыр,  
 Сөніп қалмай көкірек тұрмесінде.

Шырын жисам жетер деп құтыласка,  
 Жырым көнді ақ сезім ықыласка,  
 Сарқылмайды балауса тәтті сезім.

Көріп кел деп әдейілеп мен жіберген  
Әндерім бар аумайтын елшілерден,  
Тындай қалсан, туар гой сәтті кезім.

## 15

Жүргімде жібіген тасты көргін.  
Ақтарылды жер түбі, асты қөлдін.  
Інкәр көніл ақтарып мұрагатын,  
Жұрағатты жырлауды жақсы көрдім.

Тым алшакта бұл күнде сенің қосын,  
Мен келемін аралап өмір көшін.  
Қалай ғана тірлікте ұмытайын,  
Жер бетінде жұмақтай көніл хошын.

Үміт, сенім, күш, жігер молықтырған,  
Күн сәтті еді біздерді жолықтырған,  
Соның бәрін мейлі ескер, мейлі ескерме.

Айта берсек жыр болған бір ғасырға,  
Бар сырынды жинай бер мұн басуға,  
Жанарынан оқырмын кездескенде.

*1981. Москва*

## **ЖЕЗКИККЕ**

**1**

Көніл шіркін көктем келсе өседі,  
Көк көрпесін мамыр жерге төседі.  
Тоғайларда тоты тоқсан толқытты,  
Сағыныштың желі елден еседі.

Жасыл төскей, козыбұйра көктесін,  
Гүл жайнады құн шапағат төккесін.  
Өзен, көлде акқу-қаздар қанқылдап,  
Айтып жатыр арыз, назын, өкпесін.

Сал табиғат бәрін жатық жұптаған!  
Құс тілінде сөз қалмады ұқлаған.  
«Жезкиігім», сен де жетші тезірек,  
Бір кездеспеу турға келген жұт маған.

Тебіренемін жүрек лаулап, көз күйіп,  
Сағынғанда жарқ етсенші, жезкиік.

**2**

Күрке талдың етегінде ұрланып,  
Тұрсан етті қызыл қанат нұрланып.  
Қара көзін мөлт еткенде алыстан,  
Көкірегімді шығар ғашық жыр жарып.

Қызық еді қиял-жұлдыз көктегі,  
Еріндерің қызғалдакты өпкені.  
Дүниедегі жалғыз досым деп жүрген,  
Сен де маған болармысың өкпелі.

Жер ғажабы десек тағы желісін,  
Заулап жетші, молықкан дерт кемісін.  
Өзендерден өткел жасап көктемде,  
Сары Арқаны жұпарладым сен үшін.

Қара жерден қар кеткелі сайға ағып,  
Сені күткен сау басым жүр айналып.

1976

\* \* \*

Әр сөзіннің нәзігі-ай наз айтардай,  
Құрсінесің жаз өтпей каз қайтардай.  
Тындағым кеп барады дыбысынды,  
Ескі беріш түйінін азайтардай.

Қашан көрсем кезім жок ұнаспаған,  
Сыйластықты мезет көп растаған.  
Рас саған жұмбактау жігіт болдым,  
Наз айтысып жас құнде сыр ашпаған.

Топ ішінде жалғасты жанар оты,  
Өлең шіркін жеткізер хабар оқы  
Азайыпты көнгіштік төзім дағы.

Жібек жілтей неге тез үзілейік,  
Арыстандай алыстан күжірейіп  
Білдірмеген боламын өзім дағы.

1975

Сені іздеумен сыр айтам ак жауынға,  
 Кейде жүрем оранып ак жалынға.  
 Егде тартқан карт болып калды деме,  
 Мен келемін әлде де ат жалында.

Танғажайып ежелгі арманым да,  
 Қанатында қияға самғадым да.  
 Саарқада «Жезкий» дүбірі бар,  
 Десем жүрсін көп жұлдыз ар жағында.

Көз алмаймын сондыктан ғарыштан да,  
 Шайлықпаймын қол жетпес алыстан да,  
 Солай жетті биікке мен білгендер.

Түседі екен кым-куыт адамға сын,  
 Сағындырган есен бол «қалам касым»,  
 Маған алыс көрінбес сен жүрген жер.

*Нұкіс. 1985*

\* \* \*

Өзің жайлы кідірсем жазбай өлең,  
Сыртым салқын, ішім — өрт, маздай берем.  
Өткінші емес телегей төгілуге,  
Жауар бұлтын жанымның аздай көрем.

Шын досына айткызбас өкпе нені,  
Саяалын жөн, тым қатты сөкпе мені.  
Домбырамның кос ішегі үйлеспей жүр  
Сипаттауға біз тату қоқтемені.

Жана туған бар ғажап сылқым әнім,  
Үнсіз түзеп әрдайым ынтығамын  
Жөнге келер алдыннан өткенінде.

Сенсіз кейде келмесе адымдағым,  
Жазғанымнан табылар жадымдағым  
Жырлай-жырлай өртеніп кеткенімде.

1978

\* \* \*

Коштастым ба баяғы батылдықпен,  
Қобалжу жок кездесу сәтін күткен.  
Соның бәрі жүрекке жүк болса да,  
Сыр білдірмей жүремін ақындықпен.

Кимас сезім тумайды бағыныштан,  
Отты мезет жоғалса алып ұшқан  
Көріп, көрмей көз тастан өтемін-ау,  
Тар көшеде кез болсан сабылысқан.

Жастық өтіп егделік басталғанда,  
Ұқсамаспын кияли мастанғанға  
Ізет бар ғой ақылға берсем жолды.

Жаз жадырап жылжыды күзге қарай,  
Аңсау деген шарпыса алтын арай  
Өз бейненді өлеңнен көрсөн болды.

1978

\* \* \*

Алдымнан шыға ма деп алыстағым,  
Андадым жez киіктің таныс шанын.  
Еріксіз есім шығып елеңдеймін,  
Ішінен жарқ етердей таныстарым.

Жыл сайын біздің жаққа келіп жүрер,  
Есен бе құралайым менін білер?  
Әйтеуір қырда киік қаптағанда,  
Қаулайды тұла бойда сенім жігер.

Осы деп ансан келген ата мекен,  
Жер сүйгіш мінездері батады екен  
Жел сөзге кейде адамдар орасақ та.

«Жезкиік», сөні болсан кен даламнын,  
Мен білген сұлуысың сен ғаламнын,  
Заулай бер елмен бірге болашакқа.

1980

\* \* \*

Салғызбас құпия сыр таласуға,  
Қызық көп қыл кірпіктер арасында.  
Кап-қара кос жанарды бір көрген сон,  
Жер-кекте болмайды екен адасуға.

Із тастар кешкен киік карауытып,  
Жөн сілтер кешкі арай жалауытып.  
Түнгі аспан сырнай-керней өн төгілтер,  
Кілемі құс жолының жана бітіп.

Киялдан қаулағандай аbat жалын,  
Таппайды аласұрып тағат жаным  
Алмайды асау жүрек емге тілді.

Аққу құс көп қарасам ансан саған,  
Алыстан түн ішінде байқап қалам,  
Жарқ еткен сенін қимас келбетінді.

1980

Көктемі ғұмырымның қайда кеттін,  
 Қара көз жанарына байлап өттін.  
 Ол қайда, өзі қайда, ізі қайда,  
 Келіп түр Сарарқада сайран еткім.

Даланың құба жонда жөлі серік,  
 Өзгермес көз көрместін лебі келіп.  
 Қияда жортқан киік жол кеседі,  
 Дерті бір паналайды мені көріп.

Құралай жылы, тәтті тілдеседі,  
 Жоралғы көріп жаным бірлеседі  
 Көрші қызы аумай сұлу дидарынан.

Іздесе дерпті жүрек жерлес гүлін,  
 Паш еттім махаббаттың өлместігін  
 Жыр қаулагап, асай сөтте күй дарыған.

1981

\* \* \*

Бұл өмір жабық жатқан көрме ме еді?  
Қанша жыл өтті сені көрмегелі.  
Суретің жас күндеңі көрмеде тұр,  
Көкірек деген дербес бөлмедегі.

Көнермес тірі пәтер бөліп бердім,  
Мекенжай одан қымбат көріп пе едің.  
Жуырда бір жерлесім: «өні солғын,  
маркайып қалды,» — десе, көнікпедім.

Шырайын балғын жүзін өшірмесін,  
Қағазға таңғажайып көшірмесін  
Салып жүр өлеңменен есіл досын.

Әнге де қосып төтті үлгерермін,  
Сен естіл ізден жетсен бір көрермін  
Әзірше бәз баяғы есімдесін.

1982

\* \* \*

Қанықтыршы жанымды, қанықтыршы,  
Жұмак төрі саяға алып жүрші.  
Басым ауған жағына мен кетейін,  
От жалын боп құшакқа жанып кірші.

Неге ылғи таусылмас шер төгемін,  
Демін алсын, токтасын дерпті өлеңім.  
Малшындыршы шарбатқа, рахатқа,  
Күшыр қанып құлшының өртті өлеңім.

Жан сергиді жүзіннің нұры жанса,  
Аялайын көз жұмып ұры жанша.  
Өрт ішінде жүрейін өршеленіп,  
Қашан бойым бір қатты суынғанша.

Шер тарқатар күн қайда шабыт тасып,  
Отыратын қасында «алып қашып»

1994

\* \* \*

Үрейленбе, сен неге томсырайдын,  
Дәмесі зор мен үшін ол бір айбын.  
Бір сұймесем кілт сөніп қала ма деп,  
Ештепе емес. Бір үшкын от сұраймын.

Жер де жатыр жұлдыздар аясында,  
Көрінбейді күндізгі дара шың да.  
Ай, Күн емес жарқырап қалайынши,  
Жанарынның мөлт еткен қарасында.

Ойлансаншы, әуреге саласын ба,  
Адам емес әулие, дансын ба.  
Көздің қырын алыстан бір тасташы,  
Мен тұрмын ғой жер мен көк арасында.

Басы тәтті ойланбай жүре алмадым,  
Не боларын аяғы біле алмадым.

\* \* \*

Махаббатты тудырған дана ма екен,  
Ынтықтығым өзіне алабөтен.  
Екіншілер ел-жүртқа аян болса,  
Біріншілер есінде қалады екен.

Жадымдасын сен әлі, жадымдасын.  
Сағындырды саясыз сағым-ғасыр.  
Ұмытуға әлім жок, күш азайды,  
Шаршай берсін, тек жүрек жарылмасын.

Кездесу мен қоштасу карбаласып,  
Жатса, шіркін, құнара жан таласып.  
Көзім шалса қиядан куанар ем,  
Өмір жылжып кеткендей алға басып.

Көшелерден іздеумен аландаймын,  
Мен ілгері бір көрмей бара алмаймын.

14.XI-94

Сені ізdedім дес бермей үшкын — желік,  
 Құлшынамын онаша құшкым келіп.  
 Ішпей, жемей мен кейде мас боламын,  
 Шырын, шәрбет тіліннен ішкім келіп.

Құшақтасам, шіркін-ай, ак түн келіп,  
 Деп іздеймін қалай да тапқым келіп.  
 Кездескенде бетіннен көп сүйемін,  
 Көптен бері бірдеме айтқым келіп.

Сүйген сұлу деп келмес мақалдатқым,  
 Алдамадым бал шекер адап таттым.  
 Ала кеткім келеді жұмаққа да,  
 Қасиетті шырынын махаббаттын.

Жұмағына бақидың сенейікші,  
 Фани жаксы, сүйісе берейікші.

\* \* \*

Жылдар жылжып барады көшкен сендей,  
Көніл тозды мен сені көтпен көрмей.  
Қызыл кеште батқан күн қызарады,  
Екеумізден ұялып өртөнгендей.

Ауыл шеті — орман, көл, далаларда,  
Біз кездесер баяғы пана бар ма?  
Ай аунакшып, жұлдыздар жымын қағып,  
Жанарыма жанарын қадалар ма?

Сәт оралып қайтадан жолыққанша,  
Бізді тоскан гүл қалды солып қанша.  
«Жез Кіктей» жолымда жарқ етсенші,  
Онашада бейхабар зарықканша.

Сонда жүрек тыныштық алар ме екен,  
Аспандарғы Күн токтай қалар ма екен.

19.06.1997

Сені айтпасам, жыр токтап, құриды әнім,  
Есімдесін, лебін — от, нұрын — жалын.  
Сағындырып кетеді осы күнде,  
Ынтық көзбен бір қарап жымиғанын.

Сенсіз жерде алшактап атар таным,  
Сарапканы күмістеп жатар сағым.  
Ансатады талай жыл көрмесем де,  
Бала күнде көзге көз тақағанын.

Жүргімді талқандап ойран қылмақ,  
Жан көрмедім өзіндей болған қымбат,  
Кездеспеді бір сұлу сен есімді.  
Көрдім бірақ өзіннен аумайтұғын,  
Құмар етіп ерекше баурайтұғын  
Жаны нәзік ғажайып елесінді.

1993

\* \* \*

Күдерім біржола үзілді,  
Хабарсыз көп жылдар қалыптын.  
Есіркеп балдырыған жүзінді.  
Елеспен бейненді салыптын.

Сұйсінтсе ақ мандай керілген,  
Бір ауыз сөз айтпай тайқадым.  
Ал казір суреттен көрінген,  
Сұлулық сиқырын байқадым.

Есімде ақ бидай дидарын,  
Үкідей үлбіреп қинаңын.  
Жанарың толғандай жақұтка.

Осылай еске алып жөнделіп,  
Құпия аңсауды жән көріп  
Отырам ес кеткен уақытта.

1977

\* \* \*

Көп ғибрат үлкендерден естіп едім,  
Әйелдің көpteу көрдім естірегін.  
Сұлудың бәрі ақылды тумаса да,  
Ақымақ деп айта алмаймын еш біреуін.

Болмасам іздел табар еptіregіn,  
Ауылдан астанаға жетті лебін.  
Тебірендім жердің беті түрленгендей,  
Ойда бар орындалып көп тілегім.

Демеспін бос қиялмен ғұмыр өтті,  
Кей-кейде бояуы айқын суретті  
Алыстан көру жаксы деп білемін.

Қасымда жоқсын қазір алыстасын,  
Ақыл мен сезім қалай жарыспасын,  
Әйтеуір, естілігін — өз тірегім.

1980

## КҮЙ

Көргем жок тірі пенде сүймегенін,  
Дуалы әуен екен күй дегенін.  
Сенімді дос сиякты сырласамын,  
Кен даала пәк мінезін үйренемін.

Көкірек көзін ашар түйсік еніп,  
Коркыттын зарын ұғам күйшіге еріп,  
Өмірдің кейде ерсе желісіне,  
Кейде мәрт тіліп түсер кисық келіп.

Туған жер елестейді өзен көлі,  
Ойлантар одан басқа сезем нені  
Күніренем коныр күмбір күйшіге еріп.

Көрінер күй тындаسام «Жезкийігім»,  
Бабаммен жалғасыпты өз күйігім  
Мәскеуге жазғы даала исі келіп.

1980

## ҚОС ҚҰДАҒИ

Келін түсті бұғін біздін ауылға,  
Қос құдағи бәйек бүкіл қауымға.  
Ән шырқатып, би қыздырып, дәм қамдап,  
Тамсандырды досы түгіл жауын да.

Балбұл жанған дидарлары ажарлы,  
Құралай көздер тартты ерекше назарды.  
Осы тойға барын салды қос ана,  
Көкіректері алабөтен базарлы.

Қызы тумаған біреуінің ұлы көп,  
Ал бірінде қызы баршылық, ұлы жок  
Ашынатын осынау екі ақ мандай.

Балалары қол ұстасқан сағатта,  
Жетті екеуі арман еткен тағатқа  
Біреуі ұл, біреуі қызы тапқандай.

1981

## СЕНДЕЙ БОЛСЫН

Тіл білем деп жасамаймын шешендік,  
Сыйластық мол, жаныма жат есерлік.  
Сен досымның шанырағын шалқыткан,  
Бәйбішесін береке күт бес елдік.

Сездіреді ойлы нәзік дидарын,  
Көкірегінде дала сүйгіш күй барын.  
Туған құнгі тойына кез келгенде,  
Сонет болды ат-шапандай сыйларым.

Кос немерен кілемінде көгалдын,  
Мол дастархан, ана-мейір кен алдын  
Москвада естіліп тұр ел үні.

Бірі шықса, бірі кіріп қаптаған,  
Меймандардың ак сенімін ақтаған  
Сендей болсын казактың бар келіні.

1982

# ЖАЛҒАНДА ЖАНЫМ СҮЙГЕН САЗГЕР ЕДІН

(Әсет Бейсековке)

## 1

Тым алыс жолда жүрдім сен өткенде,  
Киналдым, көнілім қалды-ау, сол көктемге.  
Сынсыды: «Әсет кайда?» — деп сзызылып,  
Акку, каз біздін көлге төрлеткенде.

Мол біткен кайдан десем саған дарын,  
Жаксы әнмен сұлұлықты сен корғадын.  
Тенселтіп сал табиғат түр құшактап,  
Көркем саз «Әсет» атты ну орманын.

Жалының ел құмарын мол қандырған,  
Дарының бар казакты таң қалдырған.  
Жана әнің аумайтұғын кен далама,  
Нұр төккен жазғы аптапта ак жанбырдан.

Қалып ем қоштаса алмай мен арманда,  
Сазгерсін жаным сүйген бұл жалғанда.

## 2

Озықсың сансыз санлак легінде,  
Құтты еді ән оралған тілегін де.  
Сыйғызсан асыл әнгे туған елді,  
Орнықтың барша казак жүрегінде.

Үрғағың жүр дария ағынында,  
Ақ бөкен алып жетті тағы құмға.  
«Адамдар, аккуларды атпандаршы»,  
Деген ән қалды құстар сарынында.

Тыңдаймыз әр әнінді үйіп қана,  
Сен жүрдің жанға ләззэт үйіп қана.  
Біздерді Әсет әнмен ардақтасан,  
Өтерміз біз де сені сүйіп қана.

Хош, досым! Алғы топтың ішіндесін,  
Ғасырлар сол тұғырдан түсірмесін.

### 3

Махаббат салтанатын құрағандар,  
Тербелді бүгін бірге гүл-алаңдар.  
Әуенін қалды әлеммен шын сырласып:  
«Дүниеде мені сүйетін бір адам бар».

О, достар! Жыламандар, жыламандар,  
Әсетті еске алындар, гүл аландар.  
Дегені Зәмзурасын қандай ғажап,  
«Дүниеде мен сүйген бір адам бар».

Сол еді еркелеткен, аялаған,  
Шіркін-ай, ерте кетті аяулы адам.  
Ел жинап, қырқын беріп ертеніне,  
Сонынан туды сағат жаяулаған.

«Кенсаіға» гүл тола ма, үн тола ма,  
Жатыр ғой екі ғашық бір молада.

### 4

Жан едік тойда сауал сұраса алар,  
Ән едік құдағи мен күда салар.  
Шіркін-ай, сағынады-ау, Әсет, сені,  
Қара көз «Қаскелендік құдашалар».

Салмаймын осындейда нала қайғы,  
Атынды әнші қауым даралайды.

Жығатын аспен емес қаспен ғана,  
Арулар «жок» деп сені санамайды.

Сондайда кетеді естен аунап қайғы,  
Суық сөз «өлді» деген аулактайды.  
Сені іздеп елеңдесе балдыз-кайын,  
Жанары акку-қыздың аунактайды.

Күн тумас сол қызығың сәнін жоймак,  
Жұр сенін рухың шалқып, әнін тойлап.

## 5

Бұрқырап бойда ерке, бұла күшін  
Бірді Алла шалкар шабыт қуанышын.  
Өзге емес өзін айттың: мен келдім деп,  
Дүниеге ең тамаша бір ән үшін.

Нұры мол ән нөсерін ел жаттайды,  
Мәңгі өлмес есімінді сол сақтайды.  
Макпал мен Бағдат айткан сұлу сазын,  
Дүниеде сені жок деп ойлатпайды.

Періште, жарқын жұлдыз, жарық Айсың,  
Сен жұдеп ешқашанда жадамайсың.  
Аттансан бүгінгіден келешекке,  
Сан ғасыр, өтсе уақыт санамайсың.

Сұлу ән сен жаралдың толғағынан,  
Көп емес асып түсер олжалы жан.

## 6

Өмірде дос боп бірлік құрағандар,  
Дәл мендей Тұманбай да шын аландар.  
Заманбек баса алмай жұр мұн-наласын,

Қасында аскар таудай Нұр-аған бар.  
Ол дағы сені сыйлай білетүғын,  
Көрмәдік еркелікті зіл етуін.  
Есігі сіздің үйдін тас жабылды-ау,  
Сағынса, хабар салмай кіретүғын.

Сондай сәт кен жүректі мұнайтады,  
Омығып іштей тынып үн қайтады.  
«Тындауға жана әнімді келіп кет», — деп,  
Япымрау, енді маған кім айтады.

Доска — дос, теніз еді кен тілегін,  
Өзін де біздің үйге еркін едін.

## 7

Жеттің бе тағдыр оғы асыл жанға?!

Асылға бұрын тиер тасын бар ма?

Арманда әкетіпсін сан дұлдулді,

Елі үшін соғып жүрген басын жарға.

Әсетті өмір ерте еркелетті,  
Байқадық бұтағы көп бәйтеректі.  
Қарамас алды-артына анғал еді,  
Сол бойы ерке абзал ерте кетті.

Алматы көрінгендей салқынырак,  
Булығып ән атқыған қалды бұлак.  
Көмейім көбейтіп түр жан сыбырын,  
Не дейін? Болсын, Әсет, алдың жұмак.

Бір жұлдыз жарқ етті де көшті аспаным,  
Сол ма еken кимай қарап коштасканын.

*Наурыз 1997*

## **АЛҒЫСЫМ**

*(Ғалым Мұтановқа)*

Тұған жер,  
Сағынышын құса қылған,  
Аз күнде бір басылды құшағыннан,  
Түсімде құс қанатын байлағандай,  
Өнімде жігер бітті ұшар жылдам.

Әр күнім ойын тапса дүйім көптің,  
Жастанға көкірегімнің күйін төктім.  
Құрметті профессор атағымен,  
Жүректің жұқа жерін бүтіндептің.

Алдағы ашық күнді тіректі еттің,  
Тап солай шабыт селін үдетпек кім.  
Сырымды жырыма орап Солтүстікке,  
Молшылық, құт, береке тілеп кеттім.

**Жетпіске тақап қалған жаз, қысым бар,**  
**Тұған жер, жан толқытқан алғысымды ал.**

*31.04.2000.*

\* \* \*

Жүрек, қысып кеттің бе сен тағы да,  
Тез шакырма мәнгі тұрақ жағына.  
Ел көксеген бір қуаныш туардай,  
Бір өленді келтірейін бабына.

Асылтырма қинап тұрсын тағы да,  
Тым көбейді өткір ине саны да.  
Ақындықтын бағбаны боп жүрмін ғой,  
Жармаспаймын, шен, шекпенмен тағына.

Тұяғы өткір тентек тайдай тебеген,  
Оқыс еді шанышқысы не деген?!  
О, жүрегім! Сен шыдашы, үйленсін,  
Тым болмаса алдымда бір немерем.

Сағ таза жыр келіп жүр ғой сыйлағым,  
Жарық көрсін тағы да бір жинағым.

10.02.2001.

## ТӘУБӘЛІ СОНЕТ

Беу, жүрегім! колында жоктың бәрі де,  
Жанары салқын биіктे жұлдыз емес пе?  
Бекер ғана сағымы бұлдыр өріде...  
Жүгіне берме елеске.

Сағынумен кейде қатты жүдедін,  
Бұл жалғанда ілінбесті қармакка.  
Жүгірмек келгір, қандай десен тілегін,  
Қасымда барды ардакта.

Отыр ғой төрде мінсіз аппак құсым боп,  
Сыйламауға менің оны күшім жок,  
Немерелер жүгіріп жүр жан-жакта.

Қоса ағару-ен тілеулі бакыттым,  
Керегі жок жетпейді оған уакыттым  
Қарайлатпа енді мені аулакқа...

2001

## ЖЕНІС КҮНІ

Істін үйір жаныма ақ, адалы,  
Соғыс шарпып бізді ерте тағалады.  
Бала-шаға санаусыз ашы терін,  
Женіс келіп ерекше бағалады.

Естігенде тойлы ауыл асқақ әнін,  
Қосыла алмай, сыпайы пәс қаламын.  
«Қара қағаз» үйдегі естен шықпай,  
Анашымның барладым қас-қабағын.

Көбі кетті шаттықта дүйім шердін,  
Қуаныш пен қайғының жігін көрдім,  
Женіс келіп ел жетсе арманына.

Оралмаса майданнан жан сырласы,  
Дәл сол күнгі анамның тамшы жасы  
Ескерткіштей көрінді ардағына.

1978

## ӘНІ БАР ӨЛЕҢ КЕЛГЕНДЕ

Домбыра, қане, заулашы,  
Зердеме үнің құйылсын.  
Пернене әуен байлашы,  
Тыңдаған адам сүйінсін.

Тамылжыт, дыбыс түрлендір,  
Куаныш селі буып тұр.  
Оралмай жүрген көптен бір,  
Әні бар өлең туып тұр.

Арманымның ақ гүлі,  
Ашылса жайнап сөтті үні  
Шаттығы көпке жетеді.

Әні бар өлең аманат,  
Қанатты құстай аралап  
Жағалап елді кетеді.

1978

\* \* \*

Шапшандыктың сәтті іске залалы жок,  
Тездетемін күн батып қалады деп.  
Күмілжімей құлімдеп жыр жазамын,  
Өтпес үшін дүниеден жаралы боп.

Елден ерте қарсы алсам көктемені,  
Егісімді баптаймын көктемелі.  
Жазғы пішен, құзгі орақ тақап қалды,  
Тірлік қысқа, тілек көп, сөкпе мені.

Азаматтық жүгім көп күні бойы,  
Қалт еткізбес қалам да түні бойы  
Құрсауына тұспе деп қапыл істін.

Бір жақсылық жасауға ұлгерем деп,  
Дамыл бермес көкейде дүрбелен көп  
Мәнгі үйқыдан басқаға асығыспын.

1978

\* \* \*

Қолындағы қараши жүзіктасқа  
Қызығарсың, амалсыз, қызықпаска.  
Менін бейнем көзіне ілікпесе,  
Көкірегіннен біржола сыйып таста.

Суға келіп өзенге үнілгенде,  
Таныс жігіт жұқарған жүзін көр де  
Мен болмасам толқынды толастатқан,  
Баяғыда қимастық үзілген де.

Жазда ақ қайын ішінен іздер пенде,  
Шық тамшыдан байқарсың күз келгенде.  
Бала құндер елестер жаланаяқ,  
Жол шетінде жұптасқан із көргенде.

Танданбашы жарқ етсем аппак қардан,  
Қарашиғын кінәлі жаттап қалған.

1978

Маусым қызық құштарлық молыктырған,  
 Туғандаймын сол сәтке болып құрбан.  
 Керемет кой, керемет, тағдыр деген,  
 Бала күнде өзіне жолыктырған.

Жалғыз тұрып кен әлем сарайында,  
 Сені көрем батыр күн арайында.  
 Қызарасың бетіннен сүйгенімді,  
 Біреу көріп қалардай манайымда.

Еске алумен есімді дұрыстаймын,  
 Елеске де шыр бітіп тыныстаймын.  
 Басылғаннан сағыныш деп ойлама,  
 Ашынғаннан басымды тік ұстаймын.

Құндізгі ойым тұнде үдегендей,  
 Шыдамаймын Ай көрсем түрегелмей.

1978

\* \* \*

Өзін жайлы кідірсем жазбай өлең,  
Сыртым салқын, ішім — өрт маздай берем.  
Өткінші емес телегей төгілуге,  
Жауар бұлтын жанымның аздай көрем.

Шын досына айтқызбас өкпе нені,  
Саяалын жөн, тым қатты сөкпе мені.  
Домбырамың қос ішегі үйлеспей жүр  
Сипаттауға біз тату көктемені.

Жана туған бар ғажап сылқым әнім,  
Үнсіз түзеп әрдайым ынтығамын  
Жөнге келер алдыннан өткенінде.

Сенсіз кейде келмесе адымдағым,  
Жазғанымнан табылар жадымдағым  
Жырлай, жырлай өртеніп кеткенімде.

1978

Көрші өскен сұлу құрбы дегенге,  
Үйкі бұзбас үяндау бол туыптын.  
Одан ба әлде көнілсіздік менен бе?  
Өзге көше әнші қызын жуыттым.

Жылдар өтті. Жыйын тойдың ішінде,  
Көршінің қызы құлім қағып кездесті.  
Акку құстай тұнып қалған түсімде,  
Сездім бұрын үш үйктасам сезбесті.

Тебірентіп ұмыт болған сәуір кез,  
Көз киығы түсіндірді ауыр сөз  
Мені ынжық әлде катал пан демек.

Сөкпе, құрбым, кетті деме наз өтпей,  
Батырларға кару-жарап қажеттей  
Ақындарды жүрер күй мен өн жебеп.

1978

## ҚҰШТАРЛЫҚ

Сені көрдім, жан құштар әлек келді,  
Әлектенді, тіл-көмей тәбеттенді.  
Құшактағым келгені-ай қыпша белден,  
Сырып тастап жасканшак ғадеттерді.

Сол үздікken халімді зая қылмай,  
Ақ тамақты дер ме едім тая былай  
Ләzzат тату білмеймін баска түрін,  
Бір сүйейін бетіннен баяғыдай.

Себебім жок түсірер сезімге кір,  
Менін бейнем сенің де көзінде жүр  
Қызғалдактай құлпырды нұрын бүгін.

Жұрт көзінше бола алмай салкынырак,  
Құмартуым көрінсе артығырак  
кінөлама, кінөлі сұлулығын.

1982

## НЕ ЖЕТСИН

Кетеді есім ауып ансағанда,  
Әйтпесе жыр толқытып ән салам ба?!

Сәт жетпес көзіңе көз түсіп кеткен,  
Мезетті ойлай-ойлай шаршағанға.

Келгенде кездесуге інірдегі,  
Күн кайда елжіретер үнің мені.  
Тамсандым албыраған ажарына,  
Ауылдын алтын аспан түніндегі.

Сырымбет көл шетінде орманына,  
Белгі боп көленкеміз орнады ма.  
Сүйсінем өткен күнді еске аларлық,  
Сағынтар асыл құрбым болғанына.

Жігіттің от тастаған киялышына,  
Не жетсін карақат көз киялышына.

1997

## АҚЫНГА

Әсіре қызыл көркемдігін асырмас,  
Бұлбұл үкі тақпастай.  
Ашы сөзбен асыл шындық ашылмас,  
Әнге айқай жақпастай.

Тәттіден де тәлімділер жериді,  
Тарылардай ырысы.  
Тауып айттар ақиқатқа ен игі,  
Салмақты сөз дұрысы.

Ұзак сөзбен ұлағаттылық танылмас,  
Алғырлықпен қажетсін.  
Болсын десен жыр жүйесі жаңылмас,  
Дәл айтқанға не жетсін.

Бір гажапқа көнеді бұл ақындық —  
Ол жер-көкте сұлулыққа жақындық.

1997

## **ШАБЫТ**

Бәйге атындаі дүбірге аласұрған,  
Қарт серідей кейде өзін баласынған,  
Жүрек тулап, бүйрекім бұлк етеді,  
Үзім сәуле жарқ еткен карасыннан.

Мін тапқандай орныкты іс пен сөзден  
Оқыс шалсан жақсыны түскен көзге,  
Жедел көмек беремін жазықсызға,  
Ал өзінді тапсырам үстем сөзге.

Тұлпар тынса тұғырдың табасынан,  
Сұнкар өлсе құзғынның жаласынан  
Корлық көрем шындықты жасыруды.

Өзгертсе де үйқысыз тұн түрімді,  
Алақұйын ағытар дүлдүл үнді  
Шабыт деймін төгіле шашылуды.

1979

\* \* \*

Дауыл, боран, үскірік те женбеді,  
Жүре-жүре өз тасқыным селдеді.  
О, табиғат! Арпалыста жетілсем,  
Дауылыннан өз дауылым кем бе еді?

Сонда менің болмаса еш кемдігім,  
Ол да сенің қанаттыға кендігің.  
Ауыл маңы ат жетер жер болған соң  
Ғарышка да құштарланған келді күн.

Райхан гүлін қандай ғажап көктемде,  
Одан сұлу табылмады өлкемде,  
Жұлдыздан да шын артықтау көрінді.

Тілегім пәк ак киялға берілген,  
Саналы ісім қалса гүлдеп еліммен  
Сол жендірер женсек егер өлімді.

1980

\* \* \*

Өткір тіл де елге ортақ, жан байлығы,  
Сын сағатта дауылпаз самғайды үні.  
«Артымызда — Москва» кітабы бар,  
Жалынды сөз авторы қандай ірі.

Аныз адам ардагер сол дейтіндей,  
Сөзі — жалын, алауы сөнбейтіндей.  
Қайталасам ерекше жігерленем,  
Алған жолдан шегініс көрмейтіндей.

Үні қалды адамзат құлағында,  
Жаңғырықты азатшыл ұлы ағында  
Желі қатты, ығы зор, ол нық адам.

Ауылдан кеп жыр жазсам арнап атын,  
Женіс көрдім қос қанат жалғанатын  
Күттү мекен Москва болды маған.

1976

\* \* \*

Шошынсам көрген түскен де,  
Іздедім жедел керек қып.  
Көзіме көзің түскенде,  
Толқыдым жүрек өрекпіп.

Қаныкты шөлі көнілдін,  
Сусындал шырын татқанда.  
Ұқсады сәті өмірдін,  
Ансаған таным атканға.

Көбейсе сыйлас мезеттер,  
Кинамас уақыт тез өткен,  
Сол делік өмір ғажабын.

Жүзіннен көрсем нұрлы тан,  
Тірліктің мен де ұмытам  
Кым-куыт мың, мың азабын.

1983

## ЖАЗ

Биыл ерте қалыпты шие пісіп,  
Қыздырған ғой мырза күн ие түсіп.  
Шие көзің, шіркін-ай, елестеді,  
Шок тигендей көкірек күйе түсіп.

Қызыл алау тамылжып бетіндегі,  
Қызарғаны жемістің — жетілгені.  
Соны көріп жүректің қызық екен  
Сені ізде деп жасырын өтінгені.

Қызыл жібек көйлегің секілденіп,  
Шұбатылған шие бау шетін көріп  
Тұла бойды биледі құйын-желік.

Тола піскен бал-шырын бір уысын,  
Алақаннан түсірмей жұру үшін  
Жеуге қимай көз жұмдым сүйгім келіп.

1978

\* \* \*

Осы ма екен кос жүрек ұғысканы,  
Көзім түсіп көзіне тыныстады.  
Жайдары боп жүргенін қандай жақсы  
Маған мәнгі атқандай шығыс таны.

Жазғым келмес күндері қызын өлең,  
Жарқыл каккан шумактар құйып өрем.  
Қалың қамыс ішінде санқылдаған,  
Акку құсым, мен сені жиі көрем.

Құлшындырып қос қанат сермегенін,  
Сол ма деймін қасыма кел дегенін  
Сұлу екен, кен екен көл аймағы.

Тілемейді жоруды анғал түсім,  
Ақ құс — сенсін. Бәрін де анғарды ішім  
Қалың қамыс — сағыныш молайғаны.

1982

\* \* \*

Тамаша сөні киял үштастырды,  
Екі көз әлденеге үқастырды,  
Денесін күн күйдірген алма ағашы,  
Апортты омырауында ұстап тұрды.

Алқызыл алма қандай дөңгелек жүз,  
Ән тербеп, жыр жебеп тұр сөз керексіз.  
Тау ішін маужыратқан исі қандай,  
Масансып маңайында дөңгелеппіз.

Қымсынбай тура қарап жарыққа да,  
Әлгі алма ажарланса аныктана  
Қасында тұрдым үнсіз шабыттана.

Болды ма Алатауда жолым анық,  
Алманы кеттім сонда қолыма алып  
Жұрсем деп алаканға салып қана.

1982

## **БҮГІНГІ АВТОПОРТРЕТ**

Келбетім жап-жас болса да,  
Ак шәшім таза мақтадай.  
Егделік жүгі конса да,  
Мінезді келем шактамай.

Жоғалды саба қарыным,  
Жорыққа денем ынғайлы.  
Домбыра күмбір дабылын,  
Көсілтпей көніл тынбайды.

Шыдатпай асая серілік,  
Анға да қайтам бір шығып.  
Жез киік көрсем елігіп,  
Жасарып кетем күлшынып.

Махаббат жүрек жылтыып,  
Ақ шашты кетем ұмытып.

*3.03.2001*

СОВЕТ МЕЖДУ  
МУЗАИЕЗ  
РУМЕЖДЕР



## СЫРГАЛЫ СОНЕТТЕР

Петрарканың айтсақ та күні өтті деп,  
Сонет сикыр сыйбырын үдettі көп.  
Қозы етіне қызыға тойғанменен,  
Сүймейміз бе қазактар сұр етті көп.

Сырты гауһар, іші алтын сәні қандай,  
Сүйсінтпей ме сазды әуен әні бардай.  
Талай жылдар көрмеген бала-ғашық  
Құмарлана сүйгендей жаны калмай.

Жүрегінің лұпілін санағым кеп,  
Дидарына барады қарағым кеп  
Естіп едім мені ойлап жүдепті деп.

Сонеттері сол қыздай жайрандаған,  
Қасиетті карт ісіне қайран қалам  
Ол да аттанған бізге көп тілек тілеп.

Ол да аттанған бізге көп тілек тілеп,  
Деген баға ақынға құрметтірек.  
Ойда барды жасырмай ашық айтсам,  
Көне, жаңа жалғасар реті кеп.

Қара көзден басталып бар өлеңім,  
Қалың елге жеткізсем жан өлеңін.  
Сонетке де алыштын лайыктап  
Қарапайым қазактың қара өлеңін.

Серіктікке сұлудың ағын алдым,  
Басқасын да жоқ емес сағынар құн  
Соның бәрін баяндар өлең көші.

Ақиқатка ақ ниет сөзім белгі,  
Сұлу сонет сүттен ақ сезім берді  
Көне дүлдүл көз тартса қоленкесі.

Көне дүлдүл көз тартса қоленкесі,  
Өнін бұзбас бүгінгі өлең кеші.  
Тез дарыды дәрү-жыр, мен сергідім,  
Дертін бар гой сен-дағы елеңдеші.

Жаным сергек үзак түн көз ілем бе?  
Лаулап кетем, лебінді сезінем де.  
Ауыр қайғы тым женіл шықпайды екен,  
Көз үйқыға, көнбейді сөз үнемге.

Дәт шыдамас жүректі қайшылауға,  
Салынды деп ойлама ойсырауға  
Бұрынғыдан көрінsem ізеттірек.

Ансауды да алданыш көре біле,  
Сезім кости деп отты өленине  
Көніл бөлу айтар ем ретті деп.

## 4

Көніл бөлу айтар ем ретті деп,  
Көгендесе ансаған лепті леп.  
Көрші өсіп ек, көз тартқыш қуаныш ен,  
Мен үяндау, сен болдын жүректірек.

Саған біткен тамаша көркемділік,  
Көніл қозғап, талай жыл еткен бұлік.  
Айну деген алдыннан шықпасын деп,  
Тұсімде де жүремін өрт сөндіріп.

Ол құпия. Кім не дер жөнін сұрап,  
Жоғалтып ем жүргенде тоныңқырап  
Есесіне жыр келді түйдек-түйдек.

Ашы, тұшы айырғыш ак, қараны,  
Сонет маған қызықты боп барады  
Формасы — зан, мағынасы — суреттірек.

## 5

Формасы — зан, мағынасы — суреттірек,  
Санаулы сөз салмакты, құрметтірек.  
Поэзия — сұқтану сұлулыққа,  
Жаным өзге ғажапты білмепті көп.

Ана мейір әр күнгі жана таным,  
Шұғылалы шуағын жаратамын.  
Оң батасын бергендей көрінеді  
Жайып тұрып алдыма алақанын.

О, туған жер! Қай міндет санасамын,  
Мен кім дейсің, мен сенің балапаның  
Тұнілмеймін бермес деп тілекті көп.

Болсам-дағы сертке мәрт, мұнға берік,  
Қызыл камзол жарқ етсе қырдағы елік  
Шын сүйсінген жалғайды лекті лек.

## 6

Шын сүйсінген жалғайды лекті лек,  
Ол кайда екен? Қаншама жыл өтті көп.  
Пендегуар халімді тез ұмытып,  
Пейіш қызы жұруші ем құл етті деп.

Пейіш кайда? Суда тал кармадым ба?  
Жасаурады жас үміт-арманым да.  
Тіл күрмеліп себебін сұрамаппын,  
Хош айттысып, құлазып қалғанымда.

Елең какса есіркеп тан самалы,  
Бізге куә ак қайын тамсанады  
Ұялады-ау сұрауға ойда барын.

Жалт караса жалғызға тау кезені,  
Ауыр жырмен алмайын сау мезені  
Оранайын онаша ойға қалын.

## 7

Оранайын онаша ойға қалын,  
Сағынышка сол шығар тоймағаным.  
Сен кеткенде корғаныш қалқан құлап,  
Мені оқыс оқ қарашы жоймағанын.

Тірі кеттін, жолымыз тарамдалып,  
Тірлік еттім күр сұлдер, аман қалып.  
Осындаиды адамдар әкетпесін,  
Бізден көріп болашақ заманға алып.

Өзін сүйген жүректі лактырған,  
Қызды көрдім булығып жылап түрған  
Сонда шабыт назды үнін үдettі кеп.

Ішім дерпті, сыртым сау жүруші едім,  
Жұмсаартуға тас беріш түйіншегін  
Жаным мұза, болсаншы лептірек.

## 8

Жаным мұза, болсаншы лептірек,  
Жадырасын, жайнасын жүрек түлеп.  
Кешке айналып соғады қарлы боран,  
Құні бойы шаршап ем күреп-күреп.

Тұман салып жылы күн тез өтеді,  
Қырау шалып, суынып күз жетеді.  
Ұмытайын десем де жүрегімді  
Көрген түстей сол бір қыз күзетеді.

Көрсем айтар бір сырым есімдегі,  
Көп жыл өтті мен оны кешіргелі  
Сол азайтын тағдырдың сан сұрағын.

Елен етпей елескे отырған боп,  
Сонет оқыр бейтарап оқырман боп  
Карсы алғанда бүгінгі таң шуағын.

Қарсы алғанда бүгінгі тән шуағын,  
 Құлшын, көніл! Құлпырып қалшы, жаным.  
 Байыптарсын сонетпен суреттесем,  
 Май-махаббат бұр ашкан жақсы уағын.

Сезім сөніп қалғандай, санан ғана,  
 Алғашқыдан айрылу жаман жара.  
 Көзге түртіп, келеке етпесе де,  
 Сырттай талқы боласын жаманғада

Қас қағымда жұз толқын тербеледі,  
 Тогандалған өзендей шерлі етеді  
 Жасанды көл жаратпай ак шуағын.

Алғашқы дерпт жанымды жаныштайды,  
 Алыс қайғы болса да қалыспайды  
 Қайта жақты сағыныш жан шырағын.

Қайта жақты сағыныш жан шырағын,  
 Сөйте берсін. Келмейді қалжырағым.  
 Пешенеге бергенді өзім айтпай,  
 Қай ақынның бәсіне қалдырамын.

Өмірбаян сияқты бүйірған мұн,  
 Мұн мен шерден әу баста құйылғанмын.  
 Құн тұтылған сияқты болып еді,  
 Біз еккен гүл сабағы киылған құн.

Қалмады деп қырсығын ұдай менен,  
 Қатты сөзге келсем де құдайменен  
 Сен туралы болатын бар сұрағым.

Ауыр күнде бой жазып осалдығым,  
Шаңын жұтып қалмадым көш алдының  
Өрге шыктым. Серпіліп қалшы, жаным.

## 11

Өрге шыктым. Серпіліп қалшы, жаным,  
Өлең еттім ак сезім тамшыларын.  
Қайта орал деп, «калқалап» жалынбаймын,  
Жалғызырап қалды-ау деп, хал сұрадым.

Бала күнде болып ең жүгінерім,  
Неге саған мін тағып түнілемін.  
Қайда екенсін? Не дейін, сұрай қалса,  
Бола алмаған «женгесін» інілерім.

Сенен күткен бақыттым басқадан кеп,  
Дегізді өмір дүниеде жаксы адам көп  
Сары уайымға бұл досын салынбаған.

Елестейсін жүрісім өнбекенде,  
Есіркеймін қияға өрлегенде,  
Тілегім пәк, ниетім тарылмаған.

## 12

Тілегім пәк, ниетім тарылмаған,  
Есім бүтін қайғыға салынбаған.  
«Қызыл ішік киғен қыз қайда екен?» — деп  
Көп киіктен сұрадым табындаған.

Селк еттім мен «Жезкиік» сен дегенде,  
Ол да ан-тан жас үшкын сөнбекенде.  
Екі көзім ұялтты-ау айтып қойып,  
Сөз түсіріп аузыннан көрмегенде.

Дәру іздел көнілдің құйігіне,  
Өрлей берем жыр парнас биғіне  
Жанса сөнбес бітіпті жалын маған.

Барса келмес аралға кеткендейсін,  
Шабыт туын шалқытсам жек көрмейсін  
Сен дегенде тасқын жыр арындаған.

## 13

Сен дегенде тасқын жыр арындаған,  
Сыйға тартты құштарлы таңын далам.  
Бар болған соң жоғалттым сені-дағы,  
Сүйгені жок деген ат тағылмаған.

Артта қалған ауыр күн қанат талған,  
Сөнген шоққа кезім жок қарап қалған.  
Жарапансам ет қызы шынға өрледім,  
Зор еді ғой арманым талаптанған.

Есерлерден көш бұзғыш жиренгенім,  
Естілерден көп еді үйренгенім  
Шер таркату шарапка малынбаған.

Қырлы алмастай сонеттің сымбаты ұнап,  
Сылдыр-сылдыр сырғыса сырға құрап  
Маржаныңды ал, оқушым, тағынбаған.

## 14

Маржаныңды ал, оқушым, тағынбаған,  
Тын жараумын ашы тер алынбаған.  
Кеншіліктен кол тимей жүре-жүре  
Талай сырдың қыртысы қалындаған.

Нұры тайып кеткенше от шырайдын,  
Дүлдүлдермен дүбірлі топ құраймын.  
Сәтті күнім алдында жолығар деп,  
Сенім бекіп, жақсы үміт топшылаймын.

Жүргегімнің жұлмаймын көк алмасын,  
Піскеніне риза бол, қоғамдасым,  
Жүрген жерге жұз түрлі гүл екті деп.

Сонетке де қара өлең туыстығын,  
Сакадай сай еткенім дұрыс бүгін  
Петрарканың айтсақ та күні өтті деп.

## 15

Петрарканың айтсақ та күні өтті деп.  
Ол да аттанған бізге көп тілек тілеп.  
Көне дүлдүл көз тартса қоленкесі,  
Көніл бөлу айттар ем ретті деп.

Формасы — зан, мағынасы — суреттірек,  
Шын сүйсінген жалғайды лекті лек.  
Оранайын онаша ойға қалын,  
Жаным мұза, болсаншы лептірек.

Қарсы алғанда бүгінгі таң шуағын,  
Қайта жақты сағыныш жан шырағын  
Өрге шықтым. Серпіліп калшы, жаным.

Тілегім пәк, ниетім тарылмаған,  
Сен дегенде тасқын жыр арындаған  
Маржанынды ал, оқушым, тағынбаған.

## СОНЕТТЕН ТІЗГЕН СӘУКЕЛЕ

Шипалы шәрбатың жан дәрмен,  
Қоймады сиқырлап мас қылмай.  
Өзінсін төріме сән берген,  
Ак көлді жайнаткан аккудай.

Көнілдің жұлдесі тау тәбе,  
Кеміттің тіршілік кермегін.  
Сонеттен тізілген сәукеле,  
Алғысым болсын деп зерледім.

Мереке арнасам дұрыс қой,  
Береке әкелсін күміс той,  
Жыр тәжін кигізсем жарасқан.

«Ашы!» — деп құрдастар тебінді,  
Тұшылат, бал-шекер лебінді,  
Ауамен жұтымы таласқан.

## 2

Ауамен жұтымы таласқан,  
Дуалы нәр татсам «қалқалап».  
Куәгер мөскеулік ай-аспан,  
Жалғасты алғашқы салтанат.

Асылық етпесін бүктеп сөз,  
Кеш өтті құндерім жұпыны.  
Соғыс та тап кеше біткен кез,  
Шинельге бергендей күпіні.

Студент сәт сапар жайымды ұқ,  
Астана болды үлкен қайын жұрт,  
Одан зор шапағат тілер ме ем.

Деп: «жыртық үйде де құдай бар»,  
Ел айтқан асыл сөз ұнайды-ау,  
Келіпсін қиялы тандармен.

### 3

Келіпсін қиялы тандармен,  
Ак тілек, жас үміт жетелеп.  
Қағілез кейпімді андар ма ен,  
Киындық өткерген өте көп.

«Құдекен» — сен тауып берші емін! —  
Деп саған шын әмір етті ме?!

Қарамай өтермін деуші едім,  
Кызы-қырқын, заты әйел тектіге.

Ол кезде жаралы жүрегім,  
Ем таппай тым енжар жүр едім,  
Тымактай тарылып кен аспан.

Сауыктым, әлдендім қайтадан,  
«Сәт түсті», — деп айқын айта алам,  
Күндерде мен жалғыз адасқан.

### 4

Күндерде мен жалғыз адасқан,  
Күрсінsem қалардай үлестен.  
Өзіңсін жан нұры жарасқан,  
Таймауға арпалыс, күрестен.

Сүйсінsem ак гүлдей сәніне,  
Ерекше сұлусын білгенім.  
Ішіме сыйыпты бәрі де,  
Кеш шыққан ғафу ет тіл кемін.

«Қектемнің желіндегі алдағыш,  
Махаббат — жок нәрсе, жалған іс», -  
Дегізген құндерге құлемін.

Осылай шошытқан, сескенткен,  
Қашан да берері кеш жеткен  
Өмірге өкпелеп жүр едім.

## 5

Өмірге өкпелеп жүр едім,  
Өлеңмен сырласып, тыныстап.  
Махаббат жебеді түлегін,  
Жүрегім лұпілін дұрыстап.

Кияға құлашын созды үміт,  
Кездесіп зәрулі дәруім.  
Киялды құдіктен оздырып,  
Көбейді сені іздең баруым.

Жалыны азайған тамтырап,  
Қайтадан жайнады шам-шырак,  
Мұзданған тұла бой өртенді.

Сенбесен сол кезде сен маған,  
Құл-талкан болар ма кен заман,  
Болжатпай бақытты ертенгі.

## 6

Болжатпай бақытты ертенгі,  
Тіл тежеп жүргенде ғашықка.  
Көтеріп енкейген еңсемді,  
Сен кірдің нұр төгіп лашықка.

Жанарың жан сырын ардақтап,  
Тілсіз тіл жасырын үндесті.  
Үміт, наз, ак тілек жан-жактап,  
Кос жүрек алансыз бірлесті.

Баураса ұмсынтып құмар шак,  
Сүйісе білмейтін үялшак  
Қыз бала кезіне құлемін.

Жарасы жазылған киіктей,  
Жарқ етсен қоймады сүйсінтрей,  
Тоназып жүдеген жүрегім.

7

Тоназып жүдеген жүрегім,  
Қинаса берішті жік кетпей.  
Жұмсарттың тас түйнек білеуін,  
Өкініш біржола бұқтетпей.

Тұнемел көп құдік азайып,  
Желісін түзеді қыл қалам.  
Тандантты мінезін ғажайып  
Аз сөйлеп, көбірек тындаған.

Жерлес қыз туған күн кешінде,  
Аққұба дидарың есімде,  
Көрмедім дәл сенен көркемді.

Кос анар тепсінген төсінде,  
Жұтынып сүм жүрек өшіге,  
Өртенгір, кайтадан өртенді.

Өртенгір, кайтадан өртенді,  
Бейтаныс бір қызды «егіз» — деп.  
Көбейттін сен де өншең «өртенді»,  
Бір сөзді мың мәрте негізден.

Адалдық — ар жүгі, қағидан,  
Болған соң жан пида әр күнім.  
Қашан да адаспас ақ иман,  
Сұт таза, қыл түзу тәртібін.

Куантып біздін зор ынтымак,  
Құрбы-дос қарсы алса шұрқырап,  
Өзінмен ерекше көрінем.

Бір мәрте мырс етпес он күлсем,  
Сүйкімді, салмақты болдың сен,  
Кездесіп астана төрінен.

Кездесіп астана төрінен,  
Жөнделсе баскан із жүйесі.  
Еркелеу көмекшің көрінем,  
Осы үйдін өзінсін иесі.

Откізді мың қиян мың сыннан,  
Кенші-акын жұбайы болу да.  
Сағыншак деген бос сырсыннан,  
Келесің өленді корудан.

Мін тағып мызыымас бірлікке,  
Еш адам бөле алмас тірлікте!  
Ақырғы үйқыда бөлінem.

Құшағын буы жас аялы,  
Құштарлық сұымас баяғы  
Бекіткен қос жүрек мөрімен.

## 10

Бекіткен қос жүрек мөрімен,  
Адал жар тұмарын алыппын.  
Құс ілсем махаббат көлінен,  
Аккудай пәк ниет таныттын.

Түйгені түгелге сенемін,  
Әр сөзін аумайды мәтелден.  
«Сактансан сақтайды», — дегенін  
Құткарды бірталай катерден.

Сын таксан «даярға — маяр» — деп,  
Өленге керек сөз даяр кеп,  
Жақсылап жаттадым мәнгіріп.

Басталып әдепті арнадан,  
Ата-ана ақ жолын жалғаған  
Махаббат біздерде мәңгілік.

## 11

Махаббат біздерде мәңгілік,  
Алғашкы көргендей сыйласкан,  
Шулы өзен өткелін дәл біліп,  
Әмірде парасат жинаскан.

Құс жолы арттағы күндердін —  
Шашында боз қырау менікі.  
Туған ел сыйлаған гүлдердін  
Ең асыл бөлшегі сенікі.

Кен кездым, құтты өлөн тасынды,  
Алысқа сөт сапар ашылды —  
Қайыра карсы алды астана.

Шабыттың шалқарын сен аштын,  
Сенде бар жан нұрын мен аштым  
Құпия жұмбактау басқаға.

## 12

Құпия жұмбактау басқаға,  
Өзінді тап мендей үғар кім.  
Қалмадың тауда да, таста да,  
Екі есе кимайтын шығармын.

Жыр жазсам, тамаша сөзімсін,  
Көп болмас көтерсем бағанды.  
Жоктатпай жебеген өзінсін  
Тым ерте аттанған анамды.

Жұрт айтса сыртымнан жетім деп,  
Етпедің ишарат өкінбек  
Есепшіл қыздардай жат сана.

Қай занғар биікке жетсем де,  
Сәттілік қанаты көп сенде,  
Жолықкан жұмағи бақшада.

## 13

Жолықкан жұмағи бақшада,  
Арусың көз тоймас сымбатты.  
Кейпінді салар ем таска да,  
Өленнен тас болса қымбатты.

Ой-толқын байқашы төтесін,  
Бакыт кой болғаның манызды.  
Келесін егіздей өтесіп,  
Ел-жұртқа перзенттік парызды.

Біздің төр — туған ел бөлшегі,  
Немерем кеңдігін өлшеді —  
Үл, қызымы әкелсе сәнділік.

Құмарлы қызығын нелер көп,  
Әлі де кенелте берер деп  
Қараймын көркіне мәнгіріп.

## 14

Қараймын көркіне мәнгіріп,  
Алғашқы кездескен кезімдей.  
Бүгін де қызықты таң күліп,  
Жарықтық түн бойы көз ілмей.

Он екі мүшенің суретін,  
Бұлжытпай айтар ем, үялам.  
Ақындық жетер-ау құдіретім,  
Көрмеге қалайша кия алам.

Ізетке көндікsem сый сактап,  
Қиналды демеші қипактап,  
Сүймесем ғұмырымды арнар ма ем.

Құлшынсам тұлпардай белдеуде,  
Дәлелін салғызбас тергеуге,  
Шипалы шәрбетің жан дәрмен.

Шипалы шәрбатың жан дәрмен,  
 Ауамен жұтымы таласқан.  
 Келіпсін киялыш тандармен,  
 Күндерде мен жалғыз адасқан.

Өмірге өкпелеп жүр едім,  
 Болжатпай бақытты ертенгі.  
 Тоңазып жүдеген жүрегім  
 Өртенгір, кайтадан өртенді.

Кездесіп астана төрінен,  
 Бекіткен қос жүрек мөрімен  
 Махаббат біздерде мәнгілік.

Құпия жұмбактау басқаға,  
 Жолыққан жұмағи бақшада,  
 Караймын көркіне мәнгіріп.

1978

## ТУҒАН ЖЕР

### 1

Кербез дала, кендігі-ай пейіліннің.  
Самал желмен тарайды мейірлі үнің.  
«Айналайын» деп тұрған жан анамдай  
Жыл он екі ай табылmas кейбір құнің

Зымыранға тенеген ат шабысын,  
Әлемге әйгі өр құнгі шат табысын.  
Айтып өтем тірлікте алғысымды,  
Тұнғыш таңым төсінде атқаны үшін.

Қыран қиял санамды менгеріпті,  
Кеншілік пен акындық тенделіпті  
Айттар сөзді сонетке қыйыстырсам.

Соның бәрін сезіну қандай қызық,  
Шабыттанбас мезет жоқ мандай қызып  
Мен биікпін, сен шалқып биік тұрсан.

### 2

Мен биікпін. Сен шалқып биік тұрсан.  
Бейнен лайық қай сөзге сыйыстырсам.  
Естіген жан кішіріп ізет етер,  
Қазақпын деп сыпайы тыныш тұрсан.

Ұрымталдау кісіге шет тілінде,  
Ұғынысар, ұғысар жетті үнім де.  
Алматымды білмейтін адам қайда.  
Ата-баба сырьы бар өткенінде.

Ықыласымды абайлап гүл өңінен,  
Суый білмес сыр төксем жүрегімнен  
Мұқтаж еттім іс пен сөздің бірлігін.

Аумайды ғой тірлігім тірлігінен,  
Тұтін тұзу шыққан соң тұндігімнен  
Тым келтелеу айтылар кейбір күнім.

### 3

Тым келтелеу айтылар кейбір күнім,  
Жан құштарын сонда да сөздің бүгін.  
Ата-анамдай елжіреп жатқан дала,  
Жыр арқауы, ол сенің мөлдірлігін.

Соны айтпасам, болар ем «жарым» адам,  
Сәтті сөзден өзім де жалын алам.  
Үзенгілес жүйріктер атой салса,  
Құлагердей мәреде ағынданам.

Көнілге — күш, көзге — ыстық маған бәрі  
Бірдей қымбат кәрі, жас адамдары  
Сыйым гүлтәж жан сырын жиыстыра.

Қазакстан, ұлыңмын деп келемін,  
Бірак артық сөйлеуден сескенемін  
Байтак елім бір сөзге сыйып тұрса.

### 4

Байтак елім бір сөзге сыйып тұрса.  
Бар тарихын бір ғана күй ұқтырса.  
Көркемдігін көрсетер Алатаудың,  
Етегінде мәнгі жас биік шырша.

Самал сеппес саясы жалғыз маған,  
Дос, жарансыз жігітпін тан құшпаған.  
Тынған іс пен тынымсыз уақытты өлшеп.  
Ел намысын қашан да алға үстагам.

Асыл жүкті арманым барады артып,  
Көргенім жоқ қүшімді шала сарқып  
Әр тәулігім бел, белес жаңартады.

Құнарлы жер көтерсек ішкі өнірін,  
Өзімнің де өзгерді ішкі өмірім  
Досым сүйсе кен жайлау Саарқаны.

## 5

Досым сүйсе кен жайлау Саарқаны,  
Білекке құш, жанға арқау самал таны.  
Көкше деген ұлгісі сұлулықтың,  
Көкірегінді көркімен тазартады.

Сексен көлі мөп-мөлдір, көктен де көк,  
«Гәккулетер» акқу, каз жеткендей көп.  
Менін жаным жаралған сол аймакта,  
Сонеттерім сырласса көктемдей боп.

Егін дала. Тұнгі отка карадым да,  
Жұргендей боп аэропорт аланында  
Жұлдыз басып жоғары сатыладым.

Бітік егін орылып болмай жатып,  
Дән тенізін шарласам Торғайлатып  
Бетке үстадым Ұлытау атырабын.

Бетке ұстадым Ұлытау атырабын.  
 Абылай салған алтын жол жарқырады.  
 Алаша хан басынан тағзым етіп,  
 Баяғыға бүгіннен катынадым.

Мың-мын киік жөңкіген алқабында.  
 Араласып кетіпті мал табында.  
 Зымыранмен зу етіп өтсендәғы.  
 Жолды кеспей көнбейді жалтаруға.

Жез киік пен шұбырған құралайы,  
 Өзгешелеу бұл жерде күн арайы  
 Көкірегімнің ұлғайтқан жанартауын.

Жан-тәніммен сүйдім сол киікті елді,  
 Бақытты өлке бай шабыт құйып берді  
 Өлең көшін өзімше жанартамын.

Өлең көшін өзімше жанартамын,  
 Үр жана боп өзгерді сан алқабым.  
 Жезқазғанда Жез — теңіз айдын көрсөн,  
 Ен байлығы сол деп біл Саарқаның.

Кенгір жакқа Кереку шығарып сап,  
 Ертісті де игердік бұғалықтап.  
 Байконырдан аттанды ғарышкерлер,  
 Жібергендей қойлы ауыл құдалықка.

Өнірімді өзгертіп жана оттары,  
 Теміртаудың жалғасса заводтары  
 Көмір, темір молайтты атырабым.

Бұрылайын құрбым көп қызықтырса.  
Самалдайын құн оттай қызып тұрса  
Ұмытпайын сыншы көз бакылауын.

## 8

Ұмытпайын сыншы көз бакылауын,  
Мен кайда дер сыр толқып Атырауым.  
Қазақстан — ел десем жайдақ малшы,  
Қаныш аға келмей ме атына мін.

Өндіріспен жалғасты әр қыстауым,  
Мұнаралар тізбегін алға ұстадым.  
Махамбеттен құш алған Бауыржандай,  
Жалғастырды Эмбаны Манғыстауым.

Қара алтыным, қол жетпес киял едін,  
Кен асылын өзім де жия бердім,  
Өлең болмай жанымның бар берері.

Ансағанға үмтүлу ақын бағы,  
Самғап келем, Алатау жақындалы  
Алма-қыздар шырқаған ән жебеді.

## 9

Алма қыздар шырқаған ән жебеді,  
Алма дидар ойлантты әлденені.  
Жұтқан демнің жұпары үзілместей  
Алма-самал адамға әл береді.

Алма - қала, Алматым, алмалы бақ,  
Жұтқіріп жүр көшеде алма-бұлак.  
Арықтарда бау-бақша сәулесі бар,  
Асфальт жолға түскендей алма құлап.

Арулары барады алмаланып.  
Алматыда тұрады алма-халық  
Гүлі жерге, гүлге адам сән береді.

Шектім қызға қызықкан — қызық ғасыр,  
Алма ағаштың түбінде ізім жатыр  
Сол еді ғой маған да бар керегі.

## 10

Сол еді ғой маған да бар керегі,  
Қай байлығын Балқашка пар келеді.  
Қонырат жатқан жамырап өтіп жатыр  
Эшалондар кен арткан нар денелі.

Судың бетін көркейтсе қызыл жалқын,  
Қызыл мыстан жарқ өтіп үзілді алтын.  
От сапырып жатқандай аныз адам,  
Балқыған мыс лапылдап қызды қарқын.

Қалды деме жадымда жаңылған із.  
Тағдырына осынау көл қарыздармыз  
Өзіме пәк кол үзбей бір байқарым.

Ал әзірше қалмастай санатымнан,  
Аспандағы ұшактың қанатынан  
Жарқырайды алыста жыр Зайсаным.

## 11

Жарқырайды алыста жыр Зайсаным.  
Кенді Алтайдың қарашы ну кәусарын.  
Есіме алып Бошайдың үш қарасын,  
Дүлдүлдікке ауытқып тұр ансарым.

Көлді көрдім биікке ағып шығып,  
Сабасы мол, етпейді тарыншылық.  
Қара Ертіс пен Көкпекті құйып жатыр  
Тау мен тасты алыстан жарып шығып.

Алтын тенбіл кермиык арайланды,  
Көз үшында Марқакөл қарай қалды  
Тілге оралды құпия айтылмасым.

Тау тәнірі актангер Алтаймысын,  
Бұдан артық көз шері тарқаймысын  
Сыйға тарттым аспанда ай-сырғасын.

## 12

Сыйға тарттым аспанда ай сырғасын,  
Ақтап өтем ак жүрек тапсырмасын.  
Сауалыма ак марал қөндігіпті,  
Сағынуы мол екен жан сырласын.

Тұрмысы шат — деп біреу күндеңен бе?  
Орап еді үлде мен бұлдеге де.  
Бәрі солай. Тек қана жетім жүрек  
Қай жаннатқа койсан да гүлдене ме.

Көктемі өтпей жүргендер жазды үгар ма,  
Шер таркатар сәт керек наздыларға  
Ол да актарды өзгеге айтылмасын.

Тау тенсeltіп сонетті шактамаймын,  
Өзендерге өр мінез аттанайын,  
Сағыныппын Жетісу таң шұғыласын.

Сағыныппын Жетісу тан шұғыласын.  
 Іле мен Шу көріп ем бай тұлғасын.  
 Аксу, Көксу, Лепсі, Қаратал мен  
 Татып едім Бұйенсу бал түнбасын.

Жас кенші едім ол кезде жасырмаймын,  
 Текелінің тентектеу тасындаймын.  
 Тау беткейде, кен жайлау күшағында,  
 Күн шыққанша тұрушуы ек касында айдын.

Әдемі түн, бал бұлак, жуалы сай,  
 «Әллі аланы ауаның дуалысы-ай  
 Терен сайдан естілер сырнай сарын.

Ақ қайынға жөні бар жалыныштын,  
 Ән де туды назындаи сағыныштын  
 Толқып жүріп ішінде гүл майсанын.

Толқып жүріп ішінде гүл майсанын.  
 Жаным сүйді жасымнан жыр жайсанын  
 Қан майданнан калған гүл сияктымын,  
 Кайдан шыкты десендер бұл қайсаын.

Женіс берген бейбіт тан ак самалын,  
 Көп еді ғой жаутанкөз ансағаным.  
 Табанымнан өткен сыз шықпай жүр ғой,  
 Түзелтсем де өмірдің қас-қабағын.

Жөнін білсем сезімтал жыр баптаудын,  
 Кей адамға мен әлі жұмбактаумын  
 Бірдей түсіп тұрса да мейірімім.

Ерте айырып баяғы құйік-шерден,  
Дені тұзу сыйлас дос жиып берген  
Кербез дала! Кендігі-ай, пейіліннің!

## 15

Кербез дала! Кендігі-ай пейіліннің!  
Мен биікпін, сен шалқып биік тұрсан.  
Тым келтелеу айтылар кейбір құнім,  
Байтақ елім бір сөзге сыйып тұрса.

Досым сүйсе кен жайлау Сарапқаны,  
Бетке ұстадым Ұлытау атырабын.  
Өлең қөшін өзімше жаңартамын,  
Ұмытпайын сыншы көз бақылауын.

Алма-қыздар шырқаған өн жебеді.  
Сол еді ғой маған да бар керегі  
Жаркырайды алыста жыр-Зайсаным.

Сыйға тарттым аспанда ай-сырғасын.  
Сағыныппын Жетісу таң шұғыласын  
Толқып жүріп ішінде гүл майсанын.

1982

## КЕНШІЛІК ПЕН АҚЫНДЫҚ

### 1

Кенші ақын десендер өзімді,  
Бәрі де емес бос ермегім.  
Алтын кен, түбі асыл сөзімді,  
Тұнғиык тереннен зерледім.

Қос кеме әуресі оңай ма?  
Деген сөз көрсетсем пүшпағын,  
— Ә, шырак! Зор күдік орай ма?  
Деп шенеп даурығар дұшпаным.

Жалқаудың бар қүші тілінде,  
Дегізбес серттемін бүгін де  
Туар бір парнасқа шығар күн.

Сирек кен, түйдек сөз керегім,  
Сол менің ел-жұртқа берерім  
Қос көлік жүгіме шыдармын.

### 2

Қос көлік жүгіме шыдармын,  
Бұла қүш бойымда ағындал.  
Бәйтерек қалпымда тұрармын,  
Жыл сайын жапырағым қалындал.

Сұм тағдыр білдірсе сарандық.  
Қос өнер жолына шықпас та ем.  
Ақындық жасаса жаландық,  
Кей сырын дүниенін үқпас та ем.

Ең сәтті жылдарым деп білем,  
Қасымда кайсар жан көп кілен  
Жez кайнар тасыткан кезімді.

Ұзак түн өлеңмен тілдескен,  
Тан атса шынырау мен шық кешкен  
Жырладым өмірге төзімді.

### 3

Жырладым өмірге төзімді,  
Көнілсіз күндермен қоштастым.  
Жырға орап селк еткен сезімді,  
Мазасыз шабытпен достастым.

Тау бұзып, кен қеулеп, жол салған,  
Болғай-ак әр ісім зиятты.  
Забойда аз емес қолтанбам,  
Қағазда колжазбам сиякты.

Тағдырым тағдыры елімнін,  
Өміршен өмірге берілдім  
Кен қазған айқасқа күмармын.

«Жалған», — деп өмірді, «Фәни», — деп,  
Сөкпесем өзімше тани кеп  
Ақынша сүйетін шығармын.

### 4

Ақынша сүйетін шығармын  
Қос арман құлшынтыкан таң нұрын.  
Ұлытау жоктаған ұлардың  
Құс киял жанғырттым ән, жырын.

Тансық боп тердім де жер кенін,  
Тотының толғағын байлаттым.  
Жез Киік жез қанат желкенін  
Саарқа өрінде жайнаттым.

Шахтерлік шайқаста байқаған,  
айқасты жыр етіп жай табам  
Бұл да бір ғажайып кеншілік.

Талаптың қос қанат бар мәні:  
Ақындық анамның арманы  
Әкеме арналды кеншілік.

## 5

Әкеме арналды кеншілік,  
Ол ерте көз жұмса қапылыс.  
Артында ақ дәні мен шығып,  
Қауладым жанталас, асығыс.

Өткен күн — бүгіннің айнасы,  
Кен казу өкінтіп көрмеді.  
Сол шығар өмірге пайдасы,  
Кос өнер шекара бөлмеді.

Кісілік дегенің — кішілік,  
Жолдаска жаттықсан кішіріп  
Ол сенен аяmas жан үзім.

Забойдан оралсам шабыт кеп,  
Дем берді — ат басын ағыт! — деп  
Ақындық — анама парызым.

Ақындық — анама парызым,  
Сездірсе терен ой тұнығын.  
Салмактап келем сөз маңызын.  
Таза алтын табардай сынығын.

Дертті жан асқынған жарасын  
Болса ғой өлеңім емдейтін.  
Тілегін акталар, анашым,  
Сол сәтке кезім жоқ сенбейтін.

Үйретсөн бауырмал ғұрыпты,  
Жан аған өзіндей жылдыты  
Тәлімнен көрмедім кемшілік.

Не өтті, не кетті басымнан?  
Білген сон дос-жаран жасымнан  
Сыр бүгү болмай ма ерсілік.

Сыр бүгү болмай ма ерсілік,  
Қолыма қонған құс сайрасын.  
Кос жүкке малышынын тер шығып,  
Жас үрпак жігерін қайрасын.

Келемін әдемі жол жасап,  
Досым көп бүгелес-шігелес.  
Шіркін-ай, жалқаулау болмасак,  
Жұз өнер жігітке жүк емес.

Дәнекер дәніндей мойылдын,  
Әр шумак түйсігі ойымнын  
Шыбын жан бөлшегі бар үзім.

Сөз бен іс бекітсем бірлігін,  
Өткөрген акталар тірлігім  
Бұл да бір перзенттік арызым.

8

Бұл да бір перзенттік арызым.  
Жүргенде кенге жан байығып.  
Ұлғайттым тірліктің маңызын,  
Сұмдықтан шындықты айырып.

Сөз теріп сүйретпе құр ермек,  
Не керек бір шерін болмаса.  
Қызықтың қасиетін білер ме ек,  
Қындық іргелес конбаса.

Колқабыс етіп бір ісіне,  
Ес болмас адасқан кісіде  
Шын сергіп кенелер көніл де.

Анықтап бір көру наз-арман.  
Корғасам аккуды ажалдан  
Бір тілек өтелер өмірде.

9

Бір тілек өтелер өмірде  
Қос кемем тойтарса дауылды.  
Жұлдызым жарқ етсе көгімде,  
Тебірентер дос түгіл, жауымды.

Үйірмін өжетке еркемен,  
Анғалға құмартам тамсана.  
Жылпости жөpteуге жиіркенем,  
Қанжарын желкемнен салса да.

Ар, намыс — ак жолым қызықкан,  
аулакпын аума есер бұзыктан  
Адалдық түсім де, өнім де.

Сынай бер тенізде, күрлекта,  
Жұтінем тек кана шындықка  
Алтын деп ат тақпай көмірге.

## 10

Алтын деп ат тақпай көмірге,  
Қамшылау өзімді зандылық.  
Отты жыр түспейді женилге,  
Ел жаттар әдемі өн қылып.

Көкпарды жастарға таstadtым,  
Тым ұзак шабыска даярмын.  
Ашылып келеді аспаным,  
Мәреге мен-дағы таяндым.

Кос кеме әр күндік жұмысым,  
бір істі жалғайды бір ісім  
Кім маған кос шаттық қимайды.

Бұл өмір — өлмestіk майданы,  
Шайлықпай келемін жайдары  
Жайдары жаным жыр сыйлайды.

## 11

Жайдары жаным жыр сыйлайды,  
Онай ма колдан құс ұшыру.  
Созамын мың дыбыс сырнайлы,  
Бөгде үннен болмластай қысылу.

Жер көкте ғажапқа жармасам,  
Қыраным ак түлкі ілсін деп.  
Сонетті таңдадым андасан  
Қазактың жырына сінсін деп.

Айтарым жок емес мін тауып,  
«Форма тар, үйқасы шырмауық», —  
Деп сөгіп сонеттен безгенге.

Әскери формада жүріп те,  
Шоқандар шайлыға біліп пе?  
Кім сөгер кен тапсам сөзден де.

## 12

Кім сөгер кен тапсам сөзден де  
Гауһардай ак сәуле тұсірген.  
Әйтпесе жыр пірі безбей ме,  
Береке кеткендей ісімнен.

Айтарым ел назар бұрғанда,  
Қазған кен — жағада құндызым.  
Жарқ етер жан нұры жанғанда,  
Жазған жыр — жүректе жұлдызым.

Ақындық — қанатым, кеншілік — тірлігім,  
Біреуі — қаламым, біреуі — күрегім  
Бақыт қой сондайды сезген де.

Беу, мұза! Жыр селін қи маған,  
Біткен іс аз болып қиналадам  
Бергенім женіл түр безбенде.

Бергенім женіл тұр безбенде,  
 Кел, шабыт! Ағында, бермен кел!  
 Сезімтал сұлу жыр сезгенде,  
 Сүйсінсін бізге де сенгендер.

Жайнаған көзінің оты бар,  
 Жаксы өлең — Сарапқа киігі.  
 Сайраған бауырында тотылар,  
 Жаксы өлең — Алатау биігі.

Акку құс кетпесе ойымнан,  
 Сұлұлық құштарым бой ұрған  
 Құсалық кекірекке сыймайды.

Кос өнер өріне ұмтылған,  
 Салтымды кім сөксө сиртимнан  
 Жанымды сол қатты кинайды.

Жанымды сол қатты кинайды.  
 Жазықсыз өртенсе жолдасым.  
 Сөз тасын сонда ақын тыймайды,  
 Тығылмай корғалап өз басын.

Кім мактап, кім әлсіз санады,  
 Құн жетті алданбай үғынар.  
 Өлең де ауырлап барады,  
 Әр сөзде атаннын құны бар.

Тірідей тұсірер молаға,  
 Жалынсыз, салқын жыр жолама,  
 Күміс деп бұлдау жок жезімді.

Өнерге күр жайдак жанасып,  
Кетпесін жөн таптай адасып  
Кенші-акын десендер өзімді.

## 15

Кенші-акын десендер өзімді,  
Кос көлік жүгіме шыдармын.  
Жырладым өмірге тәзімді,  
Ақынша сүйетін шығармын.

Әкеме арналса кеншілік,  
Ақындық — анама парызым.  
Сыр бұгу болмай ма ерсілік,  
Бұл да бір перзенттік арызым.

Бір тілек өтелер өмірде,  
Алтын деп ат тақпай көмірге  
Жайдары жаным жыр сыйлайды.

Кім сөгер кен тапсам сөзден де,  
Бергенім женіл түр безбенде  
Жанымды сол катты қинайды.

1980

## МАХАББАТ МУНЫ — «СЫЛҚЫЛДАК»

### 1

Аспандағы айдын да орағына,  
Кемпіркосак қызыл, көк жолағына.  
Саумал сағым, қыз мінез желіне де,  
О, туған жер! Махаббат орады ма?!

Қыран үшса Қарқара дара белден  
Акқу көрсем актымық Алакөлден,  
Бәрі аумайды мен інкәр күйші қыздың  
Ак жүзіне сән берген кара меннен.

Азды-көпті думан той, шілделікті,  
Тағат таппай қос жүрек бірге күтті  
Сауық кешті салушы ек тым созбаға.

Келін түсіп, ағайын той жасаған,  
Саарқаның сайранын ойға салам  
Қызығушы ек балдырған қыз-бозбала.

### 2

Қызығушы ек балдырған қыз-бозбала,  
Қызық қайда бал дәурен қол созбаған.  
Күй жарыста алғашкы күйім туды,  
Сен себепкөр көктемдей мұз козғаған.

Жауап тапса жаттаған қырық күйім,  
Бәшпәйіммен тартып ем қырық бірін.  
«Сылқылдақ» деп атап ем өзіне арнап,  
Тебіренткенде тойлы ауыл тұнық тұнін.

Құлын шабыт тапты ғой өзі мені,  
Ғашық қүйі — сүт таза сезім еді  
Тұсken сәтте інкәрлық торабына.

Асыл тума — жетекке үйренді үнім,  
Құрметті қүй — ол сені сүйген күнім  
Махаббаттың тартуы қонағына.

### 3

Махаббаттың тартуы қонағына,  
Ол — туған жер сыйбыры олағына.  
Ол — құштарлық белгісі бойымдағы,  
Күй — мұнара қос жүрек одағына.

Ол — үздіккен ләzzаттан туындаған,  
Ол — қан тамыр ағысы буындаған.  
Ол — махаббат жәдігер қарлығашы,  
Таң мезгілде тал бойлап зуылдаған.

Жұзін жанып мөп-мөлдір мұнсызданып,  
Кірпік қақпай, талмаурап, тілсіз қалап  
Кымсынып ен, бойжеткен, біз бозбала.

Кездесуге женешен баптағанда,  
Дыбыс түгіл тынысты шактағанда  
Тұсуші еді тіліннен бір сөз ғана.

### 4

Тұсуші еді тіліннен бір сөз ғана,  
Тансық көріп тыңдайтын гүл козғала.  
«Сылқылдағым» сол сөздің ескерткіші,  
Ол сөз ғажап, сұлу сөз, ол сөз дана.

Қайталауға күй серік тілім жетпей,  
Коймауши еді денемді дірілдетпей.  
Екі ішекке дыбыспен байлап, матап,  
Бәсім толмас сол сөзді ғұмырлы етпей.

Бар қызының бойыма таралғандай,  
Сол сөз үшін анамнан жарапғандай  
Асықтырды-ау жазғы ауыл келер кеші.

Сенсіз жұтқан Қоянды ауасы да,  
Көндіретін құсалық дауасына  
Сәби сезім әл беріп көленкесі.

## 5

Сәби сезім әл беріп көленкесі,  
Көкейіме құйылды күй еркесі.  
Жалбарынған сыйырым естілгендей,  
Күй кұрады жанымның сүйер кезі.

«Былқылдақта» мың түрлі өседі гүл,  
Қарағайды қапталдап көшеді інір.  
Сылқыл қақкан күлкінді естігенде,  
Сезінемін боларын неше ғұмыр.

Салқын самал жазғы ымырт жұтқан нұрын,  
Тал түбінде татушы ек жұрттан бұрын  
Тіршіліктің тапқандай жаңалығын.

Жаратылған жасырын сырласуға,  
Қысқа тұнді тенеймін мың ғасырға  
Ақ құба көш көрінсе бала күнім.

Ак күба көш көрінсе бала күнім,  
 Болдым құлы махаббат сабағынын.  
 Күй төгілткен кос ішектей толқындайтын,  
 Ак төсінде кос алқа кара бұрым.

Қасың қозғап кеткендей арман өнін,  
 Тың ырғаққа ішімнен жалғанамын.  
 Айдын көлде аккудан ажарлысын,  
 Кос коянға төсінде таңданамын.

Сылқылдаған құлқіндей жәйма шуак,  
 Сылқыл қағып жатыр-ау айна бұлак  
 «Сылқылдак» күй косылса сенер деші.

Сұлұлықтың көп сырын анықтаған,  
 Көркінді ойлап көп жерге барып қалам  
 Мен білетін өзіңсін ел еркесі.

Мен білетін өзіңсін ел еркесі,  
 Күйлерінді аңсайды өнер кеші.  
 Біз күй тартсак жамиғат жанданатын,  
 Кос домбыра туғанда желер кезі.

Сінлісіндей көретін тату сені,  
 Алдына кеп ак марал жатушы еді.  
 Дидарына ділгір мен отырсам,  
 Ол қолыннан Жусан гүл татушы еді.

Құшағымда бергендей құдай тыным,  
 Үнайтүғын күй сазын құрайтының  
 Шуак шашып ак уыз бала нұрын.

Қүйге косқан пәк сезім құйылсынын,  
Бақыттым ғой алдаусыз сүйінішін  
Ак құба қызы, қара көз, қара бұрым.

8

Ак құба қызы, қара көз, қара бұрым,  
Базар еді-ау бұлдіршін бала құнін.  
Таулы ауылдың бір шетін ансатасын,  
Тар көрініп қырысyz дала бүгін.

Қүйім сарқып сырымды бітірер ме,  
Бітірер деп құнім жок күтінер де.  
Күй жарысы жасымда жолықтырған,  
Махаббатты паш еттім бүкіл елге.

Сөресіден жол іздел бара жатқан  
Сен тан шолпан жарқырап маған аккан,  
Домбырада тың сарын бұлғактаған.

Шабыт селін шақыра ақ белесін  
Ұзак атам қалдырған «Ақ Желенсін»  
Сенен асыл туар ма сымбатты адам.

9

Сенен асыл туар ма сымбатты адам,  
Бағланы едін еліктін тұн катпаған.  
Ғашық акку сынары секілді едін,  
Ак толқынның ырғагы құндактаған.

Қою тұнді ак жүзін сүйилтқандай,  
Жұмсақ, шағын, ынғайлы ыйық қандай!  
Ак төсіне Ай нұры тұсуші еді,  
Алақанға ак уыз ұйытқандай.

Сәуір-ғұмыр сол екен арман-ғұмыр,  
Ерке құлқін есімнен қалмайды бір  
Келбетінді ерекше лұғаттаған.

Қуанышка болдың ба мендей қарық,  
Қыска танның атқанын сезбей қалып  
Бейнең қызық ботадай бұлғактаған.

## 10

Бейнең қызық ботадай бұлғактаған,  
Қыз дана ғой дәл қырық күй жаттаған.  
Женіл кете жаздал ен, сонда мені,  
Қырық бірінші құдіретті күй сақтаған.

Шертіп, қағып созылта төккенімде,  
Ыңғакқа еріп кететін өпкенім де.  
Өліп-талып жеткендей қуанушы ем,  
Сен тосқанда шулы өзен өткелінде.

Отты айналған мәз болсам көбелекше,  
Құбылыс ен жаралған жаны ерекше  
Түйін осы мың айттар сөзімдегі.

Хабар беріп тұргандай арайлы арман,  
Жаутан етіп жарылқап қарай қалған  
Тұнғиыққа інкар ем көзіндегі.

## 11

Тұнғиыққа інкар ем көзіндегі,  
Әр дыбыска құштармын сөзіндегі.  
Күй тартсан да, ән салып, билесен де,  
Мың өнерден бір мұлтік сезілмеді.

Бірімізге біріміз «жаным құрбан»,  
Дей бершенше, күй арнап сағындырған  
Ел аралап екеуміз жүрер ме едік,  
Кос домбыра күмбірлеп сағым қырдан.

Жұзін жылы, дем берген көрер көзге,  
Білем талай тамсанған менен де өзге  
Бәрін жендім деп іштей түсінемін.

Бос сандырак, біракта емес мұным,  
Атастырған жерін бар менен бұрын  
Кездесудің іздесем тезірегін.

## 12

Кездесудің іздесем тезірегін,  
Кірпігім күй шерткендей көз ілемін.  
Жан сезімім жасырып сыр бүктесем,  
Тіршілікті көрер ем өзіме мін.

Кейде тасқын, кейде пәс майдаконыр,  
Сені көрсем кетеді жайнап өмір.  
Сылқыл қағып сүм жалған мыскылдай ма,  
Сескентеді досынды жалған өмір.

Айтқым келсе ак ниет сырымды ашып,  
Сен дегенде кетеді күйім тасып  
Үнің болып толқиды төнірегім.

Тағдыр бәгет етпесе жоспарыма,  
Кос жүректі ризамын қосқанына  
Кайтем босқа созбалап сөз легін.

Қайтем боска созбалап сөз легін,  
— Күй жеткісін арыз-наз көбірегін. —  
Деп жұргенде, «Биге күй не керек», — деп,  
Өсек тасып қаксайды төнірегім.

Килігуге жетік бар құмарланған  
Озбыр көп кой осындай құралды алған.  
Өз басынан асырмау кісі өнерін,  
Кей пасықтың өтіне бұрандалған.

Жалғыз акқу кездесіп жұр түсімде,  
Шошу, үрку, сескену бар түсінде  
Мұнлы арудын сескентті сезімдері.

Қойши тәнірі, ұмыт боп қалды бәрі,  
Есімде тек «Былқылдақ» бал құрағы  
Сыр таусылмас балғын жас кезімдегі.

Сыр таусылмас балғын жас кезімдегі,  
О, туған жер! Ол белгім өзіндегі.  
Әрі қүйші, әрі өнші ак құба қызы,  
Адам кені, алтын да, жезім де еді.

Бірде молдау, сағыныш бірде азайып,  
Жыр жалғайды сикырлы бір ғажайып  
Өзі келіп үнілмей жүрегіме,  
Сенімім аз, өжеттік түр азайып.

Есіміне елеңдеп балқып денем,  
Сезгенімді жасырмай сарқып келем  
Күй айтады, сөз емес ала-құла.

«Сылқылдакты» ағайын біліп қойған:  
Махаббатқа ескерткіш іліп қойдым  
Аспандағы айдын да орағына.

## 15

Аспандағы айдын да орағына,  
Қызығушы ек балдырган қыз-бозбала.  
Махаббаттың тартуы конағына —  
Тұсуші еді тілінен бір сөз ғана.

Сәби сезім өл беріп көленкесі,  
Ак құба кеш көрінсе бала құнім.  
Мен білетін өзіңсін ел еркесі,  
Ак құба қыз, кара көз, кара бұрым.

Сенен асыл туар ма сымбатты адам,  
Бейнен қызық ботадай бұлғактаған.  
Тұнғиыққа інқар ем көзіндегі.

Кездесудің іздесем тезірегін,  
Қайтем босқа созбалап сөз легін  
Сыр таусылмас балғын жас кезімдегі.

1992

## МЕЗЕТ СЫРЫ

### 1

Құштарлығың ұлғайса іс пен сөзде,  
Шошытпайды үрейлі түс те кезбе.  
Тұнғыш рет тұтатқан ғашық отын,  
Мезет жетпес көзге көз түскен кезге.

Қасакана салқынсып «ұнадың» — деп,  
Сүйіп жүріп, сүймestей сынаңдың көп.  
Сен айтпасты, мөлт еткен көзін айткан,  
— Қапаланба, кетпейді бір адым, — деп.

Нар тәуекел, шайлықпа баста, дейді,  
Кыз алдында кобалжып саспа дейді,  
Қас қағым сәт жолынды жөптейді екен.

Бөгде сырын жаныңың түсінбеймін,  
Бал мен уын бұйырған ішіп-жеймін,  
«Еркеледін», — деп сені сөкпей өтем.

### 2

Еркеледің деп сені сөкпей өтем,  
Мезет сырын паш етіп жеппелетем.  
Шын махабbat мұлтіксіз ынтық зары,  
Сені алғашкы көргенде жеткен екен.

Ойлы кейпін, ак дидар, қызыл ерін,  
Лала гүлдей көз тартқыш қызық едін.  
Тұнғыш рет бетіңнен бір сүйгенде,  
Ерлік бітіп, ес кетіп, қызып едім.

Құс үшуға жаралса қызы қанды.  
Біз жаралдық құшуға сұлуларды,  
Жол ашқандай бір сүп іс пен сөзге.

Жан бірлігін жасырмай сездіретін,  
Сенімім көп ғашықтар тез білетін  
Жұлдыз мезет көзге көз түскен кезде.

### 3

Жұлдыз мезет көзге көз түскен кезде,  
Сен де алғыс айт сәт сырын іш пен сез де.  
Көп тостырған аз уақыт жарқ етті ғой,  
«Сүйдім» деген жеткізіп үстем сөзге.

Бүкіл өмір түзеткен бұрыстығын,  
Тағдырға да деп едім дұрыс мұнын.  
Маздап жанған мезетті айтпау айып,  
Жұдеу жүрек алды ғой тыныс, тыным.

Бір сөз берді махаббат тан шуағын,  
Жанға рахат жаралды ақ шуак үн,  
Ол сөз естен көз жұмбай жетпейді еken.

Сөз артында, әрине, сен тұрасын,  
Ақ жарылып білдірсем ең тұрасын:  
Бір сүйгенге еш қызық жетпейді еken.

### 4

Бір сүйгенге еш қызық жетпейді еken,  
Құштар көніл тойы осы көктемдер.  
Тұнілуден жүдеген ғашықтар көп,  
Бірігуден жан дүниен көктейді еken.

Кім жетеді женіске есі кірмей.  
Тілім тиді жеміске несібімдей.  
Тәуба деймін, еш қандай кикілжін жок,  
Арамызда қалатын кешірілмей.

Талай, талай белестен әріге астық,  
Кімас күннін шын тату — бәрі жастық  
Ак жұзіннің сәулелі нұры тынбас.

Көңіл назын келемін жылы мөрлеп,  
Алға ұмтылсан әрдайым жырым өрлеп  
Махаббатшыл мезеттер ұмытылмас.

## 5

Махаббатшыл мезеттер ұмытылмас.  
Бәрі есімде жүрген жер гүлі сырлас.  
Біз кездескен би кеші қызық еді,  
Әлі күнге құлактан үні тынбас.

Сайрамаса бұлбұл да бұлбұл емес,  
Құлшындырып кетеді сылкым елес.  
Мені көріп шырайын жарқ етті ғой,  
Естен шығу ол мезет мүмкін емес.

Інкәр мезет деместей кайда қалған,  
Ләzzетін мол кисапсыз пайдаланған.  
Шектім сырын қыл көпір дәл үстінің

Қабағын ба деп қалып күн киығын,  
Мол сезінем сыйластық тұңғиғын  
Шыншылдығым — шыр бұзбас дұрыстығым.

Шыншылдығым — шыр бұзбас дұрыстығым,  
Кылшылдаپ түр от, жалын — қылыш күнім.  
Көз жұмарда әттен-ай демеу үшін,  
Өмір сонын ойлаған дұрыс бүгін.

Кесе сынса өлеңмен әдіптеген,  
Мән бергейсің әр сөзге әріппенен.  
Әсірелемей акжарқын әнгіме етсем,  
Жасыруды ең үлкен кәдік көрем.

Есіме алсам көбейген шаш қылауын,  
Көкірек жарған төгіліп тасқын ағын,  
Күмбірлеген домбыра үні тынбас.

Асыл қайнар ашылмай қалсын неге.  
Үнсіз өтер мені де мәнсіз деме  
Жыр шалқымай ақынның күні тумас.

Жыр шалқымай ақынның күні тумас,  
Жүргегінде гүл жарған үмітінді аш.  
Құлқі өрлеген кірпіктер дірілінен,  
Тамшы көрсем сөз етпей жырым тынбас.

Ауыл жакқа үмтүлсам бару үшін,  
Емес кой ол біреуге жалынышым.  
Жан анамның басында тұрып қайтам  
Басылсын деп бір мезет сағынышым.

Іштей сезем кей жәйтік қызық мәнін,  
Өзіне де көрсеттім тізіп бәрін  
Аруақ колдар ол менін дұрыс күнім.

Әр кадамға аударсан назарынды  
Көмек еттім жәдігер жанарынды,  
Сактап жүрген махаббат тыныштығын.

## 8

Сактап жүрген махаббат тыныштығын,  
Аз емес кой алдында ырысты құн.  
Алғашқы рет анғартқан өзің едің,  
Ата-анамнан кейінгі кім ыстығын.

Ауды ма екен атадан кенен дарын,  
Көркем сөзге көмкеріп келем бәрін.  
Ұл туған құн мезеті шексіз бақыт,  
Көз жұмғанша тірлікте сенер барым.

О, күштарлық! Арманың адаспапты,  
Қуаныш пен ескі мұн таласпапты  
Ұл туған сәт мезеті ашылыпты.

Келген шығар тағдырға жүгінгенім,  
Келешек пен бүгіннің жігіндеңін  
Жылы шуақ жаныма шашылыпты.

## 9

Жылы шуақ жанына шашылыпты,  
Ал жүрек ше? Ол мінез асырыпты.  
Қуанышта баяғы қайғы шерін,  
Түкпіріне беріштеп жасырыпты.

Мінезім жок өкініп күйер кеудем,  
Қаксағам жок өзгені «сүйем» деумен.  
Бақытыма ортақсын тірліктегі,  
Әмірші емес, құлынмын иемденген.

Көктен жеміс алғандай үзіп, жұлып,  
Куатым мол күндерде қызым туып,  
Жана мезет қызығын асырыпты.

Құтты мезет шаттығы құшпас кімді,  
Жан анама нәресте ұқсас туды  
Дархан ғұмыр бір сырғы ашылыпты.

## 10

Дархан ғұмыр бір сырғы ашылыпты,  
Ұл туған соң болды ғой басы құтты.  
Қыздан жақын әкеге жан жараптас,  
Деген сөзге пәк сезім бой ұрыпты.

Әрбір мезет уақыттың баласы екен,  
Азаматтың сәтті кез панаыс екен.  
Бүкіл өмір дегенін сені сүйген,  
Әудем сәт пен осы құн арасы екен.

Кайта оралып жастық шақ — жұмак маусым,  
Бакыт нұры, ак нөсер ұзак жаусын.  
Орындалсын ойда бар асыл арман.

Жырым қанат байласа егер бүгін,  
Сенің де бар екенін сенер гүлің.  
Адам түгіл, тәнірден жасыра алман.

## 11

Адам түгіл, тәнірден жасыра алман,  
Осы еді ғой біз күткен асыл арман.  
Ең алғашқы немерем туған сәтте,  
Жұлдыз-мезет тағы да ашық жанган.

Міне, солай бакытты мезеттерім,  
Дұрыс жетті, келері кезекте еді.  
Құтты мезет айқасын бұлтартпауға,  
Өршеленіп қашан да безектедім.

Сәтті күнді ансаған ақ жүрегім,  
Сән әкелдін төріме деп білемін,  
Қызығына жеткізіп тамашанын.

Тым күпия жан сырын актарғаным —  
Егделікке ертерек баптанғаным,  
Алға бастап арманшыл болашағым.

## 12

Алға бастап арманшыл болашағым,  
Шақырады ең асыл тамаша күн.  
Ар, үжданым — сарқылмас ішкі ұятым,  
Ішкі ұятым ар сактар ораса мүн.

Жас күнімнен сүм тағдыр, сырын білсем,  
Соғыс өрті тым ерте сүріндірсен,  
Елмен бірге өзім де ер жетіппін,  
Қыындықка біреуден бұрын кірсем.

Сол баяғы көзіңе көзім түскен,  
Мезет ғажап көрсеткен өзінді ұstem,  
Одан артық тумасты тамаша күн.

Сонеттердін сынғырлап ағысы да,  
Ұқсай қалса қыз күнгі дауысына,  
Адал жанмен алансыз жарасамын.

Адал жанмен алансыз жарасамын,  
Шөкім бұлт жок көнілде алашабыр.  
Мұлт баспаймын. Адассам қолтығында,  
Күркесінде колан шаш адасамын.

Көргемін жок өзімді өзім тежеп,  
Құттайтпаймын айшыкты жетсе кезек.  
Не десек те көзге көз түскен кезге,  
Тіршілікте ешқандай жетпес мезет.

Күндерім бар кейде көп аландаған,  
Сезім іркіп, кім кінә тағар маған.  
Сескендірмес жарқ еткен жасын алдан.

Тұла бойдан қайтпаса қалған жігер,  
Арзан жылап, кезім жок жалған күлер.  
Жыр жолында билеп жүр асыл арман.

Жыр жолында билеп жүр асыл арман,  
Жасыра алман сырымды ашып алған.  
Өлеңімді есіне алар ма екен?  
Келе жатқан ғажайып ғасыр алдан.

Қызығына сенделсем махаббаттын,  
Көзі тие көрмесін маған жаттын.  
Кейде саған уақытты тым аз бөлсем,  
Қыз-шабытқа көбірек аландаппын.

Сезім шіркін мөп-мөлдір аппақ еді,  
Сәтті құнгеге қуаныш балтап еді.  
Көзіңе көз алғашқы түскен кезде.

Шын сыйласқан адамның бәрі ақылды,  
Алтын мезет сөнбестей жаратылды.  
Құштарлығың ұлғайса іс пен сөзде.

## 15

Құштарлығың ұлғайса іс пен сөзде,  
Еркеледің деп сені сөкпей өтем.  
Жұлдыз мезет көзге кез түскен кезде,  
Бір сүйгенге еш қызық жетпейді екен.

Махаббатшыл мезеттер ұмытылмас,  
Шыншылдығым — шыр бұзбас дұрыстығым.  
Жыр шалқымай ақынның күні тумас,  
Сактап жүрген махаббат тыныштығын.

Жылы шуақ жаныма шашылыпты,  
Дархан ғұмыр бір сыры ашылыпты.  
Адам түгіл, тәнірден жасыра алман.

Алға бастап арманшыл болашағым,  
Адал жанмен алансыз жарасамын.  
Жыр жолында билеп жүр асыл арман.

*1980. Мәскеу.*

## САҚИНАЛЫ СОНЕТТЕР

### 1

Лұпілдеп жүрегім жүр қазір,  
Сағыныш толқыны қозғай ма?  
Сөз кайда жеткізер мұн-назын,  
Сипатын суреттер көз кайда?

Шарқ ұрып ізделеп те байкар ем,  
Жол ашар қолымда сүйіншім.  
Дидарын бір көріп кайтар ем,  
Жанымның айығар күйі үшін.

Айнадай көнілден бәрі анық,  
Көрініп отырмын нәр алып,  
Осыдан күнім жок іркілген.

Жаны бір адамша сеніскен,  
Жасырмай ашық сыр бөліскен.  
Жасында сен нәзік, сүйкімді ен.

### 2

Жасында сен нәзік, сүйкімді ен,  
Сынарын сыйлағыш ұлардай.  
Білдірдің құштарлық құлқіннен,  
Бір ауыз ынтық сөз шығармай.

Сыр бермей ішімнен тынамын,  
Өкініш, күйініш батса да.  
Сен едін алғашқы құмарым,  
Серік боп кетсен де басқаға.

Бұғінгі өтсе де қалай күн,  
Жап-жана қөргенге балаймын.  
Өзгеріп кеттік-ау біз қазір.

Бейхабар, мекенің тым алыс,  
Болса да еске алу жұбаныш.  
Музага ризамын, жыр да әзір.

### 3

Музага ризамын, жыр да әзір,  
Телегей селдетең бұлттаймын.  
Тілеуім дәп келсе мың да бір,  
Тілдеспей неге көп сырттаймын.

Көз жазбай қатерлі қыннан,  
Дауылға өсіп ем машық боп.  
Досына тағдыр сол бүйірған,  
Сыртыннан келемін ғашық бол.

Сен жайлы қуаныш хабардан,  
Кезім көп сүйсініп нәр алған.  
Қырандай шарықтап тұлқі ілген.

Жас күнде кетсем де тіс жармай,  
Толғанам естелік қыскармай.  
Балқыдым балауса күлкіннен.

### 4

Балқыдым балауса күлкіннен,  
Жыр келсе сағыныш қыскармай.  
Бір күнім қызық боп бір күннен,  
Толғанам ел жаққа үшқандай.

Арнасын ұшан су менгеріп,  
Көнілім өзендей тасыған.  
Сонетке сүйсінер сен көріп,  
Жұлделі мезетке асығам.

Ауылдың аспанын көргенде,  
Ай толқып жүреді бөлмемде.  
Бос елес екенін ұксам да.

Досындаи сыйырлап кешкі жел,  
Жан-дәру ұнің де естілер,  
Ханбазар көшеге шықсам да.

## 5

Ханбазар көшеге шықсам да,  
Бейнене жас күнгі кезігем.  
Қасымда жоғынды ұксам да,  
Әлемде барынды сезінем.

Күн нұры арнайы шуакты,  
Төгілтті құт байлап, негізден.  
Саусағын сипаған сиякты,  
Сөулемен жеткендей мені ізден.

Ойланшы әр сөзге үніліп,  
Көргем жок өзіннен түніліп,  
Көз жазып көп жылдар қалсам да.

Ак ниет құтты жол тілесіп,  
Киядан келемін ілесіп.  
Түссем де мың өуре-сарсанға.

Түсsem де мын әуре-сарсанға,  
Жасаймын үмітшіл түнінік.  
Шығамын сен келер қарсанға  
Жанымның ак құсын ұшырып.

Шошыма ғашығи кеңестен,  
Кезігер кеселді жок шығын.  
Шын жаксы көргенім емес пе,  
Өзіне құрап түр көш жырым.

Өзіммен кетер-ау өз мінім,  
Өзімді қинасын өз мұным.  
Елесті құр бекер құшсам да.

Баяғы балдырған кезін кеп,  
Жақындық боларын сезінбек.  
Сыбырын самал жел ұқсам да.

Сыбырын самал жел ұқсам да,  
Қарындас, көрші қызы,— бала дер.  
Жебейтін сағыныш қысканда,  
Жәдігер пірім боп кала бер.

Нәп-нәзік, жұп-жұка жүзін мен,  
Қарақат көзіне танданып,  
Үмітпен тым ерте үзілген,  
Жұремін өзімше жалғанып.

Тапса ды мын рахат бір көрген,  
Базарлап сезімді күн көрмен.  
Ұрланып жасаман жан сауға.

Кейде бур лауласа қызу өрт,  
Ауылымның ардақты қызы деп,  
Салына беремін ансауға.

8

Салына беремін ансауға,  
Өзімше төгілтіп мен әуен.  
Қендікsem осыған шаршауға,  
Тарылып калмай ма кең әуем.

Әлдекім мұнайған сезіп үн,  
Сағыншак деп сөксө кейіп те.  
Емес кой колбұйым сезімім,  
Құлыптақ қоятын сейфке.

Дегенде: «Түрленіп тоты үні  
Сонетті сен жатқа оқыды»,—  
Болармын өзінді көргендей.

Қысылып қалардай тынысым,  
Шошимын өнбестей бір ісім,  
Ұмытсам, от сезім сөнгендей.

9

Ұмытсам, от сезім сөнгендей,  
Қалар ем көмескі жабырқап,  
Сағыныш жүдется мен келмей,  
Сонеттер кол берсін жарылқап.

Көп ойды онаша шолғанда.  
Жүрегін жылынса жарайды-ay.  
Тамшыға кірпіктер толғанда,  
Маған да сын көзбен қарайды-ay.

Әнеки, сондайда құлшынып,  
Жадыра өлеңнен күн шығып,  
Ынтық боп алғашқы көргендей.

Ойдағым осы еді өтінер,  
Әйтпесе құс атып өкінер.  
Жұдермін тым сәтсіз мергендей.

## 10

Жұдермін тым сәтсіз мергендей,  
Жок болса дос ниет тіленшім.  
Жыр оты лебімен емделмей,  
Түзелмес сенін де бұл еншін.

Қамығар күр бекер ашынып,  
Күйік жан дей көрме қайсыбір.  
Сен болып жұлдыздан жасырып,  
Аспаннан етеді ай сыйыр.

Мінін жок кешетін, кешпеген,  
Өткенді-кеткенді ескерем,  
Кейітпес келер күн ұдайы.

Кіріптар болыпты кім-кімге,  
Жұргем жок жабығып бұл күнде.  
Жебемей өлең-жыр құдайы.

## 11

Жебемей өлең-жыр құдайы,  
Сәтсіздік сарқылтпас күшімді.  
Түзу ғой тағдырдың шырайы,  
Онғарткан талпынған ісімді.

Қимастық дегенге илансак,  
Бұлбұл бак әуезін үзбеді.  
Көктемді көбейді сыйлар шак,  
Бояулар оятып күздегі.

Ауылға келгенде қыз Даля,  
Сактапты көмекі із ғана,  
Самал жел сипады төсімнен.

Ақ кайын, бозбала, қыз бала,  
Айлы түн. Ояу жан біз ғана.  
Алдында тұрды дәл көшірмен.

## 12

Алдында тұрды дәл көшірмен,  
Әр сөздің маңызын терен қып.  
Мұн бөліп қасірет өшірген,  
Сол сәтті кеттім ғой өлең қып.

Көnlін әлі де хош екен,  
Жактырмас досқа бет бұрмауды.  
Ғашықтық дерт деген осы екен,  
Сені айтсам, селдетіп жыр жауды.

Шүкірлік етемін барыма,  
Құпірлік сыймайды арыма,  
Болса да жүрегім тесілген.

Шындық сол жыласан, күлсен де,  
Мендергі бір дерпті біл сен де,  
Шығартпас ешқашан есімнен.

Шығартпас ешқашан есімнен,  
Бұзы жок Алланың үкімін.  
Сен десем шырактай көсілген,  
Шабыт та түзейді бітімін.

Ақындық Алатау өрінен,  
Бар болса іркілмей ілгенім.  
Сабасы олқылау көрінген,  
Толтыру арманым бір жерін.

Шын сырым шұрайлы жырланып,  
Теніздей таң күткен нұрланып,  
Түзелсін көнілімнің рапы.

Не түйді десен бұл өлеңім,  
Кыз — шабыт бастауы көремін.  
Бейненде өзіннің ұдайы.

Бейненде өзіннің ұдайы,  
Әкелер аспанда күс үні.  
Жүргегім білдіріп сынайын,  
Өлең боп оралар түсімі.

Сен десем жанымда жылу бар,  
Селк еткен сезімге сенімпаз.  
Құрттың ғой әлемді сұлулар,  
Сендерсін бұл күнгі женімпаз.

Шабытка болсам шын берілген,  
Ойлы жыр төтенше төгілген,  
Жанбырын әкеліп түр жазым.

Парнаска талпынған жетем деп,  
Мәреден енді есен өтем деп,  
Лұпілдеп жүрегім жүр қазір.

15

Лұпілдеп жүрегім жүр қазір,  
Жасында сен нәзік, сүйкімді ен.  
Музага ризамын, жыр да әзір,  
Балқыздым балауса құлқіннен.

Ханбазар көшеге шықсам да,  
Тұссем де мың әуре-сарсанға.  
Сыбырын самал жел ұқсам да,  
Салына беремін аңсауға.

Ұмытсам от сезім сөнгендей,  
Жүдермін тым сәтсіз мергендей,  
Жебемей өлен-жыр құдайы.

Алдында түрды дәл көшірмен,  
Шығартпас ешқашан есімнен  
Бейненді өзіннің ұдайы.

1981

## НЕМЕРЕМ ҮЙҚТАП ЖАТҚАНДА

1

Жас бала шырт үйқыда жатыр әлі,  
Тынысы тын белеске шақырады.  
Өзімді биік шынар сезінемін,  
Тұспеген кар жауса да жапырағы.

Қазақша жыласа да тілі балдай,  
Кошакан тәтті үйқыда түрі қандай?!  
Аттанғым келіп кетті сәби күнге,  
Көп жылдар тап осылай тыныға алмай.

Құтты сөт сезгеніме бакыттымын,  
Шалқысам шапағат нұр татып бүгін.  
Балғын шақ есіме алдым жаннат бағын.

Жұзінен мейірім теріп отырам да,  
Ұқсаймын құран сөзін оқығанға.  
Жанымның тебіренемін арнап барын.

2

Жанымның тебіренемін арнап барын,  
Қуаныш «бесік жыры» жалғатты әнін.  
Жүрекке қамырықкан рух берді,  
Ансатқан кол созғандай аулактағым.

Мезетте нәрестеге көз қадалған,  
Бабында балқып шықса сөз қаламнан;  
Жәргекте құлімдеген бұлдіршінді,  
Артықтау көріп барам өз баламнан.

Ұғындым ғаламатты табындырар,  
Жаралса пәк жеткіншек жанымды ұғар.  
Киялға киядағы шақырады.

Жүргегі жүргімнің бөлшегі боп,  
Кетсе деп пішер ойдың өлшемі көп.  
Таңдайым тан-тамаша татынады.

### 3

Таңдайым тан-тамаша татынады,  
Ел, жұртқа Арман деген аты ұнады.  
Бесіктे қаз дауысты шықкан ұні,  
Қызыққа жерлестерді батырады.

Көзіме көрінгеннен әу десіп ем,  
Баурады әлди сүйгіш әуресімен.  
Қазаки мінез-құлқын барлап білдім,  
Көкіректе жанған лазер сәулесімен.

Тезірек тәй-тәй басып жүргені жән,  
Деп ойлап ұлтын, ғүрпyn білгені жән.  
Қалдым-ау аталыктын андалап Занын.

Әдеппен сүйсем тілді тежегенді,  
Үр жана білсем үлкен дәрежемді,  
Айта алмай жүрмін өлі лаулап жаным.

Айта алмай жүрмін әлі лаулап жаным,  
 Жан сырын Қызыр бабам сарқа алмадым.  
 Жеткізсін осы бала дей беріппін,  
 Тірлікте болса ансаткан канша арманым.

Мезетте немереме карай тұскен,  
 Пәк сәтте жанарымнан арай тұскен;  
 Тілеймін сактасын деп жеткіншекті,  
 Тірлікте біздер көрген жаман тұстен.

Мен шеккен берсін Алла мұң төлемін,  
 Бір емес, шырт үйқыда мың көремін.  
 Зардабын сүм соғыстың бастан кешкен.

Сонда да жүрсін аулак құдік менен,  
 Қараймын келер күнгे үмітпенен.  
 Ауыр ой ораса да астан-кестен.

Ауыр ой ораса да астан-кестен,  
 Мен емес жерден безіп аспанда өскен.  
 Көндірем өз зердемді әуел бастан,  
 Шын сөзге: «Өнер алды жастан», -- дескен.

Бөбектің еккім келсе бағына гүл,  
 Адамзат, ак тілекке табына біл.  
 Немерем менің үйқтап жатқанында,  
 Тұтатпа соғыс өртін тағы да бір.

Әдемі әллpetтінен ән терейін,  
 Үйретіп иман сөзін әл берейін.  
 Салт-сана сандығынан барды актарып.

Колдасын әруағын, қайран бабам,  
Болайын азды-көпті сайрандаған.  
Ұл-қызым, немереммен тармакталып.

6

Ұл-қызым, немереммен тармакталып,  
Бак-дәүлет консын нәрлі сән сакталып.  
Арманжан, атын шықсын Абылай хандай,  
Казакты қарық қылған қалмақты алып.

Толқысам тарихыма ала қашып,  
Ұйқымен жатыр тентек жағаласып.  
Жақсылық-жамандықтың білсін бөбек,  
Жұргенін жер бетінде араласып.

Қазаққа олжа салған жүлде келіп,  
Қызығын шаттанайық күнде көріп,  
Әр ісін әлем аныз, дастан дескен.

Жұрегім бейбіт таңмен үнде скенде,  
Әлдилеп немереммен тілдескенде,  
Ұмытам қындықты бастан кешкен.

7

Ұмытам қындықты бастан кешкен,  
Кенші ақын ғадетім жоқ қалған көштен.  
Көтерсін осы бала ел атағын,  
Шоқандай елді елмен жалғап өскен.

Жасамас сөуегейлік бұл кенесім,  
Мейманнан ата дәстүр сыр сезесін:  
Шотадай елден келген құрдастарым,  
Иіскейді насыбай деп бірдемесін.

Бірде мәз, бірде мәнсіп ұяламыз,  
Калайша шын құлкіні тыя аламыз,  
Айыпсыз ата жолын андал қалып.  
Ұл сую — ұлт аңсары десен болды,  
Бәрі жөн ел салтына берем жолды,  
Дәстүрін ата-баба жалғап қалып.

## 8

Дәстүрін ата-баба жалғап қалып,  
Тойладым көне, жана барды актарып.  
Мәскеудін қақ төрінде мал сойғыздым,  
Құрмалдық жас тумаға айғақталып.

Біткенде «насыбай» жайлы тың кенесім,  
Түшкіріп жатқан жақсы үн тересін.  
«Абайдай дана бол!» — деп бата берсе,  
Әумін деп ішің жылып түрленесін.

Басына бақыт байлап, құт бер деймін,  
Аныздан ақиқатты күткендеймін.  
Атасы болғандай-ак Ертөстіктін.

Жарқырап жатқан осы алмас сынық,  
Өссе еken бар жақсымды жалғастырып.  
Мен кетсем үйкысына келместіктін.

## 9

Мен кетсем үйкысына келместіктін,  
Жүйесін тапсын осы ұл өлмес жүктін.  
Тірлікте аз тынығып, мол терлесем,  
Кілті сол шан жұтуға көнбестіктін.

Қиялым қаршадайдан қалыспаған,  
Сыйлапты оза тартқыш намыс маған.  
Күйреуге, күйкілікке себебім жок,  
Немерем жана күшім карыштаған.

Женіске жеткіш күнді жырлағаным,  
Бөбекке бақыт төксін нұрлы аланым,  
Тағдырдан өзге олжа келмес күткім.

Демеймін әлдекімге өкпелімін,  
Өткен жок даңғазамен текке күнім,  
Туымды құламастай дербес тіктім.

## 10

Туымды құламастай дербес тіктім,  
Уынан болдым аулақ сенбестіктін.  
Құдайым немереме күшін берсін,  
Лайым қолдан намыс берместіктін.

Айырап бүгінгіден кешегімді,  
Тез ұған тұтқыр заман кеселінді.  
Ақ ниет, жаксы азamat болсын деймін,  
Адамға жаны сепшіл, төселімді.

Қасиетті келсе колға болашағым,  
Өлеңмен өрнектеймін жолашарын,  
Құлпырысын шырақ болып жайнап, жанып.

Әділдік зұлымдықпен таласында,  
Шыңдалсын аласапыран арасында.  
Құр бекер бұрқырамай қайнап барып.

## 11

Құр бекер бұрқырамай қайнап барып,  
Жайынға өссін дәлдең қармак салып.  
Ұлтымның дүлдүлі боп озып шықсын,  
Атадан асқан ұл деп ардакталып.

Әйтпесе тіккен туым құлап қалар,  
Бол, Арман, ел жаққа көп құлак салар  
Мұхтарлар, Махамбеттер, Мағжандар,  
Алдында межешамдай тұракталар.

Қолында билік барда қуып жетер,  
Тақ кетсе маңайыннан құрып-кетер,  
Көрдік кой талай сүмды колдаспаған.

Алланың қанат алып үшпағынан,  
Секілді туда сала үшқан ұлан.  
Баланың үні қызық ой тастаған.

## 12

Баланың үні қызық ой тастаған,  
Кезім жоқ маңайынан ойқастаған.  
Оянған сәтін әнмен карсы аламын,  
Алқынып асабадай той бастаған.

Тұған ел ауыр тұрмыс шекпесін деп,  
Кен іздеп, сөктім таудың өкшесін көп.  
Тірлікте бір ананың жалғызы едім,  
Тілеймін немерелер көптесін деп.

Сұраймын, табынамын құлдық үрып,  
Бер, Алла, әр қадамын нұрлы қылыш,  
Тіленшім осы болар қолдас маган.

Үніне немеремнің ергіштеймін,  
Қасына өзгеден көп келгіштеймін.  
Көргенде мың қызығын тоймас ғалам.

## 13

Көргенде мың қызығын тоймас ғалам.  
Ізінің бір үзімін жоймас қалам.  
Беу, тағдыр! Куанышты күнге жеткіз,  
Немерем топтан озып жол бастаған.

Карасам жәрдемшім деп қарасынға,  
Ел мұны толки берсін санасында.  
Бал бөбек жатыр рахат құшағында,  
Маужырап өң мен түстің арасында.

Атар таң батқан күн мен шекарасын,  
Қай жендет, тәтті үйқыдан бөле аласын?!  
Бұзардай тыныштықты айбаттанып.

Істық жел, шөлді аптаапта қаталап та ем,  
Нұр құйса тағдыр бізге шапағатпен,  
Қаламын Геркулестей кайраттанып.

Қаламын Геркулестей қайраттанып,  
Жанамын киял-құстай жайнап барып.  
Ол тауға биігі көп құлаш созсын,  
Мен жүрсем киігі көп аймакты алып.

Қарандар тіршіліктің бар ғажабын,  
Тебіреніп, толқып кетіп, жыр жазамын.  
«Жезкий» өуеніне жаны құштар,  
Арбатта кеше туған бұл қазағын.

Бебекті Құн тиместей корғаганда,  
Демендер кауіп-катер орнаған ба?  
Жасқанбай еркін шықсын батыл әні.

Мен емес көрімдікті көп сұрағыш,  
Қысылмай кел, құдағи, көш құраныз!  
Жас бала шырт үйқыда жатыр әлі.

Жас бала шырт үйқыда жатыр әлі,  
Жанымның тебіреніп арнап барын.  
Тандайым тан-тамаша татынады,  
Айта алмай қуаныштан лаулап жаным.

Ауыр ой ораса да астан-kestен,  
Ұл, қызым, немереммен тармакталып;  
Ұмытам қындықты бастан кешкен,  
Дәстүрін ата, баба жалғап қалып.

Мен кетсем үйқысына келмestіктін,  
Тұымды құламастай дербес тіктім.  
Құр бекер бұрқырамай қайнап барып.

Баланың үні қызық ой тастаған,  
Көргенде мын қызығын тоймас ғалам,  
Қаламын Геркулестей қайраттанып.

*1980. Мәскеу.*

AYDAPMANAP



\* \* \*

Жәндіктер бар ашық күнге тік қарап,  
Мөлтілдеген жұмбай екі көздерін.  
Өзгелерін тұн баласы құткарап,  
Сезіп әрен құні бойы төзгенін.

Бар пендeler жанған отка шынықкан,  
Жарқ еткенге ұша тартар қаймықпай.  
Ол пакырлар құштарлыққа құныққан,  
Сол катардан орын алдын шайлышпай.

Хас сұлу бар от жанарды жасқантқан,  
Бірак одан мен емеспін бас тартқан.  
Асықпаймын тұнге де тез жетсем деп.

Ыңтам берік, қарсы алуға ұмтылмак,  
Әуресіне көндім қойған сиқырлап,  
Сәулесінде жанып қана кетсем деп.

1976

\* \* \*

Әттен, жырым жаналықтан тым алыс,  
Жарқ еткенге жармаса алмай келем мен.  
Іздейін бе соны тармак, тың әдіс,  
Тосын жолда шым-шытырық еленнен.

Сәт түспеді қайталауды азайтар,  
Ел көзінше ескі шекпен жамылдым.  
Оқыған жан есімінді дәл айттар.  
Әр сөзімнен өзім жылдам табылдым.

Жалғыз мұқтаж тірліктен не тілесек,  
Барша қасірет бір бағытта орнады:  
Жүргімнің шешетіні бір есеп,  
Ол сен жайлы ынтық жүрек толғағы.

Тәбемдегі күн де жылжып аспанда,  
Жанармайды жерге жарық шашқанда.

1976

\* \* \*

Иттер үріп, «аттан» десе аншылар,  
Азан-казан, у-шуға әрен жан шыдар.  
Бөрібасар аш қасқырды қакқанда,  
Тамашаға кос жанарын жаншылар.

Құс қанатты сәйгүліктер текті еді,  
Қандай қызық жүйткіп, қуып жеткені.  
Тан калдырды дәл сол сәтте махаббат,  
Жанталаста ойды бөліп кеткені.

Ару сөгер жүр деп мені ерігіп:  
«Міне, дейді-ау, канға біткен серілік!  
Артық көріп аппак қыздан шырайы,

Амалың не женіп кетсе тағылық»,  
Сонда өкінем мен есімнен жаңылып,  
Естіп калды-ау деп махаббат құдайы.

1976

Дидары жайнап гүлденер,  
Сәулешім сәлем аларда.  
Сол сәтте тілің күрмелер,  
Қаймығар көзін карауға.

Таңдансан өл жоқ жасқанған,  
Үлде мен бұлде қыспайды.  
Қиял-қыз тұскен аспаннан.  
Анызға ғажап ұқсайды.

Есіктен самал ескендей,  
Жанары жүрек тескендей,  
Сезімге бөлеп өтеді.

Құштарлық қалмас еленбей,  
«Жаным-ау, тынық» дегендей  
Жанына сөзі жетеді.

1978

\* \* \*

Көз жасын білмей өстім сағынышпен,  
Алдауға өзімді өзім тұсадым да.  
Күрсінsem күйдірmedі қарып іштен,  
Жүргендер шалқып бақыт құшағында.

Осы оймен ойсырамай өмір сүрдім,  
Рахатты шектім ешкім әпермеген.  
Еткен жок бақ таласқа көніл кіrbіn,  
Төнбеді бас еркіме қатер деген.

Бірак ол ұнамады тағдырыма,  
Біркелкі шомылдырмай тан нұрына,  
Сол қымбат несібемді тартып алды.

Өткен күн маған ермек естелігі,  
Сарқылмас сағынышқа тез теліді,  
Жадымда бақыт-арман заты қалды.

1979

Күштарлық пен қобалжу баптағандай,  
Сонет туды жеткізер атка қандай.  
Тұнде ұмтылған орманнан айға қарай,  
Алтын мүйіз көрінді ак маралдай.

Бөтен жолға салма оны жер бетінде,  
Естімін деп ағы айғай сендетілме.  
Ол әйтпесе жалт беріп токтай қалар,  
Жарқыратпа алтынмен келбетін де.

Тұла бойым тұмшалап самал жетер,  
Тез ауырлап ақ мұсін марал кетер.  
Гипсте өні қалсын ба жасырынбай.

Сонын бәрі жасалса керісінше,  
Ол құтқарар тұнектен тегісінше.  
Саф алтынның асыл ой жасыныңдай.

1979

## **АҚЫНГА**

Мансұқ етпе ақын сыйын халықтын,  
Кыздырмасын шулы сезім желігі.  
Есерді есті, естіні де анық біл,  
Катты айтпа да бол шыдамы берігі.

Сен патшасын: жалғыз дара өмір сүр,  
Айбынды ақыл, сеніп бойда күшіне.  
Сүйікті оймен тәксін көпке көніл сыр,  
Еш марапат күтпей асыл ісіне.

Бәрі өзінде. Әділ сотсын өзіне.  
Төреші бол ашық айтқан сөзіне.  
Ризасын ба суреткерім жігерлі.

Ризасын? Оны сөгер манайын,  
Сені мактар сыйлас жалын арайын,  
Балғын шакты еске салар шідерлі.

*1980*

Қатал Данте сыйлап өтті сонетті де,  
Петрарка махаббаттың өні етті де.  
Макбеттің жасаушысы сүйді оны,  
Наз орап Камоэнс мұн шекті де.

Қазіргі ақынды да қызықтырды,  
Ворсворт сонет-қанжар тізілттірді.  
Шалғайда күйкі өмірден қолы боста,  
Козғады табиғаттан қызық сырды.

Таврида шың-құздары саясында,  
Жыршысы Литваның әдеппенен.  
Актарды көніл күйін сонетпенен.

Білмеді-ау, біздің ел күш аясын ба?  
Дельвиг те самғап берді жыр бабымен.  
Тың сонет гекзаметр ырғағымен.

1981

\* \* \*

Сонет гүлтәж — менін ескі арманым,  
Ереженің қысым шартын білгелі.  
Шын сұлулық тартса форма зардабын,  
Форма зансыз кия батпас ілгері.

Шырғаланда шығарады зықынды,  
Шылбыр қағар айттар сөздің ағысы.  
Танытқанда жан шымырлар тықырды,  
Көнбіс болу — түсінген жан табысы.

Өтті, кетті Петrarканың заманы,  
Бірактағы ескі ырғакпен көк толқын,  
Жер бетінен өріс тапты өр, жойқын.

Шын ақынның жок қой таппас амалы,  
Классикалық сонет болмас кедергі,  
Жатық форма зәулім шыны бедерлі.

1982

Сен туған күн дәлдігіне сенгенше,  
Біздің ойға талай күмән толып па?!  
Бұл фәниге, сәулем-ау, сен келгенше,  
Айта қойшы жерде тірлік болып па?!

Кай сұлуға сұктана қап Пушкин де,  
Мезет сырын мәңгілікке тасытты.  
Қан майданда кімді ойлаудың үстінде,  
Батыр Шеміл қанды қанжар ашыпты.

Білгенім сол: бүкіл әлем, арайлым,  
Жұрдай болды жерде тірі пендеден  
Тұғаныңша бақытына мендейдін.

Сол мезеттен жылнаманы санаймын,  
Дәл күнтізбе — Христос туған күн емес,  
Сен туған күн, өзгесіне сенбеймін.

1989

\* \* \*

Жайылды жан түршігер салқын хабар,  
Сөулемді жетті сағат марқұм санаң.  
Шаттығым, ынтық әүрем болушы еді,  
Жүрекке кос жанары алтын тағар.

Неге жұрт ұнде мейді? Хал сұрап кім,  
Тұншықты ішкі дөртке сан сұрағым.  
О, тәнірім! Жебеп жібер періште еді,  
Пейіштен бұйырта көр жан тұрағын.

Абзал жан!... қайда жүрсе серік — қорған,  
Маған дем, ел-жұрттыма көрік болған.  
Тар табыт құшты меніреу торлы тұнін.

Мейірбан сөнді аяулы нұрлы жаны,  
Көндікті мәнгі үйқыға сұлу тәні.  
Көрмедім әттен, шіркін, соңғы күнін.

1999

\* \* \*

Оқысам Петрарканы бастап мені,  
Данкка бала күнде жол жататын.  
Таңдансанам ол махаббат ақыны еді,  
Күдіретті күші өуен толғататын.

Кам жүрек, пәк лұпілін болды сезгіш,  
Үзімін ақ құлқінің қағып алғыш.  
Бейнесін алмас тілмен жасап бергіш,  
Ұшымен өткір қанжар сала салғыш.

Махаббат құрметіне толды ішім,  
Ризамын сенін жылы хатын үшін  
Барым сол мол дарынды бағалаймын:

Жаны ұқсас Петрарканың данқы биік,  
Мен де өтем ғашығымды мәнгі сүйіп —  
Кол бердім, өмірімді де аямаймын.

*2001. Алматы*

## ӘЙЕЛГЕ

Сен — әйелсін, сен — кітапсын қалың сөре ішінде,  
Сен — керемет естен кетпес өленсін,  
Әр тармағы толған сұлу мүсінге,  
Әр парапы гауһары мол теренсін.

Сен — әйелсін, сен — албасты шырыны!  
Тисе ерінге күйдіреді от жалын.  
Ішкен адам жалын басар шырылы,  
Табам деумен шеккен азап токтауын.

Сен — әйелсін, айтқаның жөн сондықтан,  
Жұлдызды тәж сырын ғасыр болды үккән.  
Сен бейнесін тәнірімізге үқсаған.

Бір сен үшін киіп мойнын құрықты,  
Тау тескендей құрдық құлдық ғұрыпты,  
Табынамыз ғұмыр бойы біз саган.

04.03.2001

Алматы

## **ҚАЙЫРЛЫ КЕШ**

Қайырлы кеш, сен бізді сиқырладын,  
Қоштасудың кезінде бір тынбадым.  
Сілтегендей бактан Құн сәулем жаққа,  
Жан баураған мезет қой құлшынғаным.

Сонғы сәуле сөнгенін жана білдін,  
Соған шейін жан сырын жаба білдін.  
Жасырсан да жарқ етіп түсіндірді.  
Күрсінгенде жаркылы жанарынның.

Қайырлы құн, жадыра, жарық сыйлап,  
Жұргендерге әр істе жанын қинап.  
«Қайырлы тұн», жабу бол қос ғашыққа.

Бальзам тамыз олардың кесесіне,  
Қайырлы кеш, сәт әкел есесіне,  
Көзбен ойнар баспасын бос машыққа.

*8.02.2001.*

*Алматы*

# МАЗМҰНЫ

## СОНЕТТЕР

Сонет . . . . .	4
Күйректы сонет . . . . .	5
Ақсак сонет . . . . .	6
Жартылай сонет . . . . .	—
Басы жок сонет . . . . .	7
Қос сонет . . . . .	—
Ән туганда . . . . .	9
Профессор мен студент . . . . .	10
Жайлай тұні . . . . .	11
«Дала қандай жазғы нөсер күйганды» . . . . .	12
«Шын сұлулар ақынды дәріптесін» . . . . .	13
Бір сюо . . . . .	14
«Мұным менің тенізден терен екен» . . . . .	15
«Өзін женген өзгенді де женеді» . . . . .	16
Гүл мұны . . . . .	17
Сонетке мадак . . . . .	18
«Досына достық — парызын» . . . . .	19
«Өлең туса өмірдің танбасы боп» . . . . .	20
«Оралғандай жастық шак әлек келді» . . . . .	21
«Кар түсіпті үяға камыстагы» . . . . .	22
Күй әсері . . . . .	23
Қос жанарын — қос жұлдыз . . . . .	24
Құпия . . . . .	25
Құрдасыма . . . . .	26
Қос акку . . . . .	27
Ансатады . . . . .	28
Сағынышпын . . . . .	29
Бір көрудің кызығы . . . . .	30
Ақын Сараға . . . . .	31
Кара шашың төгілсе тарапынбай . . . . .	32
Музага . . . . .	33

Акан Серіге . . . . .	34
Сәкен мен Мағжан . . . . .	35
Бала күнде. . . . .	36
Дағдарыс . . . . .	37
Кос алма . . . . .	38
Жер қуаты . . . . .	39
«Өз жүрегім өз лупілін санай ма?!» . . . . .	40
«Мән жайымды естір болсан тәуір деп» . . . . .	41
«Балалық пен егделік жалғасқандай» . . . . .	42
«Құран сөзін жетті кезек татымдар» . . . . .	43
«Өмір өндеп шашымды құмістеді» . . . . .	44
Шабытты шак . . . . .	45
Еділге . . . . .	46
«Жұзінде нәзік» . . . . .	47
«Жүрегім өлең өлке астанасы» . . . . .	48
«Шілде келіп» . . . . .	49
«Ән мен жырым тараса шартарапқа» . . . . .	50
«Шарлағым кеп құлшынсам шартарапты» . . . . .	51
Күз . . . . .	52
«Баяуласа жұмыр жер айналысы» . . . . .	53
Арманга . . . . .	54
Жассанба . . . . .	55
Негізгі жүртім деп білем . . . . .	56
Шоканға . . . . .	57
Бәрін де жаттап қалған . . . . .	58
Сагыныштың жалауы . . . . .	59
Дос үні . . . . .	60
«Қызық-ау, құндіз көрген менің түсім» . . . . .	61
«Сары қымыз» . . . . .	62
Карагандыға . . . . .	63
Аз уақыт мендік бол . . . . .	64
Ардақты шәй . . . . .	65
Мағжан аға табиғаттың түлегі (21 сонет) . . . . .	66
«Көленкесіз құнгей көп жалғар сенім» . . . . .	78
Күрманғазыға . . . . .	79
Ақ киікті көргенде . . . . .	80

«Әйелдін ел сыйлагыш естірегін» . . . . .	81
«Сымбатсыз сөн бола ма алтын сырға» . . . . .	82
Асыгыспын . . . . .	83
Жыр бастауы . . . . .	84
«Махаббаттың мендеген» . . . . .	85
Прометейге . . . . .	86
Қызыл тал . . . . .	87
Сөкпеші . . . . .	88
Сырымбет елестері . . . . .	89
«Зер салсам табигаттың беленіне» . . . . .	90
Жезказган . . . . .	91
Өршелену . . . . .	92
«Саган арнап кезектеп нөмірлеген» . . . . .	93
Өн мен түсін алмассын . . . . .	94
«Мен аспаннан түскем жок» . . . . .	95
«Ақынның бары да өлен, жоғы да өлен» . . . . .	96
Сенім . . . . .	97
«Көп болмас кайталасам ұксас сырды» . . . . .	98
Абай әні . . . . .	99
«Өткен күн еске түсті не себепті» . . . . .	100
Үкілі бабам . . . . .	101
Жастық шактың алыстан шакырды үні . . . . .	102
«Құдіретекен кос жанар» . . . . .	103
Өзімдік сын . . . . .	104
Сағынышты сонеттер (3 сонет) . . . . .	105
«Тарпан заман» . . . . .	107
«Мысқылын жоллас өрескел» . . . . .	108
«Қызық көпакын достын санасында» . . . . .	109
«Айтпа, құрбым» . . . . .	110
Каркаралы . . . . .	111
«Жолым болып» . . . . .	112
Кимастық . . . . .	113
Аппак гүлдін әсері . . . . .	114
Акку кала — Астана . . . . .	115
Алатауга . . . . .	116
Жасанды гүл . . . . .	117

«Акку күстай» . . . . .	118
Ақ тілек . . . . .	119
Танғы шық . . . . .	120
«Жүргегім — махаббаттың астанасы» . . . . .	121
Жастық шактың жалауы (15 сонет) . . . . .	122
Жезкикке (2 сонет) . . . . .	131
«Әр сөзінің нәзігі-ай, ...» . . . . .	133
«Сені іздеумен...» . . . . .	134
«Өзін жайлы кідірсем жазбай өлең» . . . . .	135
«Коштастым ба баяғы батылдықпен» . . . . .	136
«Алдыннан шыға ма деп алыстағым» . . . . .	137
«Салғызбас құпия сыр таласуға» . . . . .	138
«Кектемі ғұмырымның...» . . . . .	139
«Бұл өмір жабық жаткан көрме ме еді» . . . . .	140
«Қанықтыршы» . . . . .	141
«Үрейленбе, сен неге томсырайдын» . . . . .	142
«Махаббатты тудырган» . . . . .	143
«Сені іздедім...» . . . . .	144
«Жылдар жылжып барады...» . . . . .	145
«Сені айтпасам...» . . . . .	146
«Күдерім біржола үзілді» . . . . .	147
«Көп гибрат үлкендерден естіп едім» . . . . .	148
Күй . . . . .	149
Қос құдаги . . . . .	150
Сендей болсын . . . . .	151
Жалғанда жаным сүйген сазгер едін (7 сонет) . . . . .	152
Алғысым . . . . .	156
«Жүрек қызып кеттін бе сен тағы да» . . . . .	157
Тәубелі сонет . . . . .	158
Женіс күні . . . . .	159
Әні бар өлең келгенде . . . . .	160
«Шапшандыктың сөтті іске залалы жок» . . . . .	161
«Колындағы карашы жұзіктасқа» . . . . .	162
«Маусым қызық құштарлық молықтырған» . . . . .	163
«Өзін жайлы кідірсем жазбай өлең» . . . . .	164
«Көрші өскен сұлу құрбы...» . . . . .	165

Құштарлық . . . . .	166
Не жетсін . . . . .	167
Ақынға . . . . .	168
Шабыт . . . . .	169
«Дауыл боран» . . . . .	170
«Өткір тіл де елге ортак жан байлығы» . . . . .	171
«Шошынсан көрген түстен де» . . . . .	172
Жаз . . . . .	173
«Осы ма екен кос жүрек үғысканы» . . . . .	174
«Тамаша сәні киял үштастырды» . . . . .	175
Бүгінгі автопортрет . . . . .	176

### СОНЕТТЕН ТҮЗІЛГЕН ГУЛТӘЖДЕР

Сырғалы сонеттер . . . . .	178
Сонеттен тізген сәукеle . . . . .	187
Тұған жер . . . . .	196
Кеншілік пен ақындық . . . . .	205
Махаббат мұны — «Сылқылдақ» . . . . .	214
Мезет сыры . . . . .	223
Сакиналы сонеттер . . . . .	232
Немерем үйктап жатқанда . . . . .	241

### АУДАРМАЛАР

Петраркан . . . . .	252
Шекспирден . . . . .	253
Дантеден . . . . .	254
«Дидары жайнап гүлденер» (Дантеден) . . . . .	255
Камоэнстен . . . . .	256
Дмитро Павлычкодан . . . . .	257

А. С. Пушкиннен . . . . .	258
Владимир Солоухиннен . . . . .	260
Расул Гамзатовтан . . . . .	261
«Жайылды жан түршігер салқын хабар» (Петраркадан) . . . . .	262
Альфред де Мюсседен . . . . .	263
Валерий Брюсовтан . . . . .	264
Адам Мицкевичтен . . . . .	265

# **КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ**

## **СЫРГАЛЫ СОНЕТТЕР**

*Сонеттер*

Сараышыс — *C. Нұржекеева*

Суретшісі — *H. Нұрмұхамбетов*

Көркемдеуші сараышыс — *H. Нұрмұхамбетов*

Техникалық сараышыс — *P. Винокурова*

Теруге 05.07.2001 жіберілді. Басуға 24.07.2001 кол койылды. Кағазы оффсет. Каріп түрі «Тип Таймс». Пішімі 70x100/32. Оффсеттік басылыс. Шартты бояу көлемі 11,2. Шартты баспа табагы 10,9. Есептік басылу табагы 7,24. Ұзын саны 1000 дана. Тапсырыс № 130. Келісімді бага.

Жауапкершілігі шектеулі «Жалын» баспа серіктестігі, 480009, Алматы қаласы, Абай данғылы, 143-үй.



«Кітап» баспа үйі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин данғылы, 93.  
Тел.: 42-36-31, 42-07-90, TOO\_Kitap @ mail.ru

Кәкімбек  
САЛЫҚОВ

СҮРГАЛЫ  
СОҢЕТТЕР

